Бұл қолжазбаны Тогай ханның інісі - сұлтан Өліақбар Түркістан қаласында мұсылманша 1228 жылы/біздің қазіргі санауымызша, шамамен 1813 жылы жаздырған болып отыр. Ол жөнінде қолжазбада мынадай хабар бар: «Таммат ар-рисалату Чингиз хан фи тарих санати 1228. Бу дана ‘ала йад ‘Абд аз-За’иб, факир ал-хақири ақл мин ал-қатим фи балдати Туркистан. Хамит ал-афат уа-т-тафсан би-л амри ‘Али Ақбар сұлтан зафар нишан Қарабаш Мұхаммад сұлтан». Қазақшасы «Осымен 1228 жылы Шыңғыс хан рисаласы аяқталды. [Бітіріп] бүтіннің бөлшегін қолға берген бейшара, міскін. Түркістан қаласы. Жаздыруышы Али Ақбар сұлтан Қарабас Мұхаммет сұлтаның ұлы».

Осы қолжазбаны жаздыруыш деп көрсетілген «Али Ақбар сұлтан Қарабас Мұхаммет сұлтан ұлы» деген кім?

Осы сұраққа жауап іздегенде алдымен қазақы дерекке - Майлықожа Сұлтанқожаұлының мына толғауына назар салайык:

Бұқар жұрты мақтаушы еді Тогай ханды,  
Нар қызыл ат тарқатқан талай жанды.  
Қоқан менен қоңырат ел жауласқанда  
Әлібекті хан сайлап тізгін салды.

Тогай хандай төре жоқ алған болған,  
Нар қызыл ат, ат қоймас қашқан қолдан.

Әліакбар інісі Тоғай ханның  
Атасы бір, анасы басқа болған.

Тоғайханнан Бұхарда қалған ұл бар  
Мұсралжаны болмады малға құмар [1. 205].

Сонымен Али Ақбар сұлтан Қарабас Мұхаммет сұлтан ұлы бірде Өлібек, бірде Әліакбар, бірде Әлекен деп аталған. Белгілі тарихшы И.В.Ерофееваның анықтауынша, кейбір деректерде оның есімі Джалекен деп те көрсетіледі [2. 95]. Қарабас Мұхаммет сұлтан туралы бір хабарды казак атаманы Дмитрий Телятников пен сержант Алексей Безносиковтың Ташкент билеушісі Жұнісқожаға 1796 жылдың мамыр айы мен – 1797 ж. шілде айында барғаны туралы журналында кездестірдік. 15 маусым күні Карабас сұлтан бастаған 30 шақты қарулы қазақтар келіп, Созақ елдімекені қасында Ташкент керуенін қоршап, алым-салық талап еткені жазылады. Онда Карабас қонырат болысының сұлтаны деп көрсетіледі [3. 172]. Әліакбардың туған ағасы Тоғай Түркістан қаласында XIX ғасырдың басында, яғни 1800 жылдардан бастап 1816 жылға дейін билік жүргізген соңғы қазақ ханы болып саналады. Бір деректер оның Бұқараға тәуелді болғанын жазады. Міржақып Дулаттың сөзімен айтқанда, «Сол кезде Бұқара үкіметінің сайлауы бойынша Түркістанды қазақ төресі Тоқай төре билеп тұр екен» [4. 42]. Тоғай ханның билігі Түркістан қаласымен қатар оның айналасындағы елдімекендерге, Ұлы жүздің сарығүсін тайпасының бір бөлігіне және Орта жүздің қоңыраттарына журді, шамамен 1820 жылдарға дейін қазақтардың біраз тобына хан болып қала берген деп санайды И.В. Ерофеева [2. 87]. Үрпақтары арасынан алынған мәліметтерге қарағанда Тоғай хан қазіргі Отырар ауданы Қарақоңыр ауылына жақын аймақта, Шейбан тоғай деген жерде дүние салыпты.

Әліакбар сұлтан қазақ халқы үшін қыындығы мол XIX ғасырда өмір сүрді. Қоқан хандығының әскері жасырынып келіп Түркістан қаласын басып алады. Тоғай хан қолынан келгенше қарсылық көрсеткенімен жеңіліс тауып, 1826 жылы қайтыс болады. Қазақтар Түркістаннан айырылып қалады. XIX ғасырдың ортасында Мырзахмет деген әкім басқарған қоқандықтар жергілікті халықты аяусыз қанайды. Зекет төлей алмаған қазақтардың балалары тартып алынып, құлдыққа сатылады. Мұсылмандыққа жат осындағы езгіге шыдай алмаған халық көтеріліске шықты. Жергілікті халық, дәлірек айтсақ, Ұлы жүздің

сарыуйсінің кейбір топтары, Орта жүздің қоныраты және қыпшақтардың бір бөлігі 1858 жылдың мамыр айында Тогай ханың туған інісі - сұлтан Әліакбарды хан етіп көтереді. Жаңа сайланған хан қоқандықтарға қарсы оңтүстік қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісін басқарады.

Әліакбар бастаған әскер қоқан әскерлерімен бірнеше мәрте соғысып, 1858 жылы Түркістан қаласын қоқандықтардан азат етуге әрекет жасайды. Жаңа сайланған хан өзінің туған ағасы Тоғайдың Түркістанда хан болғанын, қаланы 35 жыл бұрын қоқандықтар басып алғып оның ағасынан тартып алғанын алға тартып, Түркістан қаласын қазақтарға қайтаруды талаң етеді. Алайда қаланы басып алуга Түркістан ішінде қазақтың белгілі азаматтарын аманатқа алу да кедергі етті. Қоқандықтар Қожа Ахмет Ясауи басына зиярат жасауға келген қоныраттың билері Қоңыс датқа мен Ақсақ датқаны, Ұлы жүзден келген Қарақұл датқаны, қыпшақтың Тубақабыл атты жақсысын аманат ретінде ұстап отырды.

Әліакбар басқарған көтерілісшілер 15 мамырда қала бекіністеріне шабуыл жасайды. Алайда қоқандықтар әскери тұрғыдан басым болды. Зенбіректерден от шашып көтерілісшілерді атқылаң отырды. Қазақ әскері бір айдай Түркістанды қоршап тұрды. Бірақ оны басып ала алмады. З маусым күні Мырза Нияз басшылығымен Түркістандағы қоқан әскері қазақтардың қоршауын бұзып өтуге әрекет етеді. Алайда қоқандықтар үлкен шығынға ұшырайды. Кейбір мәліметтерге қарағанда қоқандықтар жағынан 500-800-ге дейін адам шығын болды. 1858 жылғы 20 маусымдағы орыс хабарламасында «хан конградский с своим ополчением и стоит еще под стенами Туркестана», яғни, «қонырат ханы» Әліакбар әлі де Түркістанды қоршап тұр деген хабар кездеседі.

Таяу арада қоқандықтарды жеңіп, олардың қамалдарын басып алуга мүмкіншілігі жоқ екенін түсінген Әліакбар өзіне қарасты халықпен Сырдарияның төменгі ағысына көшіп барып одақтастар іздейді. Орыстың генерал-губернаторы М.А. Катенинмен келіссөздер жүргізеді. Ал 1858 ж. тамыз айында Бұқара әмірі Насрулламен кездесіп одан көмек сұрайды. Алайда Бұқара билеушісі көмек беремін деген бос сөзбен шектеледі. Өкінішке орай, Әліакбардың кейінгі әмірі тарихшыларға беймәлім болып отыр. Кейбір тарихшылар ол бір-екі жылда дүние салды деп санайды. Қалай дегендे оның есімі 1859 ж. кейінгі тарихи күжаттарда кездеспейді. Әліакбар хронологиялық тұрғыдан алғып қараганда қазақ сайлаған ең соңғы хан болып тұр.

## М.Қожа, З.Жандарбек. Шыңғысхан мен қазақ хандары туралы...

Әліакбар шамамен 1858-1860 жылдары бір топ қазаққа хан болып шамамен 1860 жылы қайтыс болды деп санауға негіз бар.

Енді Әліакбар басқа түркідан танылыш отыр. Ол – 1813 жылы Шыңғысханнан тарайтын өз әuletінің шежіресін жаздыртқан қазақ сұлтаны. Қолжазбада сұлтан Әліакбардың Шыңғысханнан тарайтын шежіресі берілген. Онда Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек хан аталады: «Әзиз Жәнібек хан. Оның ұлы Жәдік хан. Оның ұлы Шығай хан» дедінген. Бұл XVII ғасырдың тарихшысы Қадырғали Жалаиридың «Жами ат-тауарихта» берілген шежіресіне сай келеді. Бірақ шығыс деректері Жәнібекті «Әзиз» деп атамайды. «Әзиз» атагы жайдан жай тіркелмесе керек. Қолжазбаның алғашқы бөлімінде «Аның ұлы - ‘Убайд хан. Аның ұлы – Қасым хан» деген жолдар бар. Қасым Жәнібек ханның баласы екені белгілі. Ал Әбілғазы Жәнібектің екінші аты Абу Саид екенін жазады [5. 114]. Сондықтан ‘Убайд хан дегенді Абу Саид деп түсінуіміз керек.

Жәнібектің тоғызынши баласы Жәдік болғаны мәлім. Оны шығыс деректері сұлтан деп атайды. Ал «Шыңғыс хан рисаласы» және Қадырғали Жалаири оны хан деп көрсетеді. Белгілі шежіреші Құрбанғали Халид те оны хан деп жазады. Сондықтан бұл мәселені де тереңірек зерттеу керек. Қадырғали би Жәдіктің шайқаста қайтыс болғанын жазады және оның қабірі Ургенч қаласындағы Бақырған атада деп көрсетеді.

Жәдік ханның ұлы Шығай қазақтың белгілі хандарының бірі еді. Өзбек ханы Абуллаға көмек бергені үшін ол Ходжент жерлерін иеленді. Әліақбар ұрпағы қолында сақталған қолжазба - «Шыңғыс хан рисоласы» бойынша «Шығай хан Самарқанд ... жатыр». Бұл да зерттеушілер тексеруге тиіс мәлімет. Себебі Қадырғали би Шығай хан Бұхара қаласы қасында қайтыс болған, оны Күміскент деген елдімекенге қойғанын хабарлайды. Т.И. Сұлтанов ол шамамен 1580-1582 жылдары билік құрған деп санайды [5. 118].

Шығайдың ұлы атақты қазақ ханы Есімхан Әліақбардың арғы бабасы болып табылады. Шежіреде «...Шығай хан. Оның ұлы Есім хан. Оның ұлы – Жәңгір хан. Оның ұлы Тәуеккел Мұхаммет баҳадүр хан. Оның ұлы – Әли шах. Оның ұлы – Шах Мұхаммет баҳадүр хан. Оның ұлы – Шах Саййид баҳадүр хан. Оның ұлы – Қарабас Мұхаммет сұлтан. Оның ұлы – Әлиақбар сұлтан» деп көрсетіледі. «Ишм (Есімхан) ұзын бойлы, денелі кісі болған соң «Еңсегей бойлы ер Есім» деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған» деп жазады шежіреші Құрбанғали Халид «Таурих Хамса» атты еңбегінде.

Соңғы кезге дейін Есім хан Түркістанда жерленген деп жазып келдік. Әліақбар хан ұрпақтары қолындағы «Шыңғыс хан рисаласы» бойынша «Ишим хан Ташкандта Шайх ан-Тахур бабада», яғни, Есімхан қабірі атақты Шайхантауырда жатқан болып шығады. Есімхан Түркістанда жерленді деп санауға XX ғасырдың басында жарияланған хабарлар негіз болған еді. Соның ішінде XX ғасырдың басында Түркістанда болған М.Е. Массонның жазбасы еді. Есім атты қазақта бірнеше хан болғаны мәлім. Тарихта осындай есімі, аты ұқсастықтан біраз шатасу туындалған отырып. Мысалы, Семеке ханның бір ұлының аты Есім және ол 1762-1770 жж. Түркістанда хан болып отырған [2. 81]. Нұралы ханның ұлкен баласының аты да Есім болған, ол да хан болған [2. 86].

Атақты Есім ханның Ташкентті өзіне бағындырғаны мәлім. Кейбір деректерде оның қасында шайхантауырлық қожа болғаны, оның ханның сенімді қызыметкері болғаны, оны елшілікке жібергені айтылады. Осы қосалқы мәліметтер Есім ханның Ташкентте жерленген дегенине қарсы келмейтін сияқты. Ташкент бір кездері Қазақ хандарының ордасы, астанасы болғаны тарихи шындық. Н.В. Кюнер аударған Қытайдың бір дерегінде мынадай хабар барын еске алуымыз қажет: «...казахский аймак считает столицей Ташигань (Ташкент), однако его князья и ханы зимой летом имеют свое место кочевья. Когда умирают, то их (прах) возвращается для погребения в Ташигань» [6. 326]. Шығыстанушы Т.И. Сұлтанов Есім ханның шамамен 1598-1613/14 жылдары бірінші мәрте, 1627-1628 жылдары екінші мәрте аға хан болғанын көрсетеді [7. 213-222].

Әліақбар хан ұрпақтары қолындағы «Шыңғыс хан рисаласы» бойынша «Жахангир хан, Тауакқал Мұхаммад Бахадур хан, Шах Мұхаммад Бахадур хан Түркістанда йатқан», яғни «Жәңгір хан, Тәуекkel Мұхаммет баҳадур хан, шах Мұхаммет баҳадұр хан Түркістанда жатыр». Бұл қазіргі зерттеушілердің аталған хандардың Түркістан қаласында жерленген деген пікірімен сай келеді. Шежіредегі «Жахангир ханымыз» атақты Жәңгір хан. Ол 1629-1652 жылдары билік еткен деп санайды Т.И. Сұлтанов [5. 120-121].

«Тәуекел Мұхаммет баҳадұр хан» деп атақты Тәуке ханды атаған, ол оның төл есімі болған. «Тәуекел Мұхаммет баҳадұр хан» деп құжаттарды қүәландыратын жеке мөрінде жазылыпты. Әліақбар хан ұрпақтары қолындағы қолжазбада кездесетін тағы бір аса маңызды тарихи мәлімет - Тәуке ханға Исфахан патшасының мылтық жіберуі туралы хабар: «Исфахан патшасы Шах Сүлеймен Тәуекkel Мұхаммет

бахадүр ханға сексен мылтық, сексен қылыш, екі тоғыз аргымакты сыйга тартты. Бәрі алтындалған». Зенбірек-мылтықпен қаруланған қалмақтармен соғысып жатқан қазақ ханына осындай аз да болса қарудың келуі үлкен көмек еді. Бұл Тәуке ханның халықаралық деңгейде абыройының жоғары екенін көрсетеді.

Тәуке хан билік басына 1651-52 жылдары келіп, 1715 жылы дүние салған. Шежіреде «Оның ұлы Әли шах. Оның ұлы – Шах Мұхаммет бахадүр хан» дөлінеді. И.В. Ерофеева Тәуkeniң екі баласын атайды. Бірі Болат, екіншісі Семеке. Әли шах деген баласын тарихшылар білмейді. Мүмкін ол Болаттың мұсылманды аты немесе бізге белгісіз болып келген ұлы болуы мүмкін.

Ал тарихи зерттеулерде Шах Мұхаммет бахадүр ханды әдетте Семеке деп таниды. Орыс деректерінде Шемаха, Шемяка деп те аталады. Ал ол жоғарыда айтқандай Тәуке ханның баласы, Жәңгір ханның немересі. Яғни Әліақбар хан ұрпақтары қолындағы «Шыңғыс хан рисаласы» шежіресінде көрсетілгендей Тәуkeniң ұлы Әли шах, ал оның ұлы – «Шах Мұхаммет бахадүр хан». Семеке Тәуkeniң немересі емес, төл баласы болған. Ерофеева деректер негізінде Шах Мұхаммет бахадүр хан, яғни Семеке хан билік басына 1724/25 жылдары келіп 1737/38 жылы қайтыс болған деп көрсетеді [2. 77].

«Шах Сайид бахадүр хан» тарихи әдебиетте, әдетте, Сеит деген атпен белгілі болған, ол – Семекенің үлкен ұлы. Одан басқа Семекенің Есім деген кіші ұлы белгілі. Ал Семекеұлы Сеит шамамен 1741-1745 жылдар аралығында Түркістанда хан болғанын И.В. Ерофеева көрсетеді. Кейде билікті Әбілмәмбет ханмен бөліскені туралы хабарлар бар. Семекенің үлкен баласын не себепті осылай аталғаны қолжазбада көрсетіледі: «Шах Сайид ат қою себебі, аналары Тарапенттің әек пірінің қызы еді. Сайид аты осыған байланысты қойылды». Ортагасырда сеіт қожаның қызын алу үлкен мәртебе саналған. Сеіттер Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы ретінде ортағасырлық дәуірде қатты қастерленген.

Сеіттің ұлы Қарабас Мұхаммет сұлтан. Алайда И.В. Ерофеева Қарабас сұлтанды Санхай сұлтанның баласы, Күшкітің немересі деп жазады [2. 95]. Біздің пікірімізше, осы қолжазбаны жаздырып отырған Әліақбар сұлтан арғы бабаларын шатастыrsa да туған атасына келгенде ақиқатын жаздырған деп ойлаймыз.

Сәкеұлы Зейлабдин, Абамұсілімұлы Өскенәлі жазған «Қараспандық төрелердің шежіресі» атты 2010 жылы жарық көрген кітапта Қарабас сұлтаннын жеті бала тарайды. Ал Тоғай ханнан бір

ғана ұл көрсетіліпті. Ал жоғарыдағы Майлықожаның айтуынша:

«Тоғайханнан Бұхарда қалған ұл бар  
Мусрапжаны болмады малға құмар».

Атақты ақынның Бұқарарада біраз ілім-білім алғып тұрғанын ескерсек, бұл дерекке сенуге болады.

Әрине, бұл қолжазбаны тарихи тұрғыдан көп зерттеу керек. Онда ерте дәуірлерге қатысты шатасулар біраз орын алғаны байқалады. Қолжазба «Шыңғыс ханның немересі Жошы ханның ұлы Сайын хан» деп басталады. Одан әрі «Оның ұлы Тоқай Темір» деп жазылған. Шындығында, Тоқай Темір Сайын-Батудың емес Жошының төл баласы.

Тарих ғылымында қазір қазақ хандарының шығу тегіне байланысты екі түрлі пікір қалыптасқан. Олардың бірі қазақ хандарын Тоқай Темірден, екіншісі Орда Еженнен таратады. Өкінішке орай, қолымыздығы қолжазба осы мәселеге қатысты нақты мәлімет бере алмай тұр. Мұнда Орда Ежен мүлде аталмайды, ал Тоқай Темір аталғанмен одан соң «оның ұлы - Көшкінші хан. Оның ұлы – Әбліхайыр хан» деп қазіргі ғылыми пікірге қайши келетін шатасу орын алған. Шындығында көшпелі өзбек мемлекетінің негізін қалаушы Әбліхайыр хан Жошының Шибан атты баласынан тараған. Құрбанғали Халид «Tauарих Хамса» атты еңбегінде «әйтсе де Тоғай Темур тұқымынан көп кісі билікке жеткен» деп көрсетеді. Расында, көптеген билеушілер, Қырым, Қажы Тархан хандары осы Тоқай Темірден тараған. Түркістанның соңғы ханы Тоғай хан есімін осы Жошының ұлы Тоқай Темір құрметіне қойылған деп болжам айтуға болатын сияқты.

Қорыта келгенде, тарих ғылымы үшін енді белгілі болып тұрған қолжазба - Әліакбар сұлтан тапсырысымен жазылған «Шыңғыс хан рисаласы» құнды тарихи шығарма болып табылады. Онда басқа деректерде кездеспейтін қазақ билеушілеріне қатысты тың мәліметтер бар, мысалы, Тәуке ханның Исфаханмен байланысы туралы хабары қызықты. «Шыңғыс хан рисаласында» кейір шатасуларға бой берілгенмен кейінгі қазақ хандары мен сұлтандардың шығу тегі, шежіресі туралы жазғандары сенімді. Әрине, ондағы мәліметтерді басқа деректермен мұқият салыстырып тексеріп отыру қажет.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Майлықожа Сұлтанқожаұлы. *Терме. Арнау*. Алматы: «Атамұра». 2010.
2. Ерофеева И.В. *Казахские ханы и ханские династии в XVIII - середине XIX вв.*

### **М.Қожа, З.Жандарбек. Шыңғысхан мен қазақ хандары туралы...**

- // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.). Алматы, 1997.
3. *Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным казахским степям. XVIII-XIX века* / История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Т.6. Алматы, 2007. С. 172.
  4. «Қазақ» газеті. Алматы, 1998.
  5. Султанов Т.И. *Кочевые племена Приаралья*. М., 1982.
  6. Абрамзон С.М. *Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи*. Ленинград, 1971.
  7. Султанов Т.И. *Поднятые на белой кошме. Потомки Чингис-хана*. М., 2001.

306.08

**ТЕГІН БІЛУ - ТЕКТІЛІК**  
KNOWLEDGE OF THE ANCESTRY OF THE NOBILITY

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ\*

**Тұйнідеме**

Автор мақалада түрік халықтарының ғана емес, бүкіл әлем халықтарының ортақ бастау тарихын қазіргі жетілген қоғамдық сананың талабына сай, дамыған ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып қайтадан зерделеу қажеттігін сөз етеді және ол туралы өз ойын білдіреді.

**Кілт сөздер:** көшкіншілер, тарих, генетика, эгоцентризм, Жаратушы, Ұлы Бірліктің тұпқасығы, тарихи-мәдени құндылықтар.

**Summary**

The author in the article expresses the idea of the need to rethink the common origins of the history not only of the Turkic peoples, but also the peoples of the world in accordance with the requirements of the development of social consciousness and building on the achievements of science.

**Keywords:** nomads, history, genetics, egocentrism, Creator, the foundation of the great unity, historical and cultural values.

Бастапқыда, кесіби тарихшы болмасам да, төл тарихты танып-білуді перзенттік парыз санап, тарих оқулықтары мен шығармаларын теріп оқып, «біз кімбіз, қайдан шықтық, қайда келдік, қалай келдік» деген тәріздес көкейде туындаған көп сұрапқа жауапты қиналмай-ақ бірден табамын гой деген үмітте болғам. Бірақ олай болмады. Арнайы ғылыми зерттеу институты шығарған академиялық еңбектерден де, жекелеген тарихшы ғалымдардың зерттеулерінен де, оқулықтардан да іздеңім табылмады. Ресми тарих «көшкінші халықтар» деп атандырған халықтардың қай-қайсысының да тарихын отырықшы елдердің біреуінің жазба дерегіне іліккен кезінен бастап, сол арқылы кейінгігі мәлім болған белгілі бір кезеңінің оқигаларын ғана баяндаса, жекелеген зерттеушілер сол тарих берген бас-аяғы жоқ белгілі бір кезеңінің үзік-үзік мәліметтерін талдау арқылы ой түйіп, өзіндік тұжырым жасаған болады. Бұлардан байырғы көшкінші халықтардың

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана-Қазақстан.  
Candidate of Philology a leading scientific researcher in the scientific research center of Turkology, Astana-Kazakhstan. E-mail: K.Salgara@mail.ru

бір де біреуінің қайдан пайда болғанын, кейін қайда кеткенін танып, білу мүмкін емес екен.

Қалай дегенде де, қазір жағдай өзгерді. Бұл күндері өзара түрлі халықтарға жіктеліп, әрқайсысы өз алдына жеке мемлекеттерін орнатып, сан алуан тілде сөйлеп, таным-түсініктеріне, наным-сеніміне қарай әртурлі дінді ұстанатын адамзат баласының бәрінің шыққан түпкі тегінің бір екеніне қазір жүргттың бәрі де ден қоя бастаған секілді. Бұған, өсіресе, генетика ғылымының соңғы жетістіктерінің бірі - ДНК (дезоксирибонуклейн қышқылы) тәсілі көмегімен молекулада жазылған адамзат баласының мұрагерлік ақпарат қазынасына еніп, жаратылыстың тылсым құпиясын ашуға мүмкіндік туттандырып, кейін, тіпті, көз жете түскендей. Сондай-ақ осы орайдағы зерттеулердің қорытындылары «адамзат баласының түпкі ататегі» деп танылған жан иелерінің жарық дүниенің дидарын алғаш көрген жері - «Оңтүстік Шығыс Африка» дегенді де айқындал беріп отыр<sup>1</sup>. Мұның сыртында, Ресейдің Н.И.Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының Илья Захаров бастаған ғалымдар тобының: «Әлемдегі қазіргі барлық адамзат баласы - он еркек пен он сегіз әйелден жаратылған, бүгінті жұмыр басты пенделердің бәрі солардың кейінгі өсіп-өнген ұрпақтары» [1], – деген ғылыми тұжырымдарын да және осы он еркек пен он сегіз әйелдің, түптеп келгенде, түрлі халықтардың ежелгі азыз-әңгімелері мен діни жазбаларында айтылатын: Адам-ата мен Хая-ананың (*Адам мен Еваниң*) балалары екендігін де әзірge ешкім теріске шығара қойған жоқ. Сонымен бірге зерттеу барысында қай халықтың нақты кімнен тарағанын анықтау мақсатында әлгі он сегіз әйелдің әрқайсысына генетик ғалымдардың өздері жеке-жеке есім беріп, соның «жетеуінен европалықтар, төртеуінен түрік-моңғол халықтары тараған» деген тұжырымдарын жалпы жүртқа жария еткеніне де біраз болды. Осы ғалымдардың болжамдары бойынша: Адам-ата мен Хая-ананың жер бетінде пайда болғанына, уақыт мерзімімен алғанда 200 мың жыл («80-85 мың жыл» дейтіндер де бар К.С.) откен көрінеді.

<sup>1</sup> Тајуда (21.11.2013) А.А. Клесовтың «Не выходили наши предки из Африки» деген мақаласы жарияланды. Онда мақаланың аты айтып тұрғандай, автор генетик ғалымдардың «адамзат баласының түпкегі Африкадан шықты» деген тұжырымымен көліспейді. Бірақ олардың адамзат баласының тегі бір – Адам-ата мен Хая-анадан жарапған деген тұжырымын теріске шығармайды. (К.С.)

Бұл ретте бүгінгі ғылым жетістігінің, яғни генетика ДНК-сы зерттеулерінің қорытындысы мен адамзат баласы ұрпағының жадында сақталып қалған мәліметтің бір-біріне дәл келіп, бірдей шығуы таңғаларлық құбылыс. Арада соншама уақыт өткенине, оның сыртында жадыны жаңылыстырап түрлі ағымдардың (*адамды маймылдан жаралған деген Ч. Дарвин ілімін еске алыңыз. К.С.*) болғанына қарамастан, адамзат баласы өзінің адамдық тегінің негізін ұмытпай, оны ұрпақтан ұрпаққа аманаттау арқылы сан мыңжылдықтардан аман алып шығып, бұл күнге жеткізген ғой! Таңқаларлық жағдай!.

Бұдан шығатын қорытынды: кімнің қалай дегеніне қарамастан, ең бастысы – біздің баршамыздың шыққан түп тегіміз бір, бәріміз бір ата, бір анадан тараған ұрпақ екендігіміз, бір-бірімізге бауыр, туыстығымыз. Біздің қазіргі таңда бір-бірімізді бөтенсіп: «біз бұлаймыз», «сендер олайсындар» деп көкірек керіп, өзара дауласып, жауласып жүруіміз бекершілік, адамдық бауырмалдыққа жат қылыш екен. Бірақ, ең ғажабы әрі өкініштісі – бір ата-анадан тараған бауырластардың осы жат қылыштың жетегінде кетіп, бір-бірімен алакөз болып жауласуы бүгіннен емес, тым әріден, сонау есте жоқ ескі замандардың өзінде-ақ басталыпты. Халықтың төл жады оны Адам-ата мен Хаяу-ананың тікелей ұрпағы Қабылдың (Каинның) Әбілді (Авельді) өлтіруінен басталғанын айғақтайды.

Қалай болғанда да, сол естен өшкен ескі замандарда-ақ Дельф храмының мәндайшасына айшықталып жазылған, кейін көнегректің адамзатқа ортақ ежелгі ойшылдары жаңғыртқан, қазіргі таңда, христиан эрасынан кейінгі үшінші мыңжылдықтың басында бүтінгі заман ақылмандардың адамзат баласының эволюциялық дамуын қалыптастырудың бір тетігі ретінде ұсынып отырған: «**Өзінді таны**» қағидасының мәні, түптеп келгенде, бір-біріне сабактаса жалғасып, өмір керуенін алға жалғастырап ұрпақттың осы жат қылыштың жетегінде кетпей, кезінде ес жиуына көмектесіп, оларды **Ұлы Бірліктің Тұңқазығына** оралту мақсатынан туындаған қажеттілік екенін көбіміз енді ғана ұғына бастағандаймыз.

Жер бетінде қыбырлаған жан иесінің әрқайсысына өзінше өмір сүруіне лайық қарым-қабылет сыйлағанда Жаратушы Иеміз Адамды басқалардан ерекшелеп, айрықша **Ақыл иесі етіп жаратып**, өзара түсінісіп, бір-біріне көмектесу арқылы жетілуі үшін ерекше **Тіл бергені** белгілі. Әлгі әулие ғұламалардың кезінде екі-ақ сөзбен түйіндел: «**Өзінді таны**» деп жөн көрсетіп, бағдар беруі, түптеп

келгенде, «Жаратушының осы берген артықшылығын бағалап, алдымен, өзінің Адам екенінді таны, мәнін ұқ, сол арқылы басқаларға, яғни хайуандарға да, макұлықтарға да ұқсамай, Адам болып өмір сүр» дегені еken гой! Басқаша айтқанда, бүгінгі жер басып жүрген жұмыр басты, екі аяқты пендениң қай-қайсысы үшін де өзінің адамдық болмысын танып, хайуандық әрекетке бармай, макұлықтық тірлік жасамай, Адам болып өмір сүруі - алдымен, Жаратушы алдындағы, содан кейін әркімнің өзі қауымдақсан төл Қоғамы алдындағы ең басты міндет, әрқайсысымыз үшін өтелуі тиіс парыз болмақ. Осы міндетті дұрыс атқарып, парызды адал өтеу арқылы Адам өзінің адамдық болмысынан ауытқымай, Ұлы Бірліктің Тұпқазығына кіндігінен берік байланатынға ұқсайды.

Қашанда жеке адам өмірінің мән-мағынасын айқындастырып тетік – сананы қалыптастырап таным-түсініктің сапалық деңгейі болса керек. Таным-түсінік жан-жақты жетіліп, дұрыс қалыптасса, саналылық деңгейі де солғұрлым жоғарылап, адам өмірі айтартықтай мазмұнды мәнге ие болмақ. Әр адам - өзі өскен ортаның жемісі. Сондықтан да жеке адамның саналылық деңгейі - сол өзі өскен ортаның таным-түсінігі деңгейінің шеңберінен шығып, ерекшелене бермейді (*Басқаша болу, яғни шеңберден шығып, өзіндік өзгеше саналық сапага ие болу* - жалпыға тән емес, ол тек туабітті айрықша жаратылған даралардың ениісінде. К.С.). Ал ортаның таным-түсінігінің дұрыс қалыптасуы – сол ортаны құрайтын адамдардың өздерінен бұрын тірлік кешкендердің өмір тәжірибесін мейлінше толық, қапысыз меңгеруіне, жақсысынан үлгі-өнеге алып, оны одан әрі жетілдіруіне; жаманынан сабак алып, оны қайта болдырмауына тікелей байланысты. Бұл ретте **бәрімізге ұлы ұстаз - Тарих**. Өйткені тарих дегеннің өзі біздің баршамыздың атабабалармыздың откен өмірі, бастан кешкен оқигалары мен атқарған іс-әрекеттерінің шежіресі гой. Адамсыз жерде тарих жоқ. Біздің ататегіміз кім, қайдан пайда болып, қайда, қалай тарады, барған жерінде не істеп, не қойды - соның бәрін бүгінгі бізге танытатын осы шежіре, осы тарих. **Сондықтан шежіре-тарихқа терендей үніліп, оны зерттеудің де, жазып жалпы жүртқа жариялаудың да пенделік пігілдің ада, першітелік тазальқпен, Ақиқаттан ауытқымас Адалдықпен атқарылуы басты шарт.** Өйткені шынайы жазылған тарих қана дұрыс таным-түсінікті қалыптастырып, адам санасын жетілдіреді, ал жалған тарих таным-түсінікті шатыстырып, үрпақтың өз тірлігінде жаңылысты шалыс қадамдар жасауына

себепші болады. Біздің пайымдауымызша, бұғінгі таңда сан алуан халыққа жіктеліп, түрлі мемлекеттер құрап отырган адамзат баласының тарапынан жер-жерде жасалынып жатқан теріс әрекеттердің бәрі - сол жалған тарих қалыптастырыган танымтүсініктің зардапты нәтижесі. Өр заманның өз ортасынан оза шыққан ақыл иелерінің әр кезеңде «өзінді таны» қағидасына қайыра оралып, үрпағынан адамдық негізінен, табиғи мәнінен ажырамауды, ауытқымауды талап етулерлері де осыны жете білгендейтерінен болса керек.

Біздің тарих, яғни Адамзат Тарихы, егер қолды жүрекке қойып, шындығын айтсақ, кезінде түрлі әгоцентризмнің (*кезінде тәуелді елдердің халықтарын құлға айналдырып қорлаган, кейін гылыми-техникалық деңгейі бойынша адамзаттың өзге бөлегін артта қалдырып, әлемдік өркениет сахнасына шыққан, соган орай гылымга ықпалын жүргізіп келген **евроцентризмнің**; өздерінен басқаның бәрін екінші сортты халық санап, өздерін дәріптеген көнеқытайлықтардың, терминдік тұсауын шығыстануышы ғалым, академик Н. Конрад кескен **азиатентризмнің**; ұлыорыстық идеяның туын көтерген **русоцентризмнің**) зардабына ұшыраған, жалғандығы мен жасандылығы басым, ақауы мол тарих, сыңаржақ солақай көзқарастардың жетегінде көп қияннатты бастан кешкен тарих. Бұл қиянат және тым ерте заманнан, өркениетке өзгелерден бұрын қол жеткізген адамзат баласының бір белгінің менмен астамшылығымен ерекшеленіп, өздерін басқалардан жоғары ұстап, жаратылсы бір қандас бауырластарын іштей жікте, «біз және басқалар» деп бөлектенүінен басталған. Мұны ғылым тілінде «әгоцентризм» деген жөн болар.*

Осылар жаратылған тегі бір адамзат баласын іштей екіге жарып, бірін **«тарихи халықтар»**, екіншісін **«тарихи емес халықтар»** деп атандырып, бұлардың алдыңғысын **«мәдениетті, өркениетті жасауға қабылеттілер»**, ал соңғысын осы қабылеттілердің жасағанын **«бұлдіруші»**, қолынан қиратудан, тонаудан басқа ештеме келмейтін **«жабайылар, тағылар»** деген ұғымды қалыптастырды. Осы ұғым, осы жіктеу кейін қоғамның дамуына, сананың жетілуіне орай өзгертіліп, тарихтық термин ретінде бұрынғы тарихи халықтар **«отырықшылар»**, тарихи емес халықтар **«көшкіншілер»** деген атауларға ауыстырылғанымен, олардың атаулық мәні, таным-түсініктік ұғымы сол қалпынша қалды: отырықшылар - мәдениеттілер, өркениеттілер; көшкіншілер -

жабайылар, тағылар. Осының салдарынан күні бүгінге дейін «қөшкіншілер» деген ұғымның аясына енетін байырғы халықтардың бір де біреуінің бастау тарихы тарихшы ғалымдар тарапынан ғылыми түрғыда арнайы зерттеліп, анықталған емес.

Шындықты мойындаған жөн. Ертелі-кеш тарихқа аты мәлім болған кез келген көшкінші халықтың қай-қайсысының да тарихы тек әр кезде солармен байланысқа шыққан көрші отырықшы бір елдің жазба дерегіне іліккен күнінен ғана басталған. Бұған дейін олар қайда болды, не істеп, не қойды, оны түбірлей қаузап, мақсатты түрде зерттеу - бұрын да болмаған, қазір де жоқ, бұлай істеу жалпы дәстүрге енбеген. Бұл халықтардың бастау тарихы жан-жақты дұрыс зерттеліп, кімнің кім екенінің басы ашылып, анықталмағандықтан, олардың кейінгі тарихы да құрдымға құйылған судай, із-түзсіз жоғалып кете барады. Бұған «Ау, бұл қалай?» деп сұрау салып жатқан жан және жоқ. Айтылғанға айтақ ретінде, оқырмандардың өздері сараптап байқауы үшін, мысалға, сонау жадымыздан өшірілген есте жоқ ескі заманда терістіктен онтүстіктегі ежелгі өркениет елдерінің жеріне әр кезеңде толқын-толқын болып құйылған шумер, хет, гиксос, этрускілер секілді тым ескі заманың ежелгі халықтарына қараганда өзімізге біршама белгілі, азды-көпті дерегі бар деп есептелінетін кейінгі көшкіншілердің тарихтарын айтсақ та болады. Солардың кейбірінің ресми тарих дерегі бойынша жүртқа мәлім өмір сүрген кезеңдері мынандай:

Киммерийлер – х.э. дейінгі 1000 – 700 жылдар аралығы;

Скифтер – х.э. дейінгі 700 – 200 жылдар аралығы;

Сарматтар – х.э. дейінгі 200 – х.э. кейінгі 200 жылдар аралығы;

Ғұндар (*Сиуңулар*) – х.э. дейінгі III ғасырдан – х.э. кейінгі I ғасырға дейінгі аралық;

Сиән билер – х.э. кейінгі I – II ғасырлар аралығы;

Готтар – х.э. кейінгі 200 – 370 жылдар аралығы;

Гунндар - х.э. кейінгі 370 - 454 жылдар аралығы;

Жынужандар – х.э. кейінгі 391 – 552 жылдар аралығы;

Түріктер – х.э. кейінгі 545 – 742 жылдар аралығы,

Аварлар – х.э. кейінгі 558 - 650 жылдар аралығы;

Еділ болгарлары – х.э. кейінгі 650 - 737 жылдар аралығы;

Печенегтер, торктар, берендейлер - х.э. кейінгі IX – XI ғасырлар аралығы;

Қыпшақтар - XI – XII ғасырлар аралығы...

Осылай жалғастыра беруге болады. Осылардың қай-

қайсысының да халықтық тарихының қайдан, қалай басталғаны және олардың кейін халық ретінде қайда кеткені жөнінде қазіргі бар ресми тарихтан ешқандай нақты мағлұмат таппайсыз. Өйткені олардың қай-қайсысы да белгілі бір кезеңде ғайыптаң пайда болып, мынау Ұлы Дала кеңістігінде өз алдарына дербес іргелі мемлекет құрып, бірер ғасыр таласты-тартысты ғұмыр кешіп, содан кейін бейне «Мың бір тұн» ертегісіндегі дию-перілер секілді жер бетінен ізім-қайым жоқ болады. Олар қайда кетті: көкке ұшты ма, жер жұтты ма, әлде табиғи бір апатқа ұшырап, қырғын тапты ма? Ол жағы - беймәлім, шешілмеген жұмбақ. Нақты жауап жоқ. Еш жерден өзара бір-біріне табиғи сабактасып жалғаса дамып жатқан не ұрпақтар, не оқиғалар жалғастығын көрмейсіз, бары: бас-аяғы жоқ, үзік-үзік құранды деректер жиынтығы. Мұның өзі және отырықшы елдердің жазба мұраларына іліккендегі жөніндегісі, ал ілікпегендерінің жалпы өмірде болған, болмағаны да белгісіз, атаусыз қала береді. Оны іздеуші де жоқ. **Осының бәрі адамзат баласы тарихының әу бастан тек еуропалық таным-түсінік негізінде жазылуының, еуропалық таным-түсінікке келмейтіндердің бәрін жабайылыққа жатқызууды әдетке айналдырудың зиянды зардабы болса керек.**

Осы зардаптың тауқыметін ерекше тартқан, әсіресе, түріктектес халықтардың тарихы. Әу бастан кімнің кім екені ғылыми тұрғыдан сараланып, жан-жақты зерттелмегендіктен, әлемнің ежелгі халықтарының бірі – осы түрік халықтары Орхон-Енесай ескерткіштері жазбаларының кілті табылған кешегі күнге дейін, яғни XIX ғасырдың аяғына дейін ғалымдар тарапынан зерттеу нысанына айналмай, назардан мұлде тыс қалып келді. Ғылым адамзат баласының тектік құрамын: «еуропеоид», «монголоид», «негроид» деп үшке бөлгенде, түріктектес халықтардың осының монголоидына жатқызылуы да содан болатын. **Өйткені әлем ғалымдары ол кезде бүгінгі түріктектес халықтардың бәрін «монголтектес» деп ұғынып келді.** Сол себепті де олар осы монголдың өзінің түріктектес халықтардың бір бұтағы екенін білмеді, білгісі келген де жоқ. Жетілген ғылым жетістіктерінің нәтижесінде басқаша ойлай бастағанымыз тек қазір ғана. Оған дейін ресми тарих ғылымының түріктерді «христиан әрасынан кейінгі VI ғасырда пайда болған халық» деп танып, соны мойындастып келгені баршаға аян.

Алайда жекелеген ғалымдар тарапынан ғылымның бұл тұжырымына келіспеушілер қай кезде де болғанымен, ғылымға еркін араласқан саясат олардың үнін шығартпады, көпке естіртпеді. Сол

## Қ.Салғараұлы. Тегін білу – тектілік.

себепті айтылған ой айтылған жерінде, жазылған пікір жазылған жерінде қалып келді. Тек өткен XX ғасырдың аяғында генетикағылымының соңғы жетістіктерінің бірі - ДНК тәсілі көмегімен жүргізілген зерттеулер нәтижесі олардың үнін естүге мүмкіндік берді. Сол ДНК генеалогиялық зерттеу қорытындысына жүгінсек, х. э. дейінгі 35-25 мың жылдар шамасында шығыс халықтарының әлі **Q<sup>2</sup>** мен **R<sup>3</sup>** тектік тобына бөлінбей, бәрінің ортақ **P** тектік тобында жүргенін айтады. Осыған қарап, сол кезде олардың тілдері де бөлінбеген, бәрі ортақ бір тілде сөйлеген деген тұжырым жасалады (*Клесов А.А. Үнді-europa мен түрік тілдері семьясының өзара қатынасындағы негізгі жұмбақтар және оны генеалогия ДНК-сы көмегімен шешүгे талпыныс. народ 2 ru*). Ал бұл өз тарапынан бізге осы шыққан тегі ортақ, сөйлеген тілі ортақ **P** тектік тобының құрамында жүрген халықтардың адамзат баласының бастау тарихына қатысы барлығын және олардың түріктектес халықтардан екенін білуімізге мүмкіндік береді. Өйткені осы **P** тектік тобына жататындардың, яғни х. э. дейінгі 35-25 мың жылдар шамасында Беринг бұғазы арқылы Америка құрылышына өткен қазіргі американық үндістердің арғы ата-бабаларының тұптегінің түріктектес халықтардан екенін Американың Калифорния университеті мен Ресейдің Вавилов атындағы генетика институтының ғалымдары генеалогия ДНК-сы тәсілі арқылы анықтап, ғылыми ортаны мойындағы отырғаны белгілі. **Мұның бәрі, сайып келгенде, ортақ бастау тарихымыздың адамзат ғұмырнамасының үш тағанының бірінсіз, яғни түрік халықтарының тарихынсыз жазылғанын көрсетеді.** «Әлем тарихының» («Всемирная история») ежелгі заманға арналған томдарында түріктектес халықтардың ата-бабалары жөнінде бір ауыз сөз айтылмауы соның айғағы. Қалай дегендеге де, бұл ретте, қазіргі таңда жер бетінде «түріктектес» деп танылған халықтардың 130 миллионнан астам ұрпағы [2] өмір сүріп жатқаны да және олардың гайыптан пайда болмаганы да шындық қой.

Біздің пайымдауымызша, қазіргі реєсми тарих ғылымының басты кемшілігі де, тарихшыларымыздың ең басты қателігі де осы түрік халықтарының тарихын әу бастан зерттеу нысанына айналдырмай, назардан тыс қалдыруынан басталады. Адамзат

<sup>2</sup> Q -сібір халықтары мен монгол тайпаларының шыққан тегін білдіретін тектік топ.

<sup>3</sup> R - RIIa және RIIb тектік топтарының бірлестігін білдіретін тектік топ.

баласының ежелгі тарихының түріктекес<sup>4</sup> халықтардың тарихынсыз жазылуы - шындыққа, тарихқа жасалынған үлкен қиянат. Сондықтан қазіргі ғылым жетістігінің мүмкіндігін пайдаланып, жабыла еңбектеніп, қателікті түзеу, жасалынған қияннантың зардабын жою бәрімізге ортақ парыз. Ол үшін, әрине, әуелі неліктен осылай болғанының себебін анықтап, біліп алу қажет.

Тарихшылардың мұндай қателікке ұрынуының басты себебі, бұрын да талай айтқанбыз, қазір де қайталап айтуға тұра келеді, көшкінші халықтардың бәрін бірдей «жабайылар» деп есептеп, олардың тарихын зерттеусіз қалдыруынан; оны адамзат тарихының бір бөлегі деп қабылдамауынан; соның салдарынан түрік халықтарының тұтас тарихын төл болмысында танып-біле алмаудан өрбиді. Өйткені қазіргі тарихшылардың барлығы да түрік халықтарын, жоғарыда айтқандай, «х.э. кейінгі VI ғасырда Алтайда пайда болған жас халық» деп қана біледі. Соған орай олар «бұдан бұрын түрік халықтарының болуы мүмкін емес» деп есептеді. Тарихи сана солай қалыптасқан. Ресми тарих ғылыми солай мойыннатқан.

Мұндай танымның «ғылыми» тұрғыда қалыптасуына қытайдың әулеттік шежірелерінің бірі – «Вэйшуда» жазылған: «көшкінші халықтардың «Тугю» деп аталған бір бөлігінің х.э. кейінгі 552 жылы Шығыста жаңа бір далалық мемлекеттің шаңырағын көтергені» жөніндегі деректің негіз болғаны белгілі. Ал XIX ғасырдың аяқ кезінде Дат ғалымы В. Томсен Орхон дариясы бойынан табылған тас жазудың («Күлтегін ескерткішіндегі жазудың. К.С.») кілтін тауып, оқығаннан кейін әліпі мемлекеттің қытайша берілген «Тугю» деген атауының «Түрік» екені анықталып, әлем жүртішілік сол арқылы ортағасырда Шығыста «Түрік» деп аталатын бір халықтың болғанын, солардың өз алдына іргелі ірі мемлекет құрғанын білді.

Осыдан кейін гана барып, шығыстанушы ғалымдар Түрік мемлекетін ғылыми тұрғыда танып-білуге ден қойып, жабыла зерттеуге кірісті. Соның нәтижесінде тарихқа тұңғыш рет: «Түрік халқы», «Түрік мемлекеті», «Түрік өркениеті», «Түрік жазуы» деген секілді жаңа ұғымдар енді. Бұган дейін шығыстағы бұл

---

<sup>4</sup> Бұл арада «түрік», «түріктекес» дегендердің шартты атау екенін есте ұстаған жән. Өйткені көзден кетіп, көнілден ешірілген ескі замандарда бұл атаулардың болғанын айғақтайтын әзірге нақты дерек жок. Бірақ, солай дегенмен, бүгінгі «түрік тілі» деп аталған тілмен сейлеген адамдардың, тайпалардың, халықтардың сол ескі замандарда болғаны, өзгелермен бірге өмір сүргені көміл және олардың бүгінгі «түріктекес» деп аталатындардың аргы ата-бабалары екеніне де дау болмаса керек. К.С.

**халықтар тек «монголтекестер» деп танылыш келсе, енді оларды «түрік-монгол халықтары» деп атау қалыптасты.** Ресми тарих ғылымының түріктерді «х.э. кейінгі VI ғасырда Алтайда пайда болған жас халық» деген тұжырымды ғылыми айналымға енгізуі де, міне, осыдан кейін болған «жаңалық».

Бірақ қалыптасқан «дәстүр» бойынша: үшмыңжылдық жазба тарихы бар қытайдың жазба деректерінің бір де бірінде бұған дейін, яғни х.э. кейінгі VI ғасырга дейін еш жерде (*мейлі қытайша «түгю» деген атауымен болса да*) аты, ең болмаса, бір рет те кездеспейтін «түрік» деген халық қайdan пайда болды, қайdan келді, қалай келді, олар қытай шегарасында неғып жүр, бұлардың ата-бабалары кімдер еді?» деген мәселеге ешкім назар аударған жоқ. Өйткені ғылымға үстемдігін жүргізіп келген саясат солай болуын қалады. Алайда мұндай «ғылыми» тұжырымдама сол қалаудың құдыретімен ғылымға енсе де, кез келген сауатты сананы бәрібір қанағаттандыра алмағаны аян. Өйткені жер бетінде әр кезеңде әр түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты жаңа мемлекеттердің пайда болып, өз алдына жеке шаңырақ көтеріп жататындығы өмірде бар шындық болғанымен, оны құрушулыардың жаңадан пайда болмайтыны, оны мына жарық дүние дидарында бұрыннан тіршілік етіп келе жатқан адамдардың белгілі бір өкілдері құратыны ақиқат. Сол секілді VI ғасырда Шығыста «Түрік» атты әйгілі мемлекеттің іргесін қалап, шаңырағын көтергендердің де ғайыптан пайда болмағаны дәлелдеп жатуды керек етпейтін шындық. Олай болса, сонда бұлар кімдер? Бұған дейін қытай жазбаларында да, басқа дереккөздерінде де кездеспейтін «түрік» (*«түгю»*) атауы қайdan шықты? Ғылым үшін де, кейінгі үрпақ үшін де бұл сұрақтарға нақты жауап берілуі керек еді. Бірақ, өкінішке қарай, оған жауап бермек түгілі, оны ескеріп, елеген де жан болған жоқ.

Қолда бар тарихқа жүгінсек, **далалықтар дәстүрі бойынша** жаңадан құрылған мемлекеттің аты әдетте сол мемлекетті құруға үйіткі болған жетекші тайпаның атымен аталады. (*Мысалы, «Қырғыз қаганаты», «Үйгыр қаганаты», «Түргеш қаганаты», «Қарлұғ қаганаты* деген сияқты). Жаңа мемлекеттің «түрік» аталуында да осы дәстүр жалғасқан болар деуге, кейінгі зерттеулерден белгілі болғанындей, аталмыш Түрік қаганатын құрушулыардың арасында мемлекеттің және оның халқын «түрік» деп атауга негіз болды деуге мүмкіндік беретін түрік аттас не тайпа, не ру жоқ. Сондай-ақ көшкіншілер дәстүрінде сирек те болса кездесіп қалатындей, ел

басшыларының бірінің есімімен аталған шығар дейін десең, тіпті, ол кездегі Түрік қағанаты басшыларының арасында да «түрік» есімді ешкім кездеспейді. Сонда орта ғасырда жаңадан құрылған осы мемлекет пен оның халқының түрік аталуына не себеп? Қандай тарихи негіз бар? Оларды сырттан ауып келген бөгде халық дейтін дерек тағы жоқ.

Бұл сауалдарға да қазіргі қолда бар ресми тарихта та жауап берілмейді. Туралиғына жүгінсек, жауап болуы да мүмкін емес еді. Өйткені бұған дейінгі еуроцентризм ықпалында болған ғылым да, русоцентризмді өзек еткен советтік идеология да оған жауап іздеуді қажетсінбеді. Керісінше, қазіргі таңда түрлі мемлекет құрамында өмір сүріп жатқан түріктектес халықтардың өзінің тұptегін танып, бірігіп кетпесі үшін түріктерді кеше пайда болған жас халық ретінде қорсетіп, олардың баянғы өздері қолдан жасап, «тігіп» берген «жабайылар» құркесінен шықпауына мүдделі болды. Сол мақсатта олар түрік халықтарының тұқымтегін анықтап, тарихын зерделеудің орнына, тіпті, әлгі «түрік» деген атаудың өзін түрлі құйтырқыға салып, құбылта бөлшектеп, халықтық атаудың (этонимнің) бірлікке, тұстастыққа ұйыттар ұғымдық мәнін мейлінше әлсіретіп: «түрік», «туркі», «көк түрік» («турок», «турк», «туркют») деп телімдеп жіберуге күш салды. Осы тәріздес ғылымға жат әрекеттердің салдарынан түрік халықтарының бастау тарихы зерттеусіз қалып, адамзат баласының ортақ тарихында жер бетінен із-түзсіз жоғалып, «ғайып болған халықтар» мен оқылғанымен кімнің мұрасы екені анықталмаған «танылмаган жазулардың» ұзақ тізбегі пайда болды. Шындығында бұл «ғайып болған халықтар» бүгінгі түріктектес халықтардың арғы атабабалары, ал «танылмаган жазулар» солардан қалған жазба мұралар еді (Бұған кейін арнайы тоқталамыз. К.С.). Осының бәрі, тұptеп келгенде, бір түрік халықтарының ғана емес, бүкіл әлем халықтарының ортақ бастау тарихын қазіргі жетілген қоғамдық сананың талабына сай, дамыған ғылымның жетістіктеріне сүйене отырып қайтадан зерделеуді қажет етеді.

Шынтуайтқа келгенде, бұл бүгін ғана белгілі болып, айтылып отырған мәселе емес. Халықтануға қатысы бар ғылым салаларының кейбір маман ғалымдары бұдан бұрында әр кезеңде осындай ойлардың ұштығын шығарып, өз тұжырымдарын дәлелдер мифологиялық, археологиялық, лингвистикалық, этнографиялық, антропологиялық, тарихтық айғақтарды әрқайсысы өз мамандықтарына қарай әркез-әркез

алға тартып келгені белгілі. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, ғылымға еркін араласып кеткен саясат олардың бұл ойларының ескерілуіне, ғылыми айналымға енуіне жол бермеді. Сондықтан олардың бұл ойларын ғылыми тұрғыдан таразылап, одан әрі қаузаган да ешкім болмады. Оны саясат ықпалындағы ғылым да керек етпеді. Біздің де әр кезде жазылған: «Алтын тамыр», «Көмбे», «Қазақтың қылышархы», «Қазақтар», «Ұлы қағанат», «Ежелгі түріктер», «Шығыстағы түріктер», «Ортағасырлық түріктер», «Мыңғұл мен монгол және үш Шыңғыс» секілді еңбектеріміз де осындай күй кешіп, осы бағытта айтылған жақалықты ой-тұжырымдар ғылыми ортаның назарына ілікпей, ескерусіз қалды, «мәу» деген бір жан табылмады. (*Бұган, бәлкім, бұл еңбектердің тек қазақ тілінде жазылғаны да себепкер болған шығар. Өйткені Қазақстанда көне дәуір тарихын түбегейлі зерттеп жүрген білікті маман да жоқ қой. Қ. С.*). Бірақ, осылай еken деп, ізденісті тоқтатқымыз жоқ. Шамамыз келгенше ежелгі ескі заманың ескерусіз қалған тұстарына үңіліп, өткеннің шынайы болмысын танып–білуге аз да болса өзіндік үлес қосуды парыз деп білдік. Осы ниетімізге қарай, бір қуанарлығы, қазір ізденген жанға бағыт–бағдар берер мүмкіндіктер де тұа бастады.

Бұл орайда, алдымен, бұрынғы моногениzm мен полигениzm жөніндегі ғалымдар арасындағы ұзаққа созылған таласты дауға генетика ғылымының нүкте қойып, адамзат баласының бір тектен жаратылғанын дәлелдеп, бүгінгі жер басып жүрген бүкіл адамзат баласының ең арғы түпкітегі бір жерде – Африканың күнгей шығысында пайды болып, сол арадан өсіп-өніп, әлемнің әр тарағына тарағанын анықтағанын айтуда болар еді. Ал бұл өз тарапынан әу баста үйірлестік негізде өзара топ құрып, терімшілікті кәсіп еткен арғы ата-бабаларымыздың содан кейінгі сан мыңжылдықтар арқылы өрнектелетін ұзақ ғұмырының саналы адами бастауының осы бір өңірден басталып, кейін Жерорта теңізінің жағалауына қарай өркен жайғанын пайымдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты олардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз еткен тілдік қорының алғашқы негізі де осы өңірлерде қаланып, аталық-әулеттік негізде қалыптасқан рулық-тайпалық жүйенің тұсауы да осы Жерорта теңізінің төнірегінде кесілген деуге негіз бар. Ал эволюциялық даму барысында осыдан кейін рулық, тайпалық бірлестіктердің пайды болып, олардан ретті кезегімен бектіктердің, хандықтардың, қағандықтардың, ұлыстардың, ұлығ ұлыстардың (*кінәздейктердің, қаламемлекеттердің, королдіктердің, патшалықтардың, империялардың*)

құрылғаны және олардың бұған жеткенше құлы-құлы оқиғаларға толы бірнеше бірігулер мен ыдырауларды бастан өткери арқылы талай мыңжылдықтардың асуынан өткені тарихтан белгілі.

Бір негізден жарапып, шартарапқа өркен жайған адамзат баласының бұлайша түрлі иеліктерге бөлінуі, соның нәтижесінде бір-бірінен оқшашулағанып, жеке-жеке өмір сүрулері - оларды бірте-бірте әуелгі тектік тұтастығынан ажыратып, бөлініп барып, кейінгі бауыр басқан жерлерінің табиғатына, ауа райына, соған бейімделген күнкөріс кәсібіне қарай өзіндік өмір сүру салтын қалыптастырған түрлі халықтардың пайда болуын қамтамасыз еткені сана мойындар шындық. Бұл, өз тарапынан, олардың түп бастаудағы тіл ортақтастығына да елеулі ықпалын тигізіп, түрлі өзгерістерге ұшырау арқылы қалыптасқан әр халықтың өзіндік тілін өмірге әкелгені тағы аян. Қазіргі таңдағы жер бетінде өмір сүріп жатқан сан алуан халықтар мен олардың тілдері - табиғи-тариҳи жағдайларға қарай пайда болған сол өзгерістердің бүтінгі жемісі.

Адамзат баласының кіндік кескен өнірінен өсіп-өніп, жан-жаққа таралу үдерісі – бір бағытта, бір қалыпта өтпегені де түсінікті. Сан мыңжылдықтар ішінде сан қайталанған бірігулер мен ыдыраулар, басқыншылық соғыстар мен әйгілі қоныс аударулар тудырған сапырылыштар бұған өз ықпалын тигізіп, өз түзетулерін енгізіп отырғаны және шындық. Бүтінгі «түріктектес» деп танылған халықтардың ата-бабаларының да осындай өзгерістерге толы соқтықпалы соқпағы көп ұзақ жолды бастан өткергені даусыз. Біздің міндет – түрік халықтары жүріп өткен осы ұзақ жолдың тарихын мүмкіндігінше өз болмысында танып-білуге ұмтылу болмақ.

Солай дейтүрғанмен, түрік халықтарының бастау тарихын адамзат баласының бастау тарихымен сабақтастырып, тамырластыра тарату да, оған тарихи санағы басқаша қалыптасқан бүтінгі оқырманды сендіру де оңай шаруа емес екені анық. Айтқандарыңа айғақ, көнелікке куәлік талап етіледі. Қиындық та осында. Өйткені естен өшкен ескі замандар оқиғаларының шындығын алға жайып көрсетер қолымызда көшкіншілердің өзінен қалған жазба деректер де, айғақ етіп алға тартар материалдық мұралар да жоқтың қасы.

Бірақ, соған қарамастан, ізденгеннің ізгі ниетін жүзеге асыруға көмегі тиер, білімді зерденің талдау тануына талшық етуге мүмкіндік берер мағлұматтардың ұшырасып қалатының да жоққа шыгаруға болмайды. Бұл ретте ел жадында жатталып, үрпақтан үрпаққа ұласып, кейінгіге жеткен әр халықтың өз ауызша тарихының, мифтік әңгімелер

мен аңыздары дерегінің, тілдік мұралардың, археологиялық қазба материалдардың берері аз емес. Тек соны сараптай білер сана, көре білер көкірек көзі болсын деңіз. Бұл ретте, ең бастысы, зерттеушінің де, оқырманның да қалыптасқан қағидалар шектеуінен шығып, «түріктердің де ежелгі халық болуы мүмкін-ау» деген ойды бір сәтке болса да санасына қонақтата алуы шарт. Олай болмаған күнде «түріктердің х.э. кейінгі VI ғасырдан бұрын болуы мүмкін емес» деген санада қалыптасқан соқыр сенім жоқты табуға, барды көрге жол бермейді, ескі сүрлеуден шығармайды, айтқаныңды қабылдауға мүмкіндік бермейді.

Осыған орай, неге болсын тек экономикалық пайдалылығы түрғысынан қарап, «уақыт–алтын» деп есептелінетін мына қарбаласы мол қауырт заманда тарихты өздері танып, түсінуге мүмкіндігі аз оқырманға осы бағытта алда айтылар ойларымыздың төбеден түскендей тосындық танытпауы үшін, оларға, алдымен, тарихи деректерге дендер, оларды талдамас бұрын ежелгі дүниенің ескі карталарын зерделей қарап, ондағы байырғы өркениет ошақтары орналасқан өнірлердегі белгіленген елдік атаулар мен жер-су атауларына байыптай назар аударуды ұсынар едік. Сонда олар әлті атаулардың (этнонимдердің, топонимдердің, гидронимдердің) арасынан толып жатқан таза түріктік ұғымдағы атауларды өз көздерімен көрер еді. Көрген соң, сөз жоқ, «ау, кene заманда түріктер болмаса, сонау христиан эрасынан бұрынғы төртмыңыншы-ұшмыңыншы жылдарда Онтүстік Еуропа, Египет, Алдыңғы және Кіші Азия жерлерінде бұл атаулар қайдан пайда болған» деген ойға қалайда кідіріс табар еді. Әсіресе, адамзат баласы салған қалалардың ең көнесі деп танылған екі қаланың бірдей «Йер-қон» («Жерге қон») аталуы және оның біреуінің көне Палестина жерінде, екіншісінің Африкада, атақты Ніл дариясының орта ағысында (ертеде гректер Египетті жауап алғаннан кейін бұл қала «Йерқонполь» аталған. Қ.С.) орналасқанына қарамастан, аттарының сонау Шығыстағы Алтай түріктерінің ата жұрты делінетін ежелгі «Ергене-қонмен» еншілес болуы – кім-кімді болсын нақты сендіріп тастамағанымен, «түріктердің ежелгі халық болуы да мүмкін-ау» деген ойды түсінуге біраз бейімдей түсереі хақ. Ал мұның өзі тындан із салған зерттеушінің айтпағын түсінуге үлкен көмек болмақ.

Тек, осы орайда, ескерерлік бір жай бар. Ол - көне карталарда кездесетін түріктік ұғымдағы әлгіндей атаулардың бәрінің бірдей төл жаратылыс болмысын толық сақтау мүмкіндігінен айырылып, олардың

кейбірінің картага түсіруші басқа тіл өкілдерінің тілдік мұмкіндіктегі шектеулілігі әсерінен әр түрлі деңгейдегі өзгеріске (*транслитерацияға*) ұшырайтындығы. Бұл және басқа тіл өкілдерінің әдейі бүрмалаған менмендік қырсық-қыңырлығы да емес, тілдік ерекшеліктің салдары. Қолда бар ескі карталардың бәрі ежелгі грек, латын тілді ғалымдардан қалған мұралар. Түрік тілінің қорындағы сөздерді өзіндік төл болмысында, бұзбай, өзгеріске ұшыратпай дәл беруге бұл тілдердің мүмкіндігі жоқ. Өйткені ежелгі грек алфавитінде барлығы – 24 әріп, латында – 23 әріп қана болған (Н. Ю. Дроздов). Ал түрік тіліндегі сөздердің мағынасын бұзбай дәл беру үшін одан екі есе көп әріп керек (мысалы, қазірге қазақ тіліндегі қолданыстағысы – 42 әріп). Сондықтан көне грек тілділер де, көне латын тілділер де естіген түрік сөздерін өз тілдерінің дыбысталу (*графемалық*) мүкіндігі аясында беруге мәжбүр. (Мысалы, ежелгі түр тайпа бірлестігі халықтарының «Түрү» қаласын «Троя» деп, болмаса қытайдың «Жыу» әулетін «Чжоу» деп беретіндері сияқты. К.С.).

Біз бұған дейінгі еңбектерімізде түрік халықтарының кеше пайда болған жас халық емес, адамзат тарихының бастауында тұрған ежелден бар, көне халықтардың бірі екенін халықтың өзінің ауызша тарихы мен ресми тарихтың деректерін салыстыра зертте, олардың нәтижесін жекелеген зерттеуші ғалымдардың ой-тұжырымдарымен сабактастыра сарапай отырып дәлелдеуге күш салғанбыз. Ал бұл жолы зерттеу арнасын ежелгі дүние адамдарының танымымен еншілесіп жатқан ауызша тарихтың күрделі бір саласы - мифологияға қарай бұрып, ойымызды бірыңғай тек соның деректері арқылы негіздел көрмекпіз. Алғысөзді алыстан орагытып, қазымырлана тәптіштеп ежіктеуміздің себебі де осыған байланысты болатын. Өйткені біздің бүгінгі түсінігіміз де: «миф» дегенді шындыққа жатпайтың, ойдан шығарылған киял-ғажайып аңыз-әңгіме, ертегі деп білеміз гой. Сондықтан да осы күні біреу орындалмайтын істі, ақылға сыймайтын сөзді айтып жатса, оны «мынауың миф қой» деп тиып тастан жатамыз. Бірақ, бұл - мифтің болмысына бойламаған үстірт түсінік. Шын мәнінде «миф» деген кәдімгі осы күнгі түсініктегі «сөз», «әңгіме», «аңыз» деген ұғымдарды білдіретін гректің сөзі, грекше: «*mythos*» дейді [3]. Сонда миф дегеніміздің төл мәні ежелгі дүние халықтарының өзіндік дүниетанымын танытар аңыз-әңгіме дегенді білдірмек. Мұны одан әрі таратада айтсақ, миф - ғаламның жаратылуы туралы, табиғаттың тылсым құбылыстары туралы, құдайлар мен аты аңызға айналған ерен батырлар туралы мәлімет беретін ежелгі

замандардан жеткен көдімгі бүгінгі түсініктегі аңыз-әңгімелер болып шығады. Ал «аңыз түбінде шындық бар» дегенді дана халық бекер айтпаған. Осы айтылғандарды ғылым табиғатына қарай бейімдесек, миф дегеніміз ежелгі дүние халықтарының кейінгі ұрпаққа қалдырыған ауызша тарихы деген сөз. Ал мифология (грекше: *mythologia*) – сол ауызша тарих беретін әңгімелердің, деректердің жиынтығы. Сондай-ақ қазіргі таңда «мифология» – мифтарды оқытатын ғылыми пәннің атауы да [3, 317].

Шындығына келгенде, миф – жалпы тірліктикастыру, танымның да, діннің де, ғылымның да негізі. Мифтік әңгімелерде адамда бәрі біртұтас, жан мен тән бір-біріне қарсы қойылмайды; парасат та, адамгершілік те, имандылық та, зерде де, сезім де – бәрі біртұтас, жіктелмеген. Жіктеу – ғылымға тән. Мифте адамды табиғатқа қарсы қою да жоқ. Мұнда өзара жарасымды үйлесім бар, шектен шығу жоқ. Әр нәрсенің шегін, мөлшерін білу бар. Сондай-ақ білімде бар жауыздық, мифтен аулақ. Бұрынғы өткен заман ақылмандарының ұрпаққа: «имансыз адамға білім беру – қылмыс», болмаса «тәрбиесіз берілген білім - адамның қас жауы» деп өситет қалдырулары да содан болса керек. Адамзат баласының таным-түсінігі неғұрлым молайып дамыған сайын, ғылымы жетіліп жаратылыс болмысына терендерген сайын мифті тануға деген қажеттіліктің арта түсуінде де өзіндік зандылық бар. Білім жолы күрес пен арпалысқа толы. Адам қажиды, шаршайды. Ал мифте бастау мелдірлігі жатыр, адалдық, тазалық бар.

Ежелгі дүние адамдарынан бүгінге жеткен «миф» деп аталатын аңыз, әңгімелердегі қазіргі сауатты жұртты сендерімейтін бояулар: қиял-ғажайып нағымсыз оқигалар, тольып жатқан құдайлар мен құбыжықтар кейін қосылған. Бұлар – ежелгі алғашқы қауымдық құрылыш адамдарының өз ортасынан екшеліп оқшау шыққан, тұмысынан ерекше қабылеті бар:abyzdar (*жрецтер*), ақындар, бақсылар, көріпкелдер секілді жандардың қиялынан туған жасанды қоспалар. (Мысалға, ежелгі грек ақындары: Гесиод пен Гомердің шыгармаларынан ғана ондайлардың талайын көруге болады. Қ.С.). Көне заманның жеті білгірінің бірі Платонның: «Ақындар, егер ол шынымен ақын болса, бәдік ақыл айтып уақытты алмай, мифтер туғызуға тиіс» деуі де осындай жайларды білгендіктен шығар.

Біздің пайымдауымызша, алғашқы адамдар өздерінің эволюциялық даму жолының бастауында басқа да жан иелері секілді тек күнделікті тірліктиң қамымен ғана болған. Олардың ол кезде

құдайлармен де, басқа толып жатқан құбыжықтармен де шаруасы болмаған. Соған орай олардан қалған әңгіменің негізгі арқауы да сол күнкөрістен, соған қатысты таным-түсініктің төнірегінен әріге ұзамаған. Тек кейін барып, бірте-бірте еңбек құралдары жетіліп, күнкөрістің терімшілікten басқа да көздері ашыла бастаған кезде бұған дейін артықшылықта болып келген дene қүші енді бәріне икемді сана қуатына жол беріп, ақыл алға шыққан кезден бастап жаратылыс табиғатынан ерекше қабылетке ие кейір ақылды жандар төнірегіндегілерінің табиғатпен қурестегі дәрменсіздігіне күә болу арқылы оларға көмектесу мақсатында өздерінің қиялдарына ерік беріп, жақсылығына медет берер, жамандығына жазалар – түрлі құдайлар мен құдырет қүш иелерін ойлап тапқан және оларды кейін өздерінің жеке басының мұддесіне пайдаланудан да қашпаған. Көне замандарда жоғары билік тізгініне қол жеткізгендердің өздерін әрі патша, әрі құдай етіп көрсетулері осының айғағы. Бұлардан өз мүмкіндіктеріне қарай абыз-әулиелер де тыс қалмаған (*кейін бұлар жайында арнайы сез болады. К.С.*).

**Алғашқы адамдар осылайша бүгінгі түсініктегі өздерін жаратқан Бір Жаратушыны таныш, білуден көп бұрын өз қиялдарынан туған әртүрлі құдайларды өмірге әкелген.** Бірақ әлемді Жаратушы Жалғыздың жасампаздық құдыреті адамда болмағандықтан, олардың қиялдан туған құдайлары іс-әрекетімен көп жағдайда кәдімгі қарапайым пенделердің көшірмесіне айналып жатады: адамша құліп-ойнайды, біреулерге ашуланады, біреулерге жаны ашиды, біреулерге ғашық болады, біреулерді жазалайды, өзара жанжалдасады. Адамдар, тіпті, құдайлардың әрекетін дамытуда кейде қиял мүмкіндіктері жетпей, тығырыққа тірелген кездерінде, бұған дейін «ешқашан өлмейді, мәңгілік» деп мойындағы қойған құдайларын қарапайым пенде құсан өлтіре де салады. Грек мифологиясындағы аспан құдайы Уранды баласы Кронға (*Кроносқа*) немесе осы Кронды баласы Зевске өлтіртетіні секілді оқиғалар осы айтылғанға айғақ.

Қалай дегенде де, мифологияның адамзат баласын адамдық қалпынан тайдырмай, белгілі бір деңгейдегі өзіндік таным-түсінігімен ұзаққа созылған **тарихқа дейінгі кезеңнен** (*адам баласы жаратылғаннан х.э. дейінгі VIII ғасыр аралығы. К.С.*) аман өткізіп, **тарихтан кейінгі кезеңнің** (*х.э. дейінгі VIII ғасырдан кейінгі. К.С.*) бастауына, яғни терминдік тұсауын немістің философ ғалымы Карл Ясперс кескен **«қіндік уақытқа»** (*х.э. дейінгі 800-200 жылдар*

аралығы. Қ.С.) жеткізгені анық. «Кіндік уақыттың» қарсаңында әлем халықтары ежелгі адамдардың қиял туындысы – көп құдайдан жалығып, оларға деген сенімін жоғалтып, рухани сырқатқа ұшырай бастаған кезде заманы тудырған пайғамбарлар мен ақылмандар өздерінің даналық танымдарымен жершарының әр тараҧынан бір кезеңде оларға көмек қолдарын созды. Бір ғажабы, олар өзара байланысы жоқ, бір-бірінен шалғайда жатқан өнірлерден шыққан әр халықтың өкілдері еді. Солардың терең танымы мен ерік-жігерінің нәтижесінде: Қытайда – кунфузышылдық (кунфуцианство) мен даосизм; Индияда - индуизм мен буддизм; Таяу Шығыста - монотеизм; Еуропада – гректік рационализм секілді жаңа діни жүйе пайда болды. Бұл жаңа діни ілімнің әр жерде бір кезеңде («кіндік кезеңде») жарыса өмірге келуі сол заманың нақты тарихи тұлғаларының, мысалы, Иудейде – х.э. дейінгі VIII-VI ғасырлардағы атақты пайғамбарлардың; Индияда – упанишад жасаушылар мен Будданың (х.э. дейінгі 563- 485 жж.); Қытайда - Конфуций (х.э. 551- 469 жж.) мен Лао-зының; Ежелгі Грецияда – х.э. дейінгі V ғасырдағы трагедия авторларының, Сократтың (шамамен: 470 – 399 жж.), Платонның (х.э. дейінгі 427-347 жж.) және Аристотельдің (х.э. дейінгі 384-322 жж.) есімдерімен байланыстырылды. Бұлардың бәрінің діни ілімінде өзара үндескен танымдық ортақтастық бар болатын. «Мифтің қысқаша тарихы» атты кітапшаның авторы Карен Армстронг атап көрсеткеніндегі: «Все они характеризуется обостренным осознанием страданий как неотъемлемой части человеческой жизни, и все ориентированы на развитие более одухотворенной религии, на столь сильно зависящей от внешней обрядовости. Все они опираются на новаторские представления о личной совести и морали: тщательного выполнения традиционных ритуалов недостаточно, следует также относиться с уважением к своим ближним. Все основатели новых религий осуждали насилие и проповедивали сострадание и справедливость. Они учили своих последователей искать истину в себе, не полагаясь на слова жрецов и религиозные авторитеты. Ничто не следует принимать на веру; все нужно подвергать сомнению; старые ценности подлежат критическому пересмотру. И одной из областей, требующих переоценку, разумеется, оказалась мифология» [4, 90].

Біз бұл еңбегімізде зияткерлік, рухани-әлеуметтік өзгерістер тәңкерісін жасаған «кіндік уақыт» ғұламаларының осылайша қайта пайымдауларынан өтіп, кейінгі заманға екшеліп, іріктеліп, сүзгіленіп

жеткен мифологияның танымдық толғамдарының **тілдік, тарихтық деректері арқылы адамзат баласының ресми ортақ тарихындағы түрік халықтарының ғұмырнамасының х.э. кейінгі VI ғасырдан басталуышың дұрыс еместігін**, олардың атамзаманнан бері бар, ежелгі көне халықтардың бірі екенін дәлелдеуге талаптанып көрмекпіз. Ондағы мақсат - тек түріктанушылардың ғана емес, бүкіл тарихшылар қауымының адамзаттың ортақ бастау тарихын бүгінге дейін түрік халықтарының тарихынсыз, сынаржақ түсініктे жазып келген қателіктеріне жалпы жүртшылық назарын аудару. Ал шала, сынаржақ түсініктің ешқашанда толық шындықты таныта алмасы белгілі. Бүгінгі генетика ғылымының соңғы жетістігі – ДНК зерттеулерінің қорытындысы «адамзат баласының түпкі ататегінің алғаш кіндік қаны тамған атажұрты» деп көрсеткен - Африка жерінде сонау есте жоқ ескі замандарда өзгелермен бірге түрік халықтарының ата-бабаларының да өмір сүргеніне, олардың соған айғақ болар өзіндік өшпес із қалдырганына миф деректері күелік беріп жатса, ресми тарих қалыптастырған қасаң санаға аз да болса шындық сәулесі түсер ме еді деген үміт.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Захаров И.А. *Адам и Ева жили на Юге Африки*. Труд. Ru. №193. От 25. 10. 2002 г.
2. Гаджиев Н.Э. *Түрік тілдері*. Ас. 2002. 22-23-бб.
3. Словарь иностранных слов. М. «Русский язык». 1986. Стр. 317.
4. Карен Армстронг. *Краткая история мифа*. М. 2005. Стр. 90.

340.115845

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕГІ  
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАР**  
**POLITICAL AND LEGAL THOUGHT IN THE INFANCY OF THE  
KAZAKH KHANATE**

**Шынғыс ЕРГӨБЕК\***

**Түйіндеме**

Мақалада Қазақстан тарихында ең маңызды орын алатын қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-құқықтық ойлар ғылыми негізде саралады. Және хандықтың құрылу, нығаю кезеңін, саяси тәуелсіздіктен айрылу кезеңін түркі құқығы мен мемлекет философиясы түргышынан қарастырады.

**Кілт сөздер:** реформа, құқық, ру, мемлекеттік орган, саяси-құқықтық ой.

**Summary**

In an article in a scientific basis clarified political and legal thought in the infancy of the Kazakh Khanate, which is the most important place in the history of Kazakhstan. And also considered periods of education, strengthen the Khanate, loss of political independence from the perspective of law and philosophy of the Turkic states.

**Keywords:** reform, law, clan, state agency.

Қазақ хандығының құрылу дәуірі Еуразия алқабындағы терең этникалық процестердің орын алуымен ерекшеленеді. Саяси процестердің күрделенуі Еуразия кеңістігіндегі жаңа мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына, ғасырлар бойы жалғасқан дәстүрлердің орнын жаңа үрдістер басып, бірқатар ұлттардың қалыптасуына алды келді. Бұл бұрын іргелі елдер қалыптастырған монгол-түрік мәдениетінің терең дағдарысы еді. Осы кезеңдегі аймақтағы жүргізіліп жатқан процестердің күрделілігі кейінгі пайда болған мемлекеттердің жаңа даму кезеңіне өтуімен ерекшеленеді. Саяси ыдырау мен ұлттың қалыптасу процесі бұл аймақтың өзін - өзі айқындауына мүмкіндік берді. «XV-XVIII века были для казахов временем их интенсивной консолидации в единую народность и образования самостоятельной казахской государственности, на основе интеграции родов и племен, близких между собой по признакам форм хозяйствования и быта, искусства и культуры и т.д.» [1. 110].

\* Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Аккредитация, рейтинг және саланы басқару орталығының директоры, Алматы-Қазақстан. PhD in law, Al-Farabi Kazakh National University, director of the Center for Accreditation, Rankings and Quality Assurance, Almaty-Kazakhstan. E-mail: Shyngys.Ergobek@kaznu.kz

Академик Бартольд Орта Азиядағы саяси процестерді былай түсіндіреді: «... Шейбани потерпел поражение в северных степях от части узбецкого народа, отделившейся от главной массы узбеков при Абулхайре и за это получившей название казак, как называли среди кочевников людей, отделившихся от своего государства и находившихся с ним в состоянии войны» [2. 182].

Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-құқықтық ойлардың бұрынғы мемлекеттер дәстүрімен тығыз байланысы бар. Бұл жөніде Елбасымыз Н. Назарбаев: «XV ғасырдың аяқ кезінен бастап қазақтар, өзбектер және басқа да халықтар этностық тұрғыдан бір-бірінен беліне бастады. Мұның өзі көптеген ғасырлар бойы жүріп келген этногенетикалық терең үрдістердің нәтижесі еді» [3. 113], – деп түсіндіреді.

Түркі мемлекеттеріндегі билеуші органдар жүйесінің Қазақ хандығының мемлекеттік институттарына ықпал етуі хандықтың осы саяси жүйенің мұрагері ретінде қалыптасуымен тығыз байланысты. Сондықтан Қазақ хандығының саяси-құқықтық ойлар тарихы бірінші кезекте, түркі мемлекеттеріндегі саяси-құқықтық идеялардың философиялық жалғасы, шырқау шегі деп қарастырған маңызды. Қазақ халқы өзге түркі халықтарынан гөрі ата-бабаларының тілін, әдет-ғұрпын көп өзгерістерге ұшыратпай, таза жеткізіп отырғанын ғалымдар сан мәрте айтып келеді. Н. Өсерұлы халқымыздың осы ерекшелігін былай айқындайды: «Оның басты себебін томага-тұйық феодалдық-патриархаттық тұрмыс кешкен ата-бабамыз басқа халықтарға араласып, олардың мәдениетін, заңын, дәстүр-салтын қабылдай бермегендігінен деп санаймыз» [4. 6].

Хандықтың құрылу, нығаю кезеңін, саяси тәуелсіздіктен айрылу кезеңін де еуропалық көзқараспен емес, түркі құқығы мен мемлекеті философиясы тұрғысынан қарастыру маңызды. Себебі «в основу законодательства казахских ханов положен огромный опыт государственной организации, административной, финансовой, податной систем тюрков, ранее пригодившейся и монголам, и Руси, и другим европейским странам» [5, 108].

Тіпті бүгінгі мемлекет тұрғысынан қарағанның өзінде ғалымдар бірқатар қайшылықты тұжырымдарға жол беруі мүмкін. Қазақ хандығының мемлекеттік реформаларының, билік органдарының дәстүрлі институттарға жақындығы да сондықтан.

XV ғасырдың екінші жартысында Керей мен Жәнібек хандар - Қазақ хандығының негізін қалады. Жас кезінен жаужурак, батыр

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...**

болып өскен Керей хан өзінің батыл саяси көзқарастарымен ерекшеленеді. Қошпелі Өзбек хандығының билеушісі Әбілхайыр ханың парсы мәдениеті мен отырықшылыққа көп көңіл бөліп, салық саясаты мен қошпелі халық үшін ең маңызды болып табылатын еркітілік пен еркіндікке қол сүққандығы үшін көшіп кетуге мәжбүр болады [6. 12; 7. 152; 8. 110-111; 9. 125; 10. 31].

Қазақ хандығының бөлініп кетуі туралы мынадай дәйек келтіріледі: «... Алтын Орданың сол кездегі ханы Әбілхайыр ханың Дайырқожа деген сүйікті қазысы болыпты. Ол - қара қылды қақ жарған әділ жан екен. Осы әділдігі арқасында ол Ақжол атаныпты. Осымен қатар, Қара Қыпшақ Қобыланды да Әбілхайыр ханың ардақты адамы болыпты. Бірақ, Дайырқожа мен Қобыланды өш екен. Осы өштікпен бір күні Қобыланды Дайырқожаны жарып өлтіріпти. Содан кейін Дайырқожаның жағының басты адамы Жәнібек Әбілхайыр ханнан Қобыландының басын сұрапты – жанға-жан алмақ болыпты. Әбілхайыр Қобыландыны берсе, қалың қыпшақ бұзылады. Сондықтан хан Жәнібекке үш кісінің құнын алып біт деңті. Жәнібек оған көнбепті. Сонан кейін Жәнібек бірсызыра қазақ руларын соңынан ертіп, Алтын Ордадан бөлініп кетіпти» [11. 58; 12. 22-23].

Қазақ хандығының пайда болуына Дешт-и-Қыпшақтағы саяси дағдарыстың себеп болғандығы айқын. «Само по себе отложение Гирея и Джанибека от основной массы кочевых узбеков было лишь одной из распространенных в степи форм протеста наиболее самостоятельных султанов в период наибольшего ослабления власти Абу-л-Хайра и обострение противоречий внутри узбекского улуса» [13. 232].

Династиялық жанжалдар бұл кеңістіктеңін саяси-қоғамдық қатынастардың тез жүруіне жағдай жасады. «В середине XV в. в Дешт-и-Кипчаке резко обострилась династическая борьба. Побежденные бежали на северо-восток, к границам Могулистана, правители которого оказали им поддержку и отдали во владение Чуйскую и Таласскую долины. Там в 60-х годах XV в. была заложена основа первого казахского феодального государства. Ханы Могулистана не заинтересованные в укреплении складывавшегося узбекского государства, оказывали казахской знати некоторую помощь» [14. 40].

Жас хандықтың жаңа мемлекеттік органдарын құру мен жауғершілік заманда әскер құрудың жаңа принциптерін енгізу Қазақ хандығының болашақта іргелі хандық болуына кең жол апты. Жалпы сол кезеңде қалыптасқан гео-саяси жағдай күрделі болатын. Негізгі

күрес көзі Сырдария бойындағы қалалар үшін өрбіп, бұл соғыстар Орта Азия мен Қазақстанның басты қарсыласу мен күрес объектісіне айналды. Әбілхайыр ханның Дешті Қыпшақты жаулап алған Мәуереннахраға көз тігуі Қазақ хандарының Моголстан шекарасына көшуіне жағдай тудырды. Бұл бірінші кезекте Орда Ежен ұрпақтары мен Жошы ұрпақтарының басқа тармақтары арасында пайда болған келіспеушіліктің нәтижесі деп қарастыруға болады. Қазақ хандары бастаған 200 мың адамның айтарлықтай шығынсыз көшуіне жағдай жасады. «С Гиреем и Жанибеком, нет сомнения совершили тернистый путь амплитуды кочевания только приближенные и преданные им воины. Последние как первую родину – отчизну (Сарайское ханство), так вторую родину (Узбекистан) покинули ишли за своими ханами под различными импульсами: преданности ханам, воинская отвага, эмоция самосохранения, черта – привычка непокорных и будирующих сынов Золотой орды того времени к нескончаемым передвижениям, считая все уголки бывшей Золотой орды своей родиной» [15. 172].

Әрине Керей ханның жаңа мемлекетке деген өз көзқарасы бар еді. Керей бірінші кезекте, көшпелі мәдениетке тән әдет-ғұрып нормаларын қолдады. Мұндағы басты мәселе Шыңғыс ханның «Яссысының» шеңберінде шешілетін. Яғни «Қасым ханның қасқа жолына» дейін Қазақ хандығында ежелден қалыптасқан дәстүрлі құқыққа жол берілетін [16. 118]. Шыңғыс ханның «Яссысы» өте күрделі, әрі қатал нормативті актілерден тұратын. Көп құқық бұзушылықтар өлім жазасына жазаланатын [17. 32]. Қазақ хандарының бұл нормаларға арқа сүйеуі қатаандық талаптарының қажеттілігімен түсіндіруге болады.

Мемлекетті органдар жүйесінде ең жоғарғы билікті хан иеленетін. Ол өскердің бас қолбасшысы болып табылатын [18. 45].

Қазақ хандығында екі үлкен кастаны бөліп қарастыруға болады. Бұлар: төрелер мен қожалар [19. 41]. «... эти группы организованы корпоративно, внутренняя жизнь эндогамна, привелегии четко сформулированы. Носители фактической власти в кочевом обществе – родоплеменная знать, представляющая собой потестарную организацию казахов. Она стоит ступенью ниже, чем чингизиды и ходжи» [20. 68].

Төрелер барлық дерлік әкімшілік-атқарушы билікті өз қолдарына шоғырландырды. Ал қожалар болса рухани-діни билікті өз уысынан шығармауға тырысты. «Қожалар рухани көсем ретінде ақсүйектер тобына енгізіліп, оларға «төрелер» секілді жеңілдіктер берілді.

### III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...

Мысалы, қожаны өлтіргендер жәй қарапайым адамдарға төленетін құнның мөлшерінен 7 есе артық, сөккені үшін ат-тон айып тартатынын айтсақ та жеткілікті» [21. 31].

Дегенмен қазақ қоғамында Ислам дінінің позициялары мықты болмады. Шоқан Үәлиханов бұл туралы: «Мусульманство пока не въелось в нашу плоть. Оно грозит нам разъединением народа в будущем. Между киргизами еще много таких которые не знают и имени Магомета, и наши шаманы во многих местах степи еще не утратили своего значения. У нас в степи теперь период двоечения, как было на Руси во времена преподобного Нестора» [22. 71]. Осы арқылы қожалардың қоғамдық ықпалының төмендігін түсіндіруге болады.

Қазақ хандығындағы бөлініс әкімшілік-территориялық принципке емес, тайпалық-рулық принципке негізделді. «В обществе, где были сильны пережитки родовых отношений, всякий вред, нанесенный отдельным членам рода, адресовался всем его членам. В таких условиях преступление представляет собой акт, направленный против общества в целом» [23. 228], - деп жазады поляк ғалымы С. Гросс.

Ру-қоғамның ең кішкентай ұясы ретінде қалыптасты. «Әр ру өз алдына көшіп-қонып, жеке ауыл болып танылды. Рудың негізгі ұйытқысы – туыстық, ағайындық қатынастар болып, ауқаттысы жағдайы төменіне көмектесті. «У ішсен руыңмен» деген принцип қалыптасты. Әр ру мүшесі өз руының шежіресін, жеті атасын жақсы білді. «Ру шежіресін білу – сахара тесінде көшіп-қонған қазактар үшін өмірлік қажеттілік. Қазақ халқының ру-тайпалық, жұздік-қауымдастық біртұтас ғажайып бітімі ғасырлар бойы бүкіл қазақ - бір атасың ұрпағы, бір тамырдың бұтағы деген үстаным бойынша өсіп-өркенден отырған... Мұндай біртұтастық тек қана рулық жүйе арқылы жүзеге асқан» [3. 34-35], - деп жазады Елбасымыз Н. Назарбаев.

Рулық басқару қазақ қоғамында бірқатар шектеулер туғызды. Ру тек туысқандық принцип негізінде құрылғандықтан бұл шектеулерді сақтау әрбір адамға міндетті болып табылатын. «Ру – адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі, туысқан адамдар тұратын қауымдастық. Оның мүшелері өзара некеге отырмайды. Барлық халықтар рулық дәуірден өткен. Қазіргі халықтардың кейбіреуінде рулық дәуірден қалған әдет-ғұрыптары, дәстүрлері әлі де сақталған. Қазақтың әдеті бойынша жеті атаға дейін қыз алмайды» [24. 23].

Әдетте руларды сол рудан шыққан ақсақалдар басқарды немесе кейбір жағдайларда төрелер хан көтеріліп басқару құқығына ие болды. Ру ақсақалының юрисдикциясына ішкі сот, өзара көмек беру, рудың

ішкі қатынастарының мәселелері жатты. «Каждый почетный киргиз-родоначальник знает всю генеалогию своего рода и, чтобы быть благовоспитанным и порядочным человеком, усердно изучает народное право под руководством старого бия, пользующегося в народе репутацией, юридическою известностью, и совершенствуется в красноречии, приобретая на память множество поговорок, пословиц, забавных анекдотов и употребляя их для украшения своих речей, а последнее обстоятельство – сообщение им занимательности и отчасти забавного юмористического характера, до которого киргизы большие охотники» [25,157-158].

Рулар өз кезегінде ұлыстарға, ал ұлыстар жүздерге бірікті. Кейбір ғалымдардың ойына сүйенер болсақ жүздік жүйе Қазақ хандығында Тәуке ханының тұсында енгізілген [11, 61; 26. 124].

Алайда бұл пікір ғылыми тұрғыдан жеткілікті негізделмеген. Мысалы: Ноғай хандығы ыдырағаннан кейін Кіші Ноғайлының бірқатар рулары Қазақ хандығына көшіп келіп Кіші жүздің [27. 253; 7. 109; 28. 253] негізін құрагандығы туралы деректерге сүйенер болсақ, бұл дәстүрдің Қазақ хандығы құрылған кезінен бастау алатындығын айқындауға болады [10,33]. Оның үстіне қазақтардың пайда болуы туралы аңыздардың барлығында дерлік Алаш ханының [3,151-152] үш ұлы жөнінде айттылады. Яғни, жузге бөлу принципі Қазақ хандығы құрылған дәуірден бастау алатындығында ешқандай күмән жоқ. Бұған ғалым М.А.Сәрсембаевтың мына пікірі дәлел бола алады: «Образовавшиеся в XV веке Казахское ханство, в XV-XVI веках казахские жузы (старший, средний, младший) были государствами феодально – патриархального типа, имевшие определенные государственные органы власти для осуществления как внутриполитических, так и внешне политических дел. Все эти казахские государственные образования были субъектами международного права феодализма, имевшими определенные права и отправляющими обязанности международного характера во взаимоотношениях с другими государствами и племенами. В период со времени возникновения и до окончательного присоединения к России (60-годы XIX в) казахские жузы вступали в политические, торгово-экономические отношения с Бухарским, Хивинским, Кокандским ханствами, Россией, Китаем и другими государствами. ... все жузы были субъектами феодального международного права, их международная правосубъектность проявлялась в отношениях каждого из них с другими государствами; отношения жузов между собой вряд

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...**

---

ли можно было определить как международно-правовые, так как они (жузы) представляли собой три части единой казахской народности» [29. 9-10].

Жоғарғы лауазымды қызметтің бәрін дерлік төре үрпақтары иеленетін. Алайда, бұл мәселеде бір тұрақты принциптің сақталмағандығы белгілі. Жаугершілік заманда тек ру емес, ұлыстарды басқарған батырлар мен билердің болғандығы тарихи факт. Сот ісін жүргізу ру ақсақалдары мен билерге, ал аса күрделі жағдай болғанда төрелерге жүктелгендігі белгілі. Осылайша төрелер мен қожалар құрайтын ақсүйектерден басқа, ұstem тап өкілдеріне билер мен батырларды [19. 113] жатқызуға болатындығы айқын. Билер институты жоғарыда айтқанымыздай түркі мемлекеттерінде де болған. Бұл туралы М. Вяткин: «Звание бия было широко распространено в казахском обществе. Его возникновение теряется еще в доказахском прошлом общества Депити-Кипчака. Оно встречается у ряда тюркских народностей, входивших в состав Золотой Орды. ... Это звание могло быть наследственным или приобреталось путем особого ханского пожалования. ... У казахов главу народа называют би (бий, князь)» [30. 101-105] - деп жазады.

Батырлар жайлы: «Широкое распространение звания батыров в XVII-XVIII в. в. – специфическая особенность казахского общества. Этого явления за рассматриваемое время не наблюдалось ни у узбеков, ни у каракалпаков, ни у киргизов. Звание батыра никогда не было наследственным, оно приобреталось только личными подвигами.

... Термин «батыр» был чрезвычайно распространен в казахском фольклоре и быту. Весь казахский героический эпос – это сказания о легендарных или исторических батырах.

... Термин «батыр» выступает как лишенный социального классового содержания. Вот почему так трудно определить общественную природу батыров в исторической действительности, в частности в XVIII в. он выступал как бытовой, а не социальный. «Батыров мы встречаем по преимуществу в среде родовых старшин» [30. 108-110], - дейді.

Жоғарыда айтылған қызметтердің көпшілігі сайланбалы негізде, беделді тұлғаларға берілетін.

Қазақ қоғамындағы құқықтық дәстүрлер, өсіресе, хандық билікке қатысты әдет-ғұрып нормалары хандық биліктің айтарлықтай әлсіздігін көрсетеді. Әрине, бұл билік әр хан тұсында өзгеше болды. Дегенмен, Керей хан тұсында да одан кейінгі кезеңдерде де хандық

біліктің атқарушы функциялармен шектелгендігі байқалады. Мәселе Шыңғыс хан дәуіріндегі құқықтық нормалар құрылтай үйімдарға кең өкілеттік бергендігі, бұдан кейінгі билік жүйесіндегі өзгерістерде хандық биліктің біртіндеп әлсіреуін түсіндіреді. Шыңғыс хан өз империясын құруда жаңа аристократияға негізделгендігі белгілі. Осы тарихи кезеңдегі биліктің күшті орталықтануы Шыңғыс ханның ескі элитаны толықтай дерлік жойып жіберуімен байланысты. «Нельзя забывать, что большая часть старой монгольской аристократии, особенно высшей, была Тэмуджином истреблена в ходе долгой и кровопролитной борьбы, в некоторых отношениях напоминавшей гражданские войны. По существу, на исходе этой войны возникла новая аристократия, состоявшая из сородичей Тэмуджина, лиц, выдвинувшихся в период его борьбы за объединение монголов, и, лишь отчасти, старой кочевой знати. Это обстоятельство облегчило его реформу, направленную на прочное объединение монгольских племен» [31. 375].

Шыңғыс ханнан кейін бұл рулық, тайпалық элита өзінің позицияларын нығайтып, мемлекеттік істерге араласудың көптеген тетіктерін қолдана алды. Үш жүздің өздерін «хандар» басқарғандығын ескерсек, Қазақ хандығының басында, «бас хан» немес ескі түркі дәстүрі бойынша «қаған» отырды. Мәселе, Қазақ хандығының мемлекеттік құрылышында жүздер мен ұлыстарға кең функциялар беріліп отырған. Қағанның элитага тәуелділігі, жергілікті сегменттің өкілеттігінің кеңейіп, кей жағдайларда ұлыстардың өзіне хан сайлан алу үрдісі байқалады. Бірақ Қазақ хандығының алғашқы кезеңінде мұндан үрдістер ақылды екі ханмен де шектеліп отырды. «Следует, впрочем, сказать, что представление о политическом единстве казахов, возможно, даже с откочевки Керея и Джанибека в 1465-1466 гг., не более как иллюзия. Известно, что почти во все времена существования Казахского ханства было сразу несколько лиц, носивших титул хана. Традиция идет от Керея и Джанибека – они оба имели титул хана. Одновременно во времена правления Касима, Хакк-Назара, Шигая титул хана носили и некоторые из их братьев. Следовательно, в истории казахских ханств наличие старшего и младшего ханов или нескольких независимых ханов было, видимо, постоянным и тривиальным явлением» [32. 176].

Осылайша Керей мен Жәнібек хандардың саяси-құқықтық ойлары Қазақ хандығының кейінгі кезеңінде белен алуды мүмкін сепаратизмді шектеу мақсатында бірқатар реформалар жасауға мәжбүрледі. Хандық

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...**

---

титулдың бірнеше адамға берілуі бірінші кезекте, таққа дайындау процесімен түсіндіріледі. Көп жағдайда болашақ тақтың иегері де хандық титулға ие болатын. Себебі, Керей мен Жәнібек мысалының өзінде хандық титулды екі саясаткер де иеленгенімен, алдымен хандық таққа Керей, кейінгі кезеңде Жәнібек отырды. Мұны барлық хандардың ішкі саясатына тарауы, Керей мен Жәнібектің саяси-құқықтық ойларында «хан» титулын келешек ханға беру арқылы оның беделін көтеруді көздегендігі айқындалады. Уақыт өте келе жергілікті сепаратизмнің күшеюі бұл институттың өзгеріп, Қазақ хандығының ыдырауына әкелді. Бұл процестер өсіреле, Тәуке ханның билік құрған кезеңімен тығыз байланысты. Тәуке хан реформаларына сәйкес «кіші хан» институты Әбілқайырдың хан болып сайлануына кедергі келтіретін факторға айналды. Қазақ хандығының Ресей империясының құрамына кіруі де белгілі дәрежеде осыған байланысты болды. Яғни биліктің эволюциясына байланысты «кіші хан» атағы өзінің Керей мен Жәнібек көздеген алғашқы мақсатынан айрылып, орталық биліктен айтарлықтай тәуелсіз билік институттың қалыптасуына алып келді. Қазақ мемлекеттігінің көрінісі ретінде хандық билік өзінің негізгі қызметін көп жағдайда тиімді атқара алды. «Ханская власть, олицетворявшая вершину государственного механизма, опиралась на аппарат принуждения и насилия в лице армии, органов охраны порядка, судебных органов, в частности суда биев и некоторых других карательных учреждений» [33. 211].

Алайда орталық хандық биліктің күшеюі заман талабы еді. Қазақ хандығы өмірінің алғашқы кезеңінде айтарлықтай күшті орталық биліктің болуы сыртқы жаулардан қорғану мақсатында қажет болатын. Бұл Керей мен Жәнібектің күшті хандық билік құруына жағдай жасады. «Объективно сложившиеся исторические обстоятельства настоятельно требовали достаточно основательного укрепления и решительного усиления ханской власти, а, следовательно, и власти предводителей родов, племен и улусов – союза племен, входивших в структуру ханской формы государственного объединения. Сильная власть предводителей родов, племен и улусов и их беспрекословное подчинение власти хана, нужны были последнему для оперативной мобилизации сил ханства перед лицом внешней опасности, в целях осуществления неожиданных набегов на соседние племена» [1. 111].

Әскер құру принципінде Керей салған жүйе хандық билік жойылғанша сақталып отырды деп айтуға толық негіз бар. Қазақ әскерінің негізін еркін көшпеліден тұратын жасақ құрады. Жасақ

рулық-тайпалық принцип бойынша құрылды. «Войско Казахского ханства формировалось из вооруженных отрядов ханов, султанов, биев и народного ополчения. Каждый род, жуз имели свое знамя (тамгу) и свой боевой клич (уран), но все войско выступало под одним небесно-голубым знаменем и ураном ханства» [34. 17]. Бұл Қазақ хандығының Шыңғыс хан империясынан алған тағы да бір ерекшелігі екендігін байқау қыын емес [17. 43]. Қазақ әскерінің бұрынғы жүйеге сәйкес бөлінуі бұл жүйенің дала жағдайындағы тиімділігін көрсетсе керек.

Қазақ қоғамында әскердің алатын орнының ерекшелігін академик Баймаханов былай түсіндіреді: «Қазақстан жерін мекендеген тайпалар мен ұлыстардың мемлекет құруының тағы бір ерекшелігі, бұл процестегі армияның ұлken ролінің болуы. Ол бірден-ақ құғын-сұргін мәжбүрлеу механизмінде басты орын алды. Қандайда бір режимнің тағдыры, биліктің жүзеге асырылу сипаты соған тәуелді болды» [35. 518].

Бас қолбасшы болып хан сайланды. Кейде бас қолбасшылық міндеттері сайлау негізінде өзін дарынды көрсете алған адамдарға өтетін. Мұны жаугершілік заманда бас хан атағына ие бола алмаған Әбліхайыр ханның бас сардар болып сайлануынан көруге болады. Дегенмен, бірқатар тарихшылар бас қолбасшы ретінде болашақ хан ханзада сайланатындығын айтады. Әр түрлі тарихи кезеңдерде бұл институттың туындаған жағдайға байланысты өзгеріп отырғандығы байқалады. Мысалы: Қазақ хандығының алғашқы ханы Керей әскерлөрді өзі басқарған белді қолбасшы болған. Ал Есім ханның хандық құру кезеңінің соңында бас сардар ретінде Салқам Жәңгірдің болғандығы белгілі. Кейде қазақ әскерінде бас қолбасшылық екі адамның қолында болады. Осылайша, көп деректерде қолбасшы ретінде екі ханның аталатындығы кездеседі. Мысалы: Керей мен Жәнібек, Есім мен Тұрсын хандардың аттары бірге аталады. Демек, бұл институт нақты қалыптасып отырған саяси жағдайға байланысты реформацияға ұшырап отыратындығы айқын аңғарылады. Қорыта айтқанда, қолбасшылық саяси қызмет ретінде белгілі.

Керей ханнан кейін билік құрған Жәнібек ханның тұсында жаңа хандықтың өзіндік құрылымы мен заң жүйесі жөнге тұсті [6. 15]. Оның саяси ойлары Қазақ хандығының іргесін кеңейту, тәуелсіздігін қамтамасыз ету төңірегінде болды. Жәнібек ханның ақылдылығынан аты анызға айналып, оны «әз» эпитетімен қосып айтып, «әз-Жәнібек» деп атап кетеді. Бұл туралы Ш.Уәлиханов: «По преданиям известно, что Джанибек был государь мудрый [аз], вот отчего киргизы называют

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...**

---

его не иначе, как с эпитетом Аз [Джанибек], и известно, что визирем его был умный и красноречивый Джиренче-Чечен» [25. 165].

1473-1480 жылдары билік құрған Жәнібек Түркістан өңірінде ықпалын қүштегі тұрысты. Жәнібектің ойы бойынша өз үйінің кілті қалтаңда болса ғана қауіпсіздік орын алады. Ал, Қазақ хандығының кілті Сырдария бойында орналасқан қалалар болатын. Осы қалаларға бақылау орнату Қазақ хандығының сыртқы саясатында әр кезеңде әр түрлі деңгейде белді орын алып отырған. «Генеральной линией внешней политики Казахского ханства на первых этапах его существования стала задача распространения власти правящей династии потомков Урус-хана на весь присырдарынский пограничный район и установление при опоре на его укрепления и экономические ресурсы более или менее прочного военно-стратегического контроля над зависимыми группировками кочевников» [16. 131].

Барлық құшті алдымен өзбек ханы Әбілхайырмен, ал кейінгі кезеңде Шайбанимен болған қақтығыстарға шоғырландырған Қазақ хандығы басқа көршілерімен жақсы қатынастар ұстап отырды. Олардың ішінде ойраттар да бар болатын. «Необходимость сосредоточить все силы и средства казахских феодалов для борьбы против узбекского хана Абулхайра, а затем против Шейбани и шейбанидов заставляла казахских феодалов поддерживать мирные связи с другии своими соседями, например с ойратами, отношения с которыми целое столетие не были омрачены конфликтами» [14. 40].

Ал, жалпы Жәнібектің тұсындағы Қазақ хандығы Ноғай ордасы мен Қазақ хандығы бейбіт, тұтас өмір кешкен заман болып есептеледі. «время управления Джанибека, когда две родные орды ногаев и казаков жили вместе, воспевается в киргизских поэмах, как золотой век. К этому времени принадлежит большая часть преданий, нравственные изречения Джиренчи-Чечена (мудрого), Джанибека и ногайского философа Асана Горемычного (Асан-Кайы) употребляются степняками до сих пор» [25. 165].

Қазақ хандарының мемлекет өмірінің алғашқы кезеңіндегі маңызды реформалары будан кейінгі дәуірдегі хандықтың дамуы мен өркендеуіне қуатты негіз қалыптастырды. Мемлекеттік институттардың дәстүрлі түркі мемлекетінің институттарына тән ерекшеліктерінің болуы Қазақ хандығын толыққанды функционалды қызметтерін орындауға мүмкіндік берді.

Қазақ хандары елмен бірге көшіп-қонып отырды. Мұның өзі ханның қасында ел үстінен өмір сүретін шенеуніктік аппарат ұстаяуға

мүмкіндік бермеді. «Ханның жаңында оның ұландарының рөлін атқарған төлеңгітері болды. Төлеңгітер соғыс жағдайында ханның жеке гвардиясының рөлін атқарса, бейбіт кезенде оның шаруашылығын ұйымдастырып, алым-салық жинау, құзет жұмысын атқару, тіпті чиновниктің рөлін де орындады» [18. 47].

Заман талабының күрделенуі жағдайында мемлекеттің кемелденуіндегі даму векторы анықталған осы кезең Қазақстан тарихында ең маңызды орын алудың заңды етеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Сегизбаев О.А. *Казахская философия XV-начала XX века*. – Алматы: Фылым, 1996. – 472 с.
2. Бартольд В.В. *Тюрки*. – Алматы: Жалын, 1998. – 192 с.
3. Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
4. өсерұлы Н. *Қазақтың үкім-кесімдері*. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 104 бет.
5. Абайдельдинов Е.М. *Политико-правовая история*. – Алматы: Данекер, 1999. – часть I. – 295 с.
6. Мағауин М. *Қазақ тарихының әліппесі*. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 бет.
7. *Қазақстан тарихы. Очерктер*. Құрастырушы: Ю.И. Романов. – Алматы: Дәүір, 1994. – 447 бет.
8. Қышқашұлы С. *Қазақ мемлекеттің туы тұнғыш рет қайда тігілген?* // Материалы III Международной конференции, посвященной 500-летию государственного деятеля средневековья Центральной Азии, Великому ученому-историку Мухаммеду Хайдару Дулати на тему «Казахстан и мировая цивилизация: история и современность». – Тараз: 1999. – 110-124 беттер.
9. Кәрібаев Б.Б. *Мұхаммед Хайдар мырза Дулати еңбегі және Қазак хандығының құрылуды мәселелері, оның барысы мен кезендері* // Материалы III Международной конференции, посвященной 500-летию государственного деятеля средневековья Центральной Азии, Великому ученому-историку Мухаммеду Хайдару Дулати на тему «Казахстан и мировая цивилизация: история и современность». – Тараз: 1999. – 125-131 беттер.
10. Аспендияров С. *Қазақстан тарихының очерктері*. – Алматы: Санат, 1994. – 120 бет.
11. Кенжебаев Б. *Түрік қаганатынан бүтінге дейін*. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 344 бет.
12. Құдайбердіұлы Ш. *Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі*. – Алматы: Қазақстан және Сана, 1991. – 80 бет.
13. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. *Казахстан Летопись трех тысячелетий*. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 383 с.
14. Златкин И.Я. *История Джунгарского ханства*. Изд. второе. - М.: Наука, 1983. – 335 с.
15. Кул-Мухаммед М. *Жақып Ақпаев. Патриот. Политик. Правовед*. – Алматы: Атамұра, 1995. – 240 с.

### **III. Ергөбек. Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-...**

---

16. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. и др. *История Казахстана. Народы и культуры.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 600 с.
17. Карпини П., де Рубрук Г. *Путешествия в Восточные страны.* – Алматы: Гылым, 1993. – 248 с.
18. Маймақов Ф. *Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы.* – Алматы: Гылым, 2000. – 176 бет.
19. Моисеев В.А. *Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв.* – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 240 с.
20. Артықбаев Ж.О. *12 лекций по истории Казахстан.* – Астана: Фолиант, 2001. – 144 с.
21. Зиманов С., өсеров Н. *Қазақ әдем-ғұрып заңдарына шариаттың әсері.* – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 128 бет.
22. Валиханов Ч.Ч. *О мусульманстве в степи* // Собрание сочинений в пяти томах. - Алматы: Қ.С.Ә., 1985. - Т.4. - С. 71-75.
23. Сапаргалиев Г.С., Дьяков В.А. *Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане.* – Алма-Ата: Наука, 1972. – 252 с.
24. Сапаргалиев Ф., Ибраева А. *Мемлекет және құқық теориясы.* – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 бет.
25. Валиханов Ч.Ч. *Киргизское родословие* // Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Қ.С.Ә., 1985. – Т. 2. – С.148-166.
26. Данияров К. *История Казахского государства.* – Алматы: Эдельвейс, 2001. – 528 с.
27. *Қазақтың кеңе тарихы.* Дайындаған М.Қани. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 бет.
28. Мыңжан Н. *Қазақтың қысқаша тарихы.* – Алматы: Жалын, 1994. – 400 бет.
29. Сарсембаев М.А. *Международно-правовые отношения государств Центральной Азии.* – Алматы: Гылым, 1995. – 368 с.
30. Вяткин М. *Батыр Сръим.* – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.
31. Хазанов А.М. *Кочевники и внешний мир.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 604 с.
32. Абусеитова М.Х. *Из истории внешнеполитических связей Казахского ханства с соседними государствами во второй половине XVI в.* // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 165-176.
33. Баймаканов М.Т. *Становление казахской государственности* // Избранные труды по теории государства и права. - Алматы: Әділет, 2003. – С. 210-220.
34. Нурпеисов Е.К., Котов А.К. *Государство Казахстан: от ханской власти – к Президентской Республике.* – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 88 с.
35. Баймаканов М.Т. *Мемлекет теориясының негіздері* // Избранные труды по теории государства и права. – Алматы: Әділет, 2003. – 510-525 беттер.

---

---

## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

---

930.15845

### АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ КЕЗІНДЕ КЕЗДЕСЕТИН ЭТНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР ETHNIC SOURCES FOUND DURING ARCHAEOLOGICAL INVESTIGATIONS

Сәйден ЖОЛДАСБАЕВ\*

#### Түйіндеме

Ерте және ортағасырлардағы қалалардың жұрттына қазба зерттеу жұмыстарын жүргізгенде қалада өмір сүрген тұрғындарадың шаруашылықтың қандай түрімен айналысқандарын білдіретін құрал саймандар кездесіп отырады. Сонымен қатар қала тұрғындарының, қолөнер шеберлерінің қоғынан шыққан бұйымдар да табылып қала тұрғындарының мәдени дәрежелерінің қандай дәрежеде болғандықтарын да көрсетеді. Қазба зерттеу жұмыстарының кезінде сырттан келген заттар да табылып қазба жұмысы жүргізіліп жатқан қаланың қандай елдермен сауда, қарым-қатынас жасағандарын көрсететін бұйымдар да табылады.

**Түйін сөздер:** Асық, бөлме, ойын, тұбек, ұлт.

#### Summary

Archaeological excavations and research at an archaeological site Syganak, Zhanakorgan district Kyzylorda region "funded State municipal institution" for the Protection of Monuments of History and Culture of Kyzylorda management culture of Kyzylorda region "on budget program 005 "Preservation of Historical and Cultural Heritage and access to them" The object of study is medieval settlement Syganak. The objectives expedition included: conducting excavations at the northern entrance to the settlement Syganak (excavation Number 13).

In 2014 field of season Syganak archaeological expedition International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasawi under the direction of Doctor of History, Professor S.Zh. Zholdasbayev were made on archaeological excavations the northern entrance (excavation №13), that is, structures related to the complex of the northern city gates.

**Keywords:** excavation, incision, wall, ditch, area, gate, Syganak

Археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде Түркістан қаласының маңында Қаратаудың солтүстік жағындағы Жыланқарауыл (Күлтөбе) және Раңата қалаларын зерттегендеге бір бөлменің дәлізінің бұрышынан көмілгөн асықтың қоймасы (1-сурет) табылған. Қойманың ішінде 100-ге жуық асық салынған [1. 31]. Асықтың құрамында көпшілігі қойдың және ақбөкеннің асықтары, бір тал үлкені арқардың

\*тарих ғылымдарының докторы, профессор, Археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры, Түркістан-Қазақстан.

Doctor of historical sciences, professor, director of the Research center of Archaeology, Turkestan-Kazakhstan.

Dinler tarihinde görülmüştür ki hiçbir din, hiçbir devirde tek itikat ve amelden ibaret olmamış, hiçbir Tanrı'ya tek başına itiyat edilmemiş. Semavi dinlerde bile Tanrı ile beraber meleklerle, peygamberlere, kitaplara hatta din büyüklerine iman getirilmiştir. Gök Tanrı dininde Gök Tanrı dininde ise meleklerin, kitapların, peygamberlerin ve din büyüklerin yerine Güneş, Ay, Yıldız tutmuştur. Unutmamalıdır ki eski Babil'de Şamaş-Sama, Mısır'da Amon-Ra, Roma'da Mithra, Hindistan'da Varuna vb. Tanrılar Güneşi, Ayı, Yıldızı, temsil ettiği halde Gök Tanrı dininde Türkler bunlara ikinci planda tutmuşlar, tek Tanrı sadece Gök Tanrı sayılmıştır. Başka dinlerden faklı kılan bu inanç sistemi Orhun yazitlarında da ifade edildiği gidiidir. Gök Tanrı dilindeki Tanrı sözünün Türkçe olması da bu fikri hastık eder.

Tabiatla sürekli temasta olan, bütün âlemi ruhlar dünyası hesap eden Türkler, yer ve su deyimini ile ifade ettikleri bu mukaddes yer küresinde büyük imparatorluklar kurdukları asırlarda bir yurt, vatan inancı haline dönüştürmüştürlerdir.

Günümüze degen Dünya tarihinde gerçekli rol oynayan Türkler ilişkî içinde oldukları halkların dini inançlarına saygıyla-hoşgörüyle yaklaşmakla birlikte, o halkların mensup oldukları dinleri de kabul etmiş, günümüzdeki Türk halkları ayrı ayrı dinlere inanmaktadır.

İlk başta Çinliler ilişkî içinde olan kadim Türkler Çin mitolojisinden ve felsefesinden etkilenerek Budizm medeniyetinin oluşumunda önemli yer oynamışlardır. Çin'de devlet kuran Tabgaçlar Budizm'in tesiri ile 495 yılından itibaren kendilerine ayıt Yung-Kang ve Long-men Buda heykellerini inşa etmişlerdir. Tabgaç Türk sülalesi, 4. yüzyılın sonlarına doğru Çin'e hâkim olduktan sonra, kendini Çinlilerden ayırbilecek bir dine ihtiyaç duydu. İç Asya'da ve Hindistan'da tamamen hür hareket edebilen Budistleri, Tabgaç hükümdar himaye etti. Kağan kendisini Buda'nın mûridi kabul ettiği için, Tabgaç hanedanının da millî dini oldu. Belki Tabgaçlar, Budizm'in millî yapılarını zayıflatması sebebiyle Çinlileştiler, ama Tabgaçlar Budist sanatta yeni bir devir olan Wei San'atının geliştiricisi oldular. Daha sonra Kôk Türklerin meşhur hükümdarı Taspar (Tapar) Kağan da (572-581), Budizmi kabul ederek, Türklerin arasına Budistliği yeniden sokmuştu. Kuzey Chou Devletinde, İmparator Wu-ti tarafından yasaklanan Budizm'in ünlü misyoneri Hintli Jinegupta, müritleriyle beraber Kôk Türklerle sığınmış ve burada on yıl kalmıştı. Bu sırada Budizm'in bazı ilkeleri öğrenilmekle beraber; birçok dini kitap ve metinler Kôk Türkçeye

çevrilmiş, Budist tapınakları ve manastırları kurulmuştu [5, 25]. Budizm'i bütün Göktürk Kağanına yaymaya çalışan ve bulunla da Göktürkleri Çinlileştirmeye uğraşan Çinliler ağır yenilgiye düşer ve Budizm ikinci Göktürk (Kutluk-İlteriş) Kağanlığı döneminde tamamen ret edilir. Çin kaynaklarına göre Bilge Kağan, Çin'de olduğu gibi karargâhimin etrafına kale yapmak, Buda ve Lao-tseu adlarına tapınaklar inşa etmek hevesine düşmüş, halkını şehir hayatına alıştırmak ve onların günlük hayatını Buda dininin ayinleriyle düzenlemek için şehir ve tapmak inşa ettirmek istemiş, ancak onun bu fikri Vezir Tonyukuk'un şiddetli muhalefetiyle karşılaşmıştır [6, 206].

Uygurlar hâkimiyeti döneminde Bögü Han tarafından Maniheizm Türkler arasında yayılmış, onların Türkistan'daki hâkimiyeti zamanında tamamıyla yerleşmiştir. Göktürk yazısı değiştirerek yerine Soğd menşeli ve kendilerine uygulayarak Uygur yazısını kullanmışlardır. Sonra da Budizm'in de tesiri ile Maniheist ve Budist eserleri Uygur diline tercüme sonucunda zengin bir dini nitelikli edebiyat oluşmuştur. Bu edebi-dini eserler Türklerde ayt hece ölçüsü ile yazılmış ilahiler, maniler, dualar, vb. 10. asırda Uygur diline tercüme edilen Altun Yaruk (Altın Işık) kitabıdır. Hindistan ve Çin'de olduğu gibi Orta Asya'nın çok eskilerinden beri İran'la da münasebeti olması nedeniyle Türkler, bu kültürün dinlerinden de etkilenmişlerdir. Türkler arasında geniş bir taraftar kitlesi elde eden bu İran dinleri Zerdüştilik, Mazdeizm ile Orta Doğu'nun çeşitli eski inançlarından, kısmen de Uzak Doğu dinlerinden oluşan Zerdüştiliğe tepki olarak ortaya çıkan Maniheizm'dir [7, 206].

Tarihte Buda adı ile tanınan Siddhartha Gautama-Şakamuni Buddha (Şaka kabilelerinden gelen bilgin) tarafından ortaya çıkarılan Budizm dünyada en geniş yayılmış dinlerden biridir. M.Ö 6-5 yüzyılda Hindistan'da temeli atılan Budizm Hindistan'da Brahmanizm'e ve Hinduizm'e, Çin'de Daosizm'e, Japonya'da Şintoizm'e, Tibet'te ve diğer yerli dinlerle kaynaşarak yayılmıştır.

Budizm'e göre insan hayatı şer (kötü) ve azaplardan ibarettir. Azap ve şer ise insanın arzu ve ihtirasları doğurur. Amaç bütün arzu ve ihtiraslardan sınavarak ruhun kurtuluşuna erişmesidir. Bunun sonucunda sükünete, huzura, dünya nimetlerine, bilgelige erişe bilmektir.

Budizm felsefi-dini içeriğinin esas olarak tabiatı ve onların idrak olunması şeklinde eğitim gerçekleşir. Bu öğretiye göre maddi dünyaya ayt şeyler ve zihinsel(ruhsal) olaylar sürekli harekette yanıp sönmekte olan küçük parçalardan ibarettir. Bu dini öğretiye göre varlığın temeli idrak edilemez, ruh ilahi vücuttur. Maddi âlem ise ilahi vücadun tecellisidir.

Türklerin girdiği yabancı dinler arasında onları en çok etkileyen inanç sistemlerinden birisi Hindistan kökenli Budizm'dir. En belirgin özelliği, tapılacak üstün bir varlığa yer vermemesi olan Budizm, her şeyin serbestçe incelenmesi, denenmesi esasına dayanan bir öğreti veya felsefe niteliğindedir [8, 104].

Budizm'e göre üç dünya bulunmaktadır.

1. insan, hayvan, ruhlara ayıt bu yaşadığımız Dünya,
2. Tanrının bulunduğu gökyüzü,
3. Buda'nın yaşadığı mutlak boşluklar dünyası.

İnsanın amacı da kendisini üçüncü dünyaya hazırlamak, buda âlemine ulaşmaktadır.

Tarihte Türkler Budizm ve Manihaizm dini medeniyetinin en büyük temsilcilerinden olmuşlardır. Budistlere göre; Mazdaizm'de olduğu gibi ölen insanın cesedi pistir. Toprak kutsal kabul edildiği için ölen kişinin cesedi ya nehre atılır ya vahşi hayvanlara verilir veya yakılarak ölenin teninin toprağa değerek toprağı kirletmesi önlenir. Hint ve Çinliler de bir Buda'nın yakılan cesedinin külleri yedi memlekete dağıtılrken, Türkler Budizm'i farklı olarak kabul etmişler ve bilhassa insan ölüsü ve gömülümemesi ile ilgili inançları benimsememişlerdir.

Hindistan ve Çin'le olduğu gibi Orta Asya'nın çok eskilerinden beri İran'la da münasebeti olması nedeniyle Türkler, bu kültürün dinlerinden de etkilenmişlerdir. Türkler arasında geniş bir taraftar kitlesi elde eden bu İran dinleri Zerdüştilik, Mazdeizm ile Orta Doğu'nun çeşitli eski inançlarından, kısmen de Uzak Doğu dinlerinden oluşan Zerdüştiliğe tepki olarak ortaya çıkan Maniheizm'dir [8, 66].

Göktürklerin Budizm'i kabul etmelerinden yaklaşık iki yüzyıl sonra, 763'te Uygur Kağanı Bögü'nün (760-780) Mani dinine girmesi üzerine bu din Türkler arasında yayılmaya başlamıştır. Yayıcısından ötürü Manihaizm adını alan bu dinde, maddeyi ve ruhu esas alan bir ikilik öngörülümüştür. Ana düşüncesi iyilik ve kötülük arasındaki zıtlıktır. İyilik aynı zamanda ışık ve ruh; kötülük de karanlık ve beden demektir. Evren iyilik ve kötülüğün, insan ise ruh ve bedenin karışımıdır. İnsanlar, "aşk, inanç, yetkinlik, sabır ve hikmet" gibi beş erdem ile kötülüğe karşı durabilirlerdi. ışık gönderen güneş ve aya dua etmek ve oruç tutmak da yapılan ibadetler arasında idi [9, 105].

M.Ö 6. yüzyılda Çin bilgini-düşünürü Konfュçyüs tarafından oluşturulmuş ve iki bin yıldan fazla bir zaman sürede Çin'in sosyal, siyasi, felsefi ve ideolojik bir dini eğitim olan Konfュçyanizm bu şekilde Türk dini hayatının içine girmiştir. Türk dini ile kaynaşıp karışarak Türkçüye hizmet etmiştir. Be felsefi-dini görüşün temel prensibi hûmanist ve hoşgörûdür. Bu

öğretiyeye göre insan kaderini Gökyüzü belirlediğinden insanların soylulara ve miskinlere-yoksullara bölünmesi söz konusu olmaz, soylu insanlar yoksullara yardım etmeli ve örnek olmalıdır. Konfüçyanizm'in ahlakin temelini iyilik, doğruluk, edeplilik, bilgelik ve sadakat teşkil etmektedir.

Bu öğretiyeye göre; hayat, ölüm, huzur ve şeref gibi erdemlerin hepsi gökten gelir. Bu dini öğretinin bir inanç sistemi ve teşkilatı olmayıışına rağmen bu öğreti 2 bin yıldan fazla Çin imparatorluğunun dini olmuştur.

Türkler Konfüçyanizm'in öğretilerini devlet seviyesine götürmemekle beraber onun bazı öğretilerini kendi öğretilerinde var olan iyilik, doğruluk, edeplilik, ağırbaşılılık, güven, atalar kültüne saygı gibi kavramları pekiştirmiştir.

Türklerin Gök Tanrı inancından sonra insanlığa sunulmuş ve mükemmel bir din olan Ateşperestliktir. Ateşperestlik inancı dünyanın en eski tek inançlı dinlerden sayılır. Ateşperestlik, adından da anlaşılaceği gibi ateşe (ot-od) ilahi güç gibi tapmak demektir.

Ateşperestlik ilk topluluklarda dünyanın birçok halkları arasında yayılmıştı. M.Ö 2-1 yüzyıllarda yaşadığı tahmin edilen Zerdüşt (Azerdüşt) peygamber tarafından oluşturulan ve bazı tarihi kaynaklarda Azerdüştülük (Zerdüştülük) olarak kayıt edilen bu din insanlık tarihinin ilk monoteist dini sayılır. [10, 38-39]

Türklerin dinleri, peygamberleri, kitapları olmayan bir halk adlandıranlar bilmelidir ki Türklerin Gök Tanrı, Şamanizm ve Ateşperestlik gibi dinleri, Avesta gibi kutsal kitabı, Nuh, Yafes, Türk, Hızır, İlyas, Azer ve Azerdüşt (Zerdüşt) gibi peygamberleri olmuştur.

İlerleyen zamanlarda Türklerin oluşturduğu bu saf dine Farslar kendi mitlerini, adet ananelerini de katarak esas Avesta kitabını yaktılar kendilerine uygun bir şekilde inanç oluşturduklar. Tarihte bilinen iki bin manda derisine yazılmış eski Avesta'yı yakan Farslar sonradan kendilerinin etnik ve siyasi ideolojilerini yansitan yeni bir Avesta oluşturduklar, çok geçmeden bu Avesta kitabını Büyük İskender tarafından yakıldı. Farslar tarafından kaleme alınan günümüze kadar gelen Zendi Avesta da Turanlılar Farsların edebi düşmanı gibi gösterilmiştir. Avesta'yı ilk oluşturan Türk Maklar ise Fars dilinde konuşan kavim olarak kaleme alınmıştır. Tarihi sahitleştirmekte ve Herodot'un dediği gibi başka halkların adetlerini kabul etmeye usta olan Farslar kendilerini kadim Türklerden olan Midyalıların varisine çevirdiler. Ön Turanlıların bütün medeni, maddi ve manevi değerlerlerini benimseyip, onların dini görüşünü de benimsemişlerdir. Farslar bulunla birlikte Türklerin Ali Tanrısi Hormoz'u (Ahuramazda) iyilik tanrısını insan şeklinde tasvir etti ve şahı da onun yeryüzündeki temsilcisi

ilan etti. [10, 102-106].

Zerdüşt (M.O. 628-551) tarafından kurulmuş olan Zerdüşt'lük İran'ın millî dini olmuştur. Bu dinin kültürel geçiş alanı üzerinde bulunan Türk ülkelerinde etkili olduğunu söylemek mümkündür [11, 233].

Türkistan'da yayılmış olan Zerdüşt'lilik, Orta Asya Türk kültür ve sanatı üzerinde de etkili oldu. Göktürkler kendi tanrılarını İran resim geleneğine göre resmetmekteydi [12, 234]. Çin motifî olan cennet kuşu, Zerdüşt'lîğe geçti ve onun en önemli sembollerinden biri oldu. Horoz ve cennet kuşu, ateş ve güneşin sembolüdür [12, 192]. Zerdüşt'lilikteki ateş kültü, İran kültüründe tapınma objesidir. Hâlbuki Türklerde ateş, temizleme aracıdır. Horasan ve Maveraünnehir yöresi dışında Hazar kıyılarında da Zerdüşt'lîğe giren Türkler bulunmaktaydı [13, 54].

Bunlardan başka çok tanrılı din olan Totemizmdir. Eski Türklerde totem inancı eski Türkler de Totem inancı vardır ama bu başka halklarda olduğu gibi din şeklinde olmamıştır. Kadim Türklerde daha çok Bozkurt, Oğuz Türklerinde kartal, baykuş gibi yırtıcı kuşlar olmuştur. Bu hayvanlara ve kuşlara saygı göstermek anlamında olmuştur, onları ilahlaştırmaya demek değildir.

Türklerden bir grubun “kurt”u (Gökböri) ata olarak tanıdıkları, Göktürklerin kurttan türedikleri hakkındaki efsanenin Çin kaynaklarına kadar geçtiği bilinmektedir. X. Yüzyılda Abbasoğulları döneminde özel bir görevle Türklerin yaşadığı bölgeleri gezmiş olan Arap bilgini İbni Fadlan, Başkurt Türklerinden bir kısmının “yılan”a, “balık”a veya “turna”ya taptıklarından söz etmektedir. XI. yüzyılın Arap tarihçilerinden Gardizi de Kırgızlar içerisinde “inek”e, “kirpi”ye, “saksağan”a ve “şahin” e hatta güzel ağaçlara tapanların bulunduğu anlatmaktadır [14, 98]. Türklerde totem inanışının olmadığını ileri süren tarihçiler de bulunmaktadır. Örneğin, İbrahim Kafesoğlu, Türklerde kurdun saygıdeğer bir simge sayıldığını; fakat ona tapılmadığını, ayrıca totemci ailede ana hukukunun hâkim olduğunu; oysa Türk ailesinin ataerkil bir yapıya sahip olduğunu vurgulamıştır [1, 115].

Totemizm belli insan grubu ile hayvan ve ya bitkilerin akrabalık yakınlığına inanmaktadır. Totemizmin Amerika'daki Kızılderililerde görülmekte ‘onun nesli’ anlamına gelen söz kullanılmaktadır. Her kabile ve aşiret kendilerine ayı特 totemin adlarıyla bilinmekte. Totemi öldürmek ve ya yemek yasaktır. Kızılderililerin Türk olarak kabul ettiğimizde Türklerde de totemizmin olduğu kabul etmemiz gereklidir. Totemizm birçok dünya halkları arasında görüldüğünden onun kalıntıları sonraki bütün dünya dinlerinde görülp saklanmıştır.

Bir klan dini olan totemizmde mülkiyet ortaklısı vardır. Türklerde ise ortak mülkiyetten ziyade bireysel-şahsı mülkiyet görülmektedir. Totemizmde aynı toteme bağlı olanlar bir birleriyle akraba sayılır. Türklerde ise kan bağı esastır. Totemizme inanan halklarda her klanın ata-baba olarak hesapladığı ayrı ayrı totemler mevcuttur. Türk halklarında ise kutsal saydıkları havanlar-yaratıklar mevcuttur. Totemizmde taş, su, yağmur vb. totemdir. Türklerde ise böyle bir inanç yoktur.

Totemizmde ruhun olumsuz olduğuna inanılmaktadır. Türkler de ise evreni ruhlar dünyası gibi kabul etmekte, dini inancın temelinde ruhun sonsuzluğuna inanılmaktadır.

Türklerin mensup olmadıkları bir diğer din ise Fetişizmdir. Fetişizm maddi eşyaları ilahlaştırip ona tapmaktır. Ağaç parçası, taş, hayvan bedeni vb. Fetişizmlendirilen eşyalar dünyanın birçok halklarında görülmektedir. Dünya dinlerinin birçoğunda günümüzde de cesetlere, kutsal yerdeki yapılara, taşlara put şeklinde fetişizm yansımاسının devam ettiğidir.

Türklerin tarihinde görülmeyen dinlerin biride Şintoizmdir. Şintoizm tabiat kültüne, ataların Tanrılarına, sihir adetlerini temellendiren Japonların milli dinidir. Şinto ‘Allah’ın Yolu’ demektir. Bu dinin felsefesinde insanın kökeni sonsuz sayıda ruhlardan, gücü Tanırlardan alır.

Bu Tanrılar içerisinde Güneş Tanrısı ‘Amaterosu’ esas yer tutar. Şintoizm’de ibadet tipi; kurban kesme, arınma, dua ve sunmak-adamak.

Türklerin mensup olmadığı bir diğer dinse Caynizm'dır. Temelinde dini-felsefi öğretiler olup, M.Ö 6. yüzyılda Hindistan'da 'Vardhamana' önderliğinde ortaya çıkmıştır. Daha sonraları ona Mahavira (Büyük Kahraman) ve Cina (Üstün) adları verilmiştir ki öğretisinin adı Cina olarak kalmıştır. Mükemmel olan ve mükemmel olmayan canlılar kendi aralarında bir kademe halindedirler. En aşağıda cansız varlıklar ve bitkiler, en yüksek kademedede ise hayvanlar, insanlar ve Tanrılar bulunmaktadır. İnsanlar ve Tanrılar aynı özellik gösterirler aralarında fark yoktur. Kurtuluşun yolu ise Tanrıyla bütünlüğe mektir.

Türklerin benimsememiği bir başka din ise Veda inancıdır. Veda dininin felsefesi eski Hint yazıtları olan Vedalardır. Bu inanışta tabiat güçlerini ilahlaştırmış, sosyal berabersizlige yol açmış, Tanrıçayı Tanrıların Tanrısı olarak belirlenmiş. Veda dininin zaman içinde değişmesi sonucunda Brahmanizm ortaya çıkmıştır.

Türklerin de benimsememiği Brahmanizm dinin de tabiat güçleri ile birlikte sosyal-toplumsal güçleri de ilahlaştıran hatta animistik inanışla temellendiren dini sistemdir. Brahmanizm öğretileri Mahabharat, Brahmana, Upanışada gibi dini kitaplara dayanmaktadır.

## **M.Navdar. Kadim Dinler ve Türklerin Kadim İnançları hakkında...**

---

Toplulukların ve devletin gruplara bölünmesini savunan Brahmanizm M.Ö 1.yüzyılda meydana gelmiştir. Budizm'e karşı mücadele etse de etkisinden kurtulamamış M.S 1.yüzyılda Hinduizm şeklini almıştır.

Hinduizm dini de Türklerde görülmemiştir. Hinduizm aslında yenileşme içine girmiş Brahmanizm'in devamı olup M.Ö 6-4 yüzyılda Budizm ve Caynizm'in yayılmasına karşı ortaya çıkmıştır. Tek Tanrılı din olmayıp, tek hükümler, tek ayinler, tapınaklar yoktur. Hinduizm inanışında Brahmanizm unsurları görülmekle birlikte Veda ve diğer yerli dinlerin öğretileri (suya, hayvanlara, atalar kültüne) görülmekle birlikte Budizm de unsurları vardır.

Vedaların Rigveda, Samaveda, Yajurveda ve Atharvaveda'nın mukaddes kitap kabul edilmesi

Samsara (yeniden doğuş) Karma yasasının temelinde; ölümden sonra ruhların göçerek çeşitli canlı varlıklarda somutlaştırılması şeklindedir.

Hinduizm dini-felsefi tasavvur için ilahiliğin tecelli ettiği insan ruhu 'Atman' ve dünya ruhu 'Brahman' tabiata karşı duran ruhi nitelik öğretisi karakteristigidir. Hinduizme göre insan hayatının amacı ilahiliğin tecelli ettiği insan ruhunu tabiattan bağımsız etmek ve Brahmanla bütünlüğe ulaşmak. Hinduizm baş tanrisinin üç önemli özelliği vardır; yaratmak (Brahma), korumak-gözetlemek (Vişnu), Dağıtmak-yaymak (Şiva)

### **Sonuç:**

Birçok din ve öğretiler farklı coğrafyalara yayılım göstermiş ve kitlerin toplu bir halde etkilemeyecek derin bir süreçten geçmiştir. İlk zamanlarda halklar tabiat olaylarına bir anlam vererek inanç oluşturmaya başlamışlardır. Sonraki zamanlarda hayvan, bitki, atalarının ruhlarına tapınma gibi çok sayıda kutsiyet katmışlardır. Kadim Türkler de bu süreç içinde kendi öğretilerini oluşturmuşlar diğer dinlerin etkisiyle de zamanla inançlarında farklılıklar olmuştur. İslitler ve Hunlar daha çok atalar kültüne ve tabiatın canlılığı esas alınarak inanç oluşturdu. Kadim zamanlarda eski Türklerin yer aldığı İpek yolu üzerinden pek çok din yayılmıştır. Türklerin Göktürk inancı diğer dinlerin etkisinden uzak, kendisine has bir tarzla diğer dini inançların etkisini kaynaştırmışlardır. Guillaume de Rubrauck'nun Türk yurtlarında yaptığı Seyahatler neticesinde söyle der: "Türkler, Gök Tanrıya tapmakta ve gök tanrı ruhlar âleminde temiz bir şekilde yaşamaktadır." belirtmiştir. Sadece İslam dini Türklerin dini inançlarında önemli yer tutmuştur.

**KAYNAKÇA**

1. Tezcan Mahmut. *Kültürel Antropoloji* // Kültür Bakanlığı Yayınları.– Ankara: 1996.
2. Çavuşoğlu Yaşar. *Eski Türk Dini* // Tanıtım 7/79.– İstanbul: 1986.
3. İnan Abdulkadir. *Tarihte ve Bugün Şamanizm* // Türk Ansiklopedisi 2. Baskı. – Ankara: 1972.
4. Tanyu Hikmet. *İslamlıktan Önce Türklerde Tek Tanrı İnanç* // A.Ü. İlahiyat Fakültesi Yayınları.– Ankara: 1980.
5. Gömeç Sadettin. *Kök Türkçe Yazılı Metinlerin Türk Tarihi ve Kültürü Açısından Değerlendirilmesi* // Doktora Tezi.– Ankara: 1992.
6. Kafesoğlu İbrahim. *Eski Türker'de Devlet Meclisi–Toy* // Birinci Millî Türkoloji Kongresi.– İstanbul: 1980.
7. Ocak Ahmet Yaşar. *Bektaşı Menakiplarında İslâm Öncesi İnanç Motifleri* // Enderun Kitapevi.– İstanbul: 1983.
8. Ocak Ahmet Yaşar. *Alevi-Bektaşı İnançlarının İslâm Öncesi Temelleri* // İletişim Yayınları.– İstanbul: 2000.
9. Şerafettin Turan. *Türk Kültür Tarihi* // Bilgi Yayınları.– Ankara: 1994.
10. Ebulfaz Elçibey. *Büyük Azerbaycan Yolunda* // Ecdat Yayınları.– Ankara: 1998.
11. Vasily Vladimirovich Barthold. *Moğol İstilasına Kadar Türkistan* (Çvr. Hakkı Dursun Yıldız) // Türk Tarih Kurumu Basımevi.– İstanbul: 1981.
12. Ögel Bahaeeddin. *İslamiyet'ten önce Türk Kültür Tarihi I* // TTK Yayınları.– Ankara: 1984.
13. Vasily Vladimirovich Barthold. *Orta Asya Türk Tarihi Hakkında Dersler* // Kültür Bakanlığı Yayınları.– Ankara: 1975.
14. Turan Şerafettin. *Türk Kültürü Tarihi* // Bilgi Yayınları.– Ankara: 1994.

---

---

## МЕРЕЙТОЙ

---

---

КӨРНЕКТІ ТҮРКІТАНУШЫ, ҰЛАФАТТЫ ҮСТАЗ – 75 ЖАСТА

(Әжібай Керімұлы)

PROMINENT SCIENTIST TURKOLOGIST, MENTOR 75 YEARS

(Azhibai Kerimuly)

*Ержан ӨМІРБАЕВ\**



### Түйіндеме

Мақалада белгілі түркітанушы ғалым Ә.Керімұлының түркітану саласындағы қызметі және қазақ тілі тарихын зерттеудегі орны туралы айтылады. Автор үстазы Ә.Керімұлының есік қыпшак ескерткіштеріндегі сөзжасамдық ерекшеліктерді зерттеу жұмыстарына талдау жасайды.

**Кілт сөздер:** ортағасырлық жазба ескерткіштер, Ә.Нәжіп, қазіргі түркі тілдері, лингвистика маманы, тіл тарихы.

### Abstract

This article deals with the seruce of turcologist scientist A.Kerimuly in the field of turcology and his role in investigating history of Kazakh language. The author analyses his preceptor A.Kerimuly's works in vestigating word-forming peculiarities in the old Kipchak manuscripts.

**Keywords:** medieval manuscripts, A.Nazhip, modern Turkish languages, linguist, history of language.

\* Филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркік университеті, Түрк филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Түркістан-Қазақстан. International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi, Candidate of Philology, the senior lecturer of the Department of Turkic Philology. Turkestan-Kazakhstan. E-mail: melb\_2001@mail.ru

Ұлағатты ұстазымыз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері Әжібай Керімұлының тұғанына 2014 жылы құзде 75 жыл толды.

Әжібай аға 1939 жылғы 1 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданындағы Жыныс ата ауылында дүниеге келді. 1941 жылғы желтоқсан айында әкесі Керім майданға алғынады да, содан елге оралмады. Соғыс қарсаңында, 1940 жылдары, дүниеге келген ұрпақтың көрген қыншылығын көріп өсті. Аштықтың, жалаңаштықтың қандай болатынын бастан кешірді.

1957 жылды орта мектепті бітіріп, сол аудандағы бір совхозда екі жылдай алуан түрлі қара жұмыстарды істеді. Өйткені ол кезде оқуға түсү үшін кем дегендеге екі жыл еңбек өтілі болу керек еді. Одан соң үш жыл өскери міндеттін өтеп қайтты. 1962 жылды Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1967 жылды ойдағыдай бітіріп шықты. Университетті бітірген соң, өз қалауы бойынша Созақ ауданына келіп, Жамбыл атындағы 8 жылдық мектептеге екі жыл қазақ тілі мен әдебиеттінен сабак берді. Кейін осы мектеп өмірінен бірнеше мақала, очерк жазып, оларды республикалық басылымдарда жариялады.

1969 жылғы қазан айында Тіл білімі институтындағы (қазіргі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) ескі тілдің сөздік бөліміне аға лаборант болып орналасты. Аға лаборант қызметтін атқара жүріп, бұл күнде мағынасы ұмыт болған *бақауыл, ұши мірі, ебеп, жырым, құшнаш, жиязы, мият* сияқты жиырмадан астам сөздің этимологиясын анықтады. Бұл сөздер мақала түрінде «Жұлдыз», «Қазақстан мектебі», «Қазақстан өйелдері» журналдарында және «Ана тілі» газетінде жарияланды.

1973 жылды сөүір айында Алматыға аты әлемге әйгілі түріктанушы Әмір Нәжіп арнайы келіп, Тіл білімі институтының қызметкерлеріне орта ғасырлардағы түрік жазба ескерткіштері туралы бірнеше күн дәріс оқыды. Сол жолы ғұлама осы сала бойынша Қазақстаннан да шәкірттер дайындағысы келетінін айтқан екен. Ол кезде Тіл білімі институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары болып істейтін Әбдуәли Туганбайұлы Қайдар Әжібай Керімұлын Әмір Нәжіпке шәкірт етіп бекітіп, Мәскеуге оқуға жібереді.

Орта ғасырларда түрік тілінде жазылыш, біздің дәуірімізге келіп

жеткен бірсыныра ескерткіштер бар. Олар түгелге жуық басылып шықты. Тіл жөнінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сөздіктер де жасалды. Әйтсе де белгілі бір дәуірде жазылған ескерткіштердің материалдары өзара салыстырылып, үқсас жақтары мен айырмашылығын көрсететін зерттеу жұмыстары бүгінгі таңда көп емес. Соған байланысты белгілі бір ескерткіштің тілі туралы айтылған пікірлерде бірізділік жоқ. Сол жазба мұралар қазіргі түрік тілдерінің біріне қарасты, сол тілде жазылған дүниелер бар.

Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштерінің тілін нағыз лингвистика маманы ретінде ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалым Әмір Нәжіп: «Орта ғасырларда қазіргі түркі тілдерінің бірінде жазылған ескерткіш жоқ. Бәрі аралас әдеби тілде жазылған», - дейді. Ә.Нәжіп шәкіртіне «Ескі түрік ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жүрнақтар» атты тақырып беріп, сәтті қорғатты. Жұмыс ғылыми жетекшісінің көңілінен шығады. Ол бір хатында:

«Дорогой языковед-турколог, Ажибай!

Увлекаясь и закончил свою работу. Написали очень хорошую работу. Скорее защищайте работу срочно изданию», - деп жазды.

Әжібай аға 1980 жылғы 15 ақпанда кандидаттық диссертациясын қорғады. Сол жылды өзі бітірген Қазақ мемлекеттік университетіндегі (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет) Жалпы тіл білімі кафедрасына қызметке шақырылды. 1980-1993 жылдары Филология және Шығыстану факультеттерінде Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі, Түрік тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы деп аталатын теориялық пәндерден дәріс оқып, семинар сабактарын жүргізді. Араб бөлімінде оқитын студенттерге «ХІІІ-ХІV ғасырларда жазылған көне қыпшақ ескерткіштерінің тілі» тақырыбында арнаулы курсан сабак беріп, осы курстың тұңғыш бағдарламасын да өзі жасаған болатын.

1993 жылдан 2000 жылғы дейін Қазақ ауылшаруашылық институтындағы Қазақ тілі кафедрасының менгерушісі, ал 2000 жылдан 2002 жылғы дейін сол институттың Қазақ және орыс тілдері кафедрасында доценттік қызмет атқарды. 2002 жылдан күні бүгінге дейін Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Түркология ғылыми-зерттеу институтында жетекші ғылыми қызметкер болып істеп келеді.

1993 жылдан 2002 жылға дейін Қазақ ауылшаруашылық инситутында (қазіргі Ұлттық Аграрлық Университет) орыс тобындағы студенттерге қазақ тілінен сабак берді. Бұл игілікті ісін Қ.А.Ясауи

атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде әрі қарай жалғастырды орыс тобындағы студенттерге арналған оқу бағдарламасын жасауға қатысты. З.Әбсеметовамен бірге орыс белімі студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралын шыгарды. Диссертация қорғағаннан кейінгі жерде ғалым тіл тарихы мәселесімен, оның ішінде XI-XIV ғасырларда жазылған ескерткіштердің қазақ тіліне қатысы туралы мәселелермен айналысып келеді.

2002, 2004, 2009, 2011, 2013 жылдар аралығында Түркістан қаласында өткен Халықаралық Түркология конгрестерінің бәріне қатысып, тіл білімі бойынша маңызды баяндамалар жасады. 2009 жылы Кекшетау қаласында «Алтайстика және түркологиядағы кешенді зерттеудің өзекті мәселелері» деп аталған конгреске де қатысып, онда «Сүлеймен Бақыргани мұралары» деген тақырыпта баяндама жасайды. Ол баяндамасы осы конгрестің материалдары жарияланған жинақта басылды (Кекшетау, 1-бөлім, 2009 ж. 157-162 бб.).

А.Байтұрсынұлы, Ә.Нәжіп, И.Кенесбаев, Н.Катанов т.б. әйгілі түркітанушылардың өмірі мен еңбектері туралы мақалалар жазып, жариялады. Бұл мақалалары ағылшын тіліне аударылып, «Түркі әлемінің тарихи тұлғалары» деген жинақта жарияланды.

М.О.Өуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Әдеби жәдігерлер» атты жиырма томдық басылымды дайындаш, жариялаған болатын. Осы құнды басылымға Сәйф Сарайдің «Гүлстан би-т-туркі» («Түркіше Гүлстан») шығармасы мен Құтбытың «Хұсрау мен Шырын» дастаны да енді. Осы екі ескерткішті де түштүсқа негізінде алғаш рет қазақ тіліне аударып, баспаға дайындаған Ә.Керімұлы болатын.

Ұстазымыз Ә.Керімұлы сөз тудыруышы жүрнактардың даму, өзгеру, қалыштасу жолын білу мақсатында, ортағасырда жазылған ескерткіштердің материалдарын өзара салыстырумен қатар, Орхон-Енисей ескерткіштерімен жүйелі түрде салыстыра отырып, зерттеген. Фалымның бұл еңбегі – қазақ тілі тарихы мен түркология саласында айтартылған маңызға ие.

Ә.Керімұлы өз ұстазы Ә.Нәжіптің Түркістан қаласындағы «Тұран» баспаханасынан шыққан үш еңбегінің де қолжазбасын баспаға дайындау жұмысына бастап-аяқ қатысып, сапалы шығуына бір кісідей атсалысты. Ұстазымыздың «Ақырын жүріп, анық бас» ұстанымы бойынша мүмкіндік болыш жатса, бұл игілікті ісін әрі қарай жалғастырмақ та ойы бар. Шәкірті ретінде өз атынан және Түркология ғылыми-зерттеу институты ұжымы атынан ұстазымызға зор денсаулық, ғылым жолында шығармашылық табыс тілеймін.

---

---

## МИРАС

---

### ХАНДЫ АРАШАЛАҒАН ҚАРАША

Бірде Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым академиясының академик хатшысы, тарихшы Рамазан Сүлейменов (әдебиетші ғалым Серік Негимов арқылы) бізден Бейсекенің «Аблай» (1941 ж.) аталатын кітапшасын сұратты. Сұраттын себебі кітап қолданыстан алғынып тасталған. Кітапханаларда пайдалануға тыйым салынған. Беріп жібердік. Бірсыныра уақыттан кейін тарихшы ғалымның Абылай жөнінде зерттеу кітабы жарық көрді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде Бейсембай Кенжебайұлының кітабы аталмапты. Асығыстау қызынып Рамазан Бимашұлына бардым. Ақы сұрамайтын қазақы сөлемнен соң ашу шашыңқырап әңгіме айттым, кітапты қайтарып беруін талаң еттім.

– Кітабыңыз шығыпты. Құтты болсын. Бірақ Бейсекең кітабын пайдаланып, тізімде көрсетпепсіз. Кіслілігіңізге рахмет! Кітапты қайтарыңыз.

– Үйде еді. Ертең әкеleiп берейін. Өзің отырып әңгіме тыңдашы...

Галым әңгіме сабактады. Мен тыңдадым.

– Сырт бітіміне қарасаң момын ғана адамның Абылай хан жайында кітап жазуға құш-жігерді қайдан тапқанына қайранмын – дейді Рамазан Сүлейменов. – Қазір бәріміз де Абылайшыл болыш жатырмымыз ғой. Соның өзінде қаймыңамыз. Ал, қырқыншы жылдары Абылай атын атапайтын еді ғой. Өзі баспаның бас редакторы болыш тұргасын кітап жазды, жарыққа шығарды. Бірақ қалай айдаңып, атылыш кетпеген, қалай аман қалды? – деп қайран қаламын. Бұл шағын кітап қайтпаң қайсаrlықтың, үлкен парасат, қайталанбас ерліктің күесі.

Сен өкпелеме маған. Мен Бейсекен еңбегін кітабымда пайдаланған едім. Пайдаланғанымды жасырмай, сілтемеде көрсеткен едім. Амал қанша, кітап әлі ақтамапты. «Көрсетуге рұқсат жоқ» деп алыш таstadtы. Қазір уақыт жақсарып келеді ғой. Кітабымды қазақша шығарсам деген ойым бар. Аударуга жәрдем бер. Сонда бәріне көзің жетеді.

Біз осы жайға бәтуаласып қоштасқан едік.

Ұлы хан – Абылай жайында Мұхтар Әуезов роман жазбақ болған уақытында. Алайда, жазушы арманы жүзеге аспады. Арман өлді. Қатал уақыт, соқыр саясат ұлы жазушы арманын тұншықтырды,

қиял қанатын қырықты. Өкінішті. Ал Бейсекең кітапшасы шағын да болса ақар-шақар уақытта жарық көріп ұлгерді. Жарық көріп ұлгергендіктен оқырманға хан кемелі – Абылай жөнінде он-сан ой айтты, ойландырыды. Оқырман ойына ұлттық рух екти. Орыстанып қалғыған санаға қазақылық екти. Партия өктемдігінен жұрт хан атаулыдан ат-тонын ала қашып жатқан кезде жаңбырша жауып тұрған оқтың арасынан аман өткен оқ қағары бар жауынгерлердей саяси саңлау сәтті пайдаланып Абылай хан жайында әңгіме маздатты. Шағын кітаптың құнды, мәнді сәттеріне тоқталайық.

Б.Кенжебайұлы жазады: «**Аблайдың тегі де, өзі де хан болыш өткен. Аблайдың өзі қазаққа қырық сегіз жыл хан болған. Бұл жонінде атақты Арыстан ақын былай дейді:**

**Қылады Мәкержеде байлар сауда,  
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.  
Сұрасаң Аблайдың туған жері  
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.**

**Осыған қарап, кейбір жолдастар Аблайдан ат-тонын алыш қашады: ол хан болған, хан деген ескішіл болады ғой дейді».**

Байқайсыз ба, ғалым мәселені сол кездің өзінде қалай қояды? «Аблай» осындағы мәселе қойысымен де құнды. Бұл – кітаптың алғашқы жетістігі. Сұраумен ойды қозғап, жаңаша жауапқа шақырып отыр. Жауабын тыңдайық: «...хан біткеннің бәрі бірдей халықтың дүшпаны, хан біткеннің бәрі бірдей ескішіл болмайды. Белгілі бір тарихи жағдайлардың арқасында үстем тап үәкілдерінің, мысалы, би, бек, хан, патша, тағы тағылардың жалпы халық жырын жырлайтыны, жалпы Отанды қорғайтыны болады».

Бұл – «Аблайдың» үлкен жетістігі. Кітаптың жетістігі – автордың жетістігі. Алдындаған «Билер дәуірінің әдебиеті» – атаганы үшін Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» аталағын кітабын жапқан. «Билер сөзі» атап, қазақтың шешендік сөздерін зерттегені үшін Әмина Мәмбетованың көрмеген құқайы жоқ. Хан, бек, би атаулы қолданыстан алынып, әдебиеттерден аласталған, құбыжық саналған уақытта Бейсекенің Абылайды Отаншыл хан деп ақтау-жақтауы сүмдүк үлкен кісілік, ажалына асықкан баладай ерте айтылған сөз.

«**Қазақтың қазақ хандығы тұсындағы кейбір хандары, әсіресе Аблай хан... жалпы халықтың, ел-отаның мұддесін көздеді, шет ел жаулас алушыларына қарсы, қазақ халқының өз алдына ерікті ел болыш тұруы жолында күресті**» – дейді-ау тағы. Тағы да батыр ойлы, батыл сөз! Әр сөзінің қатер туғызар тар кезеңде,

әр сөз, сөйлем сайын өршіп сөйлеуі кісіні қайран қалдырады.

**«Аблай ақылды адам болады. Бұл қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі материалдармен қатар көрші мемлекеттердің үкімет адамдарының айтқандарынан да байқалады»** – дейді және бір сәтте. Бір ғажабы – Б.Кенжебайұлы шағын ғана тарихи очерк кітабын көп-көп ізденіспен, тыңдан мол мәлімет пайдалана отырып, ой-концепциясын ресми, ғылыми пікірлермен түздықтап, дәмдеп жазады. Бұл, бір ғажабы, ез концепциясын дәлелдеу жолы болса, бір жағынан қорғаныс жолы. А.Левшин, Н.Кошкин пікірлерін өте сәтті алады. **«Аблай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың бөгде ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлық кісі еді. Сондықтан жүртты өзіне тарта, ерте білдін еді»** – дейді. Бұл – түркі халықтары тарихына еңбегі мол сіңген А.Левшин толғамы.

**«Қазақтың хандары мен сұлтандары, жағдайына қарай, бірсесе Ресей патшалығына, бірсесе Қытай патшалығына уәде беріп, саған бағыныштымыз деп жүрді. Асыльнда олар Ресей патшалығына да, Қытай патшалығына да бағынбай, тәуелді болмай, өз алдына болып, өзінше іс жүргізді».** Бұл – Н.Кошкин толғамы.

**«Сүйтіп, өзінің де, өзгенің де күшін дұрыс бағалап, соған қарай өзінше саясат ұстауы, төңіректегі елдермен орынды қарым-қатынас жүргізуі арқасында Аблай қазақ халқының басын құрап, елдігін қайта орнатты. Сондықтан ақын:**

**Уш жұз боп, барғаннан соң тойын қылды,**

**Жан көрмеген әртүрлі ойын қылды.**

**Абылай өзі болып тұрғанында**

**Қай жердегі патша да мойын бүрдьы, –**

**деп, Аблайдың Уш жұзді құрап, өз алдына ел еткенін, Аблаймен басқа ел патшаларының санақсанын суреттейді».**

Бұл – Бейсембай Кенжебайұлының байламы.

Міне, Абылай ханның толық тұлғасы.

Б.Кенжебайұлының бұл жазбасының жанры қандай? Бұл жазба жанры – тарихи очерк. Тарихи еңбектерді, ел анызын, ертеде өмір сүрген ақын дастан, толғауларын ұтымды жындастыра пайдалана отырып Абылайдай киелі хан тұлғасын ол өмір сүрген келбетімен

қамшы өріміндей өзектестіре өріп, тұтастырып шығады.

Тарихи очерктің тағы бір сәтінде Бейсембай Кенжебайұлы: «Аблайға дейін болсын, Аблайдың тұсында болсын қазақ халқының арман еткені: 1) өз алдына ерікті ел больш, өзін өзі менгеру, 2) ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етіп, шаруашылығын шалқыту, 3) бір ауызды, ынтымақты больш, Отанын, елдігін қорғау едің – деп жазады.

Бұл – жинақтау сөз, қорытынды ойлар.

Ойлар тынысты алынып, тығыз, тұжырымды айтылуымен де құнды шығар-ау. Сонымен бірге, осынау еңбектің өн бойынан да, әмсө осы жинақтау ойлардан «**қазір қайда сол ынтымағын, қайда қазір сол еркіндігін?**» – деген астарлы ойлар андыздан, астарлы сұраулар жауап тілей қарап тұрғандай болатынын қайтерсін.

1941 жылы 20 қарашада жазылып аяқталған еңбектен осындай ойлар айтылып жатса – адудындылық, азулылық емес пе?! Қай мәселеде де жадау-жалпы қырқыншы жылдары хан Абылай жайында осындай батыл байламды тарихи очерк жазудың өзі ерлік қой.

Бейсекен архивін ашып, жоспарына ден қойсақ, оның Едіге, Абылай, Кенесары дегендег үштаған тарихи очерк жазу ойында болғанын аңғарамыз. Едіге жайында жазды, Абылай жайында жазды, Кенесары жайында жазбақ болып Ташкент архивтерінен көптеген материал көшіріп, көп кітапты конспектілепті. Өкініші – уақыттың ұйқы-тұйқылығынан ғалымның бұл арманы орындалмады. Ойға алған істерінің бірі орындалмағанымен, қалғанының орындалғанына шүкіршілік етеміз. Қарапайым ғана еңбектердің бүтінге әруақтанып, айбарланып жететін себебі олар уақытынан оза айтылды, озық айтылды.

Бейсекенің «Аблай» (1941 ж.) аталатын кітабын қолға алған сайын марқұм академик Рамазан Сүлейменовтың «Осындай кітап шығарған адамның қалай айдалып, қалай атылып кетпегеніне қайранмын» – деген үні құлағыма келеді...

«Түркология» журналының бүтінгі санында Б.Кенжебайұлының тарихи саңлауды пайдаланып жазып, жарыққа шығарып жіберген «Аблай» (1941 ж.) аталатын кітабын өзгеріссіз жариялад отырмыз.

**Бас редактор**

## **АБЛАЙ**

(Қазақ халқының ерлік тарихынан)

Б.КЕНЖЕБАЕВ

«Бұл соғыста сіздерге біздің ұлы ата-бабаларымыз – Александр Невскийдің, Димитрий Донскойдың, Кузьма Мининнің, Димитрий Пожарскийдің, Александр Суворовтың, Михаил Кутузовтың ерлік бейнелері рух, қайрат берсін!» (И.В.Сталин).

Жерімізге баса көктеп кіріп, анамыздай ардақтаған отанымызға ойран салып, социалистік сәнді түрмис құрып жатқан халқымызды қыргынға ұшыратып отырған жалмауыз герман фашистері барлық халықтардың, өте-мәте ССРО халықтарының еркін, бақытты жасауын, шаруашылық, мәдениет жағынан өркендеуін көре алмайды.

«Жау қатал, рахымсыз. Ол біздің мандай теріміз төгілген жерімізді басып алуды, біздің енбегімізben табылған астығымызды, мұнайымызды басып алуды мақсат етеді. Ол помешіктөр өкіметін қайта орнатуды, царизмді қайта орнатуды, орыстардың, україндардың, беларустардың, литвандардың, латыштардың, эстондардың, өзбектердің, татарлардың, молдавандардың, грузиндердің, армяндардың, азербайжандардың және Советтер Одағындағы басқа да ерікті халықтардың ұлттық мемлекеттігін қыйратуды, оларды немістендіріп, немістің князьдері мен барондарының құлы етуді мақсат қылады. Сонымен, әңгіме – Совет мемлекетінің не тіршілік етуі, не құруы туралы, ССРО халықтарының не тіршілік етуі, не құруы туралы, Советтер Одағындағы халықтардың не ерікті болуы, не құлдыққа түсуі туралы болып отыр» (Сталин).

Бірақ жау бізді, совет халқын ешuaқытта да жеңе алмайды. Тұбінде біз, совет халқы, жеңеміз, құтырған жауды күл-талқан қылыш жоямыз, кегімізді еселеп аламыз.

Өйткені біздің ісіміз әділ іс. Біздің Советтер Одағының ісі, құресі, әрекеті прогрессіл, ол қазіргі адам баласының мақсат-мұддесіне сай, соған жәрдемдесу болып табылады.

Өйткені біздің Советтер Одағының тылы әрі кең байтақ, әрі мықты, әбден сенімді. Мұның үстіне Советтер Одағының адам, азық-түлік, керек-жарапқ, жер-кен байлығы мол, ішкі, сыртқы резервтері күшті және бұл айтылғандар фашистік Германияда күннен күнге сарқылыш, құрып бара жатыр да, Советтер Одағында күннен күнге артып, күшейіп барады.

«Германияның адам резервтері сарқылып жатқанда, оның халықаралық жағдайы күннен күнге нашарлап жатқанда, Қызыл Армияның күштері үздіксіз артуда, ал Советтер Одағы жаңа қуатты одақтастар мен достар табуда.

Соғыстардың тарихы әрқашан соғыс үстінде күші артып отырган мемлекеттер мен армиялардың жеңгенін, ал соғыс үстінде күші сарқылып, кеми берген мемлекеттер мен армиялардың жеңіліп отырганын сыйпаттады» (Совет Информбюросы).

Өйткені біздің ел – Советтер Одағы халықтарының ынтымағы, бірлігі күшті, олар бір кісінің баласындай, Ленин – Сталин партиясына өбден берілген. Мұның үстіне біздің еліміздің халықтары батыр. Советтер Союзындағы 63 түрлі халық, әрқайсысы жеке-жеке болсын, бәрі бірге болсын мұндай құтырган жаудың талайын көрген, талайымен белдесіп құрескен: әрдайым қаһармандықпен құресіп, батырлық көрсетіп, отанын қорғап қалған. Олар сол жауынгерлік дағдысын мына Отан соғысында да істеуде, іstemекші.

Отан соғысының майдандарында жауыз жауға қарсы жан аямай, ерлікпен соғысып жүрген айбынды Қызыл Армия, оның әрбір жауынгері – орыс, украин, грузин, татар, қазақ ұлдары, тағы басқа халықтардың ұлдары сол халықтардың бұрынғы батырларының, ерлерінің ұрпақтары, олар сол ата-бабаларының дәстүрін мықты үстайды: алуан-алуан батырлық көрсетеді, Отан үшін, ұлы Октябрь социалистік революциясының жемістері үшін, ата-ана, апа-қарында, аға-іні, қатын-баласы үшін, солардың бостандығы, ар-намысы, игілігі үшін тамшы қаны қалғанша құресуде, құреспекші.

Сүйтіп, өзіміздің жеңіп, жалмауыз жаудан еселеп кек алатыннымызға біз өбден сенеміз.

## II

Советтік Социалистік Республикалар Одағындағы басқа халықтардың тарихы сияқты біздің қазақ халқының тарихы да ерлік, қаһармандықтан құр алақан емес. Біздің қазақ халқының да өз тарихында түрлі кезенде істеген бірсыныра ерлік, батырлығы бар. Соның бірі Аблайдың ерлігі мен қазақ халқының Аблай тұсындағы ерлігі.

Аблайдың тегі де, өзі де хан болып өткен. Аблайдың өзі қазаққа қырық сегіз жыл хан болған. Бұл жөнінде атақты Арыстан ақын былай дейді:

«Қылады Мәкержеде байлар сауда,  
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.  
Сұрасаң Аблайдың туған жері  
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

Осыған қарап, кейбір жолдастар Аблайдан ат-тонын алып қашады: ол хан болған, хан деген ескішіл болады гой дейді.

Рас, бұл негізінде осылай: жалпы алғанда, хан белгілі бір әлеуметтік слойдың, әдетте, халықтың әл-ауқатты слойының уәкілі болады, өзінің іс-әрекетінде сол слойдың жырын жырлап, сойылын соғады, халықтың басқа слойларын езеді, ескішіл болады.

Бірақ марқстік тарихи ғылым айтады: белгілі бір тарихи жағдайларда жеке-жеке ақыл-ой иесі адамдардың көзқарасы, пікірі оның шыққан тегінің, жасаған ортасының, дәүірінің тілек, мұддесіне сай келіп, соның аумағында ғана болып қоймайды, одан асып түсіп, жалпы халық мұддесіне үшітасып, үйқасып жатады дейді.

Ендеше, хан біткеннің бәрі бірдей халықтың дүшпаны, хан біткеннің бәрі бірдей ескішіл болмайды. Белгілі бір тарихи жағдайлардың арқасында үстем тап уәкілдерінің, мысалы, би, бек, хан, патша, тагы-тагылардың жалпы халық жырын жырлайтыны, жалпы отанды қорғайтыны болады. Бұған ұлы орыс халқының тарихындағы Александр Невский, Кузьма Минин, Димитрий Пожарский, Димитрий Донской, Иван Грозный, Петр Великий мысал бола алады. Бұлар өздерінің князь, патша болуларына қарамай, тарихи жағдайдың салдарынан іс-әрекеттерінде халық, отан мұддесін көзdedі, орыс халқының елдігі, еркіндігі үшін күресті, патриот болды.

Қазақтың қазақ хандығы түсінідән кейбір хандары, әсіресе Аблай хан, белгілі тарихи жағдайдың салдарынан іс-әрекетінде дәл осы Невский, Пожарский, Донской, сияқты болды: жалпы халықтың, ел-отанның мұддесін көзdedі, шет ел жаулап алғышыларына қарсы, қазақ халқының өз алдына ерікті ел болып тұруы жолында күресті. Соның үшін де 1781 жылы Аблай өлерде қазақ халқы Бұқар жырау аузынан:

«Қайғысыз үйқы үйықтатқан ханым-ай,  
Қараусыз жылқы бақтырған ханым-ай,  
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,  
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,  
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай», –

деп жылады.

### III

Аблай 1711 жылы туды. Ол бала жасынан-ақ қорлық-зорлыққа, жат қолына қарауға, кісіге тәуелді болуға қарсы болады. Бұл оның бала кезі туралы ел аузында сақталған мына әңгімеден сезіледі:

Аблайдың арғы атасы қанішер Аблай деп аталады, оның нeden қанішер аталғаны әлі мәлім емес, тегі соғыста жауға істеген қаталдығы, жаудың қанын судай шашқаны үшін қанішер деп аталса керек.

Қанішер Аблай қазақ арасында хандық, сұлтандыққа таласып туғандарымен сыйыса алмай, Хива жағына ауады, Хива ханы Қайып ханның қоластына барып, соның жақын, белгілі адамдарының бірі болып тұрады.

Бір кезде ақ маңғыт, тоқ маңғыт деген халықтар келіп, Қайып ханды өлтіріп, Хиваны шауып алады. Осы шапқыншылықта Қайыптың жақын адамдары ретінде қанішер Аблай да өлтірілген болу керек.

Қанішер Аблайдың бір баласы Уәли хан Қарсы ғұзарға қашып барып, жасырынып, көптің бірі болып жүреді. Бірақ жат елде есепсіз көп қорлық-зорлық көреді. Осы Уәли ханның 12 жасар баласы Әбілмансұр қорлыққа шыдамай, «жат қорлықтан өз қорлық» деп, Қарсы ғұзардан жаяу қашып, Түркстандағы туғаны орта жүздің сол кездегі ханы Әбілмәмбет сұлтанның қолына келеді. Бірақ Әбілмансұр мұнда хан тұқымы, хан баласы екенін жасырып, өзінің шын атын жасырып, Сабалақ деген атпен малай болып жүреді.

Осылай Сабалақ әуелі Әбілмәмбетте малай болып тұрады, одан кейін үйсін Төле бидің түйесін бағады. Кейін одан кетіп, Сарыарқаға барады, онда атығай Дулаткелді байдың жылқысын бағады. Осылай жүріп, Сабалақтың жасы жиырмaga жетеді.

Осы кезде, 1731 жылдар шамасында, қазақ пен қалмақ-жоңғар арасында соғыс басталады. Бір соғыста Сабалақ өте көп ерлік, көрсетеді: жауға «Аблайлап» ұран салып, жалғыз шабады, жауды бет-бетіне қашырады, не атақты, күшті, ержүрек батырлар ала алмаған жау қамалын алады. Осының арқасында жонғарды қазақтар жеңіп шығады.

Қазақтардың осы соғысын бастаған Әбілмәмбет хан Сабалақтың жауға «Аблайлап» шапқанынан оның өз туысқаны екенін біледі. Сонымен қатар көрсеткен ерлігі үшін Сабалақты құшақтап сүйіп:

- Елді жаудан құтқарған сабаз ерім, ендігі хандық саған лайық,
- дейді.

Осыдан кейін қазақ халқы жыйналып, «қой асығы деме, қолыңа

жақса сақа той» деп, малайлығына қарамай, осы Сабалақты хан сайлап, оны әлгі жауда шақырған ұранымен Аблай деп атайды. Бүқар жыраудың:

«Ай, Аблай, Аблай,  
Сен, мен көргенде Аблай,  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркстанда жүр едің,  
Әбілмәмбет ханға сен,  
Қызметкер боп тұр едің,  
Қалтаңдап жүріп қүнелтіп,  
Үйсін Төле бидің  
Түйесін баққан құл едің.  
Сен жыйырма жасқа жеткен соң,  
Алтын тұғыр үстінде  
Ақ сұңқардай тұледің», –

деген жыры Аблайдың өмірін, ерлігін біраз байқатады.

Бірақ Аблай, өзін халық хан сайлағанмен ресми хандықты ағасы Әбілмәмбетке беріп, өзі соның көмекшісі ретінде сұлтан атағын алады. Аблай хан атағын ресми түрде 1761 жылы Әбілмәмбет өлген соң алады.

#### IV

1723 жылғы атышулы Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұламадан кейін қазақ жері мен қазақ халқының біразы Жонғар хандығына, біразы Қоқан хандығына, біразы Ресей патшалығына бағынды. Біраз қазақ рулаты Сарыарқаға ауды, олар біраз уақыт хансыз тұрды, содан кейін өуелі Әбілмәмбетті, 1733 жылы Аблайды хан сайлайды.

Аблай ақылды адам болады. Бұл қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі материалдармен қатар көрші мемлекеттердің үкімет адамдарының айтқандарынан да байқалады. Ресей патшалығының сол кездегі үкімет басындағы кейбір адамдары Аблайды ақылды хан деп атайды.

Мұның үстіне А. Левшин жазады: «Аблай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қоластындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың бөгде ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан ол жүртты өзіне тарта, ерте білетін еді» дейді (А.Левшин – «Описание киргиз-

кайсацких орд и степей», I том, 264-бет).

Осы ақылдылығы арқасында Аблай өзінің де, өзгениң де яғни қазақ халқының да, көрші мемлекеттердің де хал-жайын, күш-қуатын дәл өлшейді, дұрыс аңғарады. Осыған қарап, өзінше саясат ұстайды.

Аблайдың туысы бір жағынан қазақ халқы төңіректегі елдердің біразынан, өсіресе Жонғар хандығынан әбден соққы жеп, әлсіреген, бытыраған, елдігі кете бастаған кезі еді; екінші жағынан, қазақ халқының төңірегіндегі елдердің көбі мұқты, белді мемлекет болып орныққан еді, олардың ортасында қазақ халқының бас қосып, өз алдына елдік құрып отыруы қыын, екі талай болып қалған еді.

Бірақ қазақ халқының төңірегін қоршаған мемлекеттердің бәрі бірдей емес еді, олардың әлдісі, әлсізі бар еді; әлдісі Ресей патшалығымен, Қытай патшалығы еді де, әлсізі Жонғар, Қоқан, тағытаяғылар еді. Аблай бұл төңіректегі мемлекеттердің күштілерімен жауласпады, соғыспады. Халық оған Бұқар жырау аузынан:

Орыспенен соғыспа,  
«Өкпеңменен қағынба!  
Орыспенен соғысып,  
Басыңа моншақ көтерген  
Жұртыңа жаулық сағынба!» –

деді. Аблай осы халық үнін тыннады, ол орыс, қытай елімен тату түрді, қатынас жасады. Әуелі екі жақтың да – Ресей патшалығының да, Қытай патшалығының да – тамырын ұстап көрді, көп уақыт екеуіне бірдей уәде беріп, сендікпін деп жүрді. Сүйтіп, халқының тәуелсіздігін сақтау үшін екі жағын да пайдаланып жүрді. Бұл жөнде Н. Кошкин жазады:

«Қазақтың хандары мен сұлтандары, жағдайына қарай, біресе Ресей патшалығына, біресе Қытай патшалығына уәде беріп, саған бағыныштымыз деп жүрді. Асылында олар Ресей патшалығына да, Қытай патшалығына да бағынбай, тәуелді болмай, өз алдына болып, өзінше іс жүргізді» дейді (Н.Кошкин, «Очерки экономического быта киргиз Семипалат. обл.» 13-бет).

«Аблай, ыңғайына қарай, біресе орыс үкіметіне, біресе қытай үкіметіне, бағыныштымын деп уәде беріп жүрді. Ис жүзінде ол бұлардың ешқайсысына да бағынбады, өзінше билік, өзінше саясат жүргізді» (А.Левшин, әлгі кітабы, 265-бет).

Дегенмен Аблай ақырында Ресей патшалығына бағынуды орынды тапты. Өзінің кейінгі іс-әрекеттерінде орыс патшалығын таяныш етті, соған арқа сүйеді.

Аблай төңіректегі мемлекеттердің ішінде көбінесе жонғар, қалмақ, қоқан, хандықтарымен жауласып, соларға қарсы соғысты. Аблай бұлармен соғысқанда олжа үшін: жер, ел, мал үшін емес, жонғар, қоқан хандықтарының қоластындағы қазақ жерін, қазақ халқын құтқарып алу үшін, қоқан, жонғар хандықтарының, әсіресе, жонғар хандығының қазақ даласын басып алу жөніндегі шабуылдарына соққы беріп, ел-отанын қорғау үшін, халық мұддесі үшін соғысты.

Халық аңызы бойынша, жонғарлармен болған бір соғыста Аблай, жонғар ханы Галданның баласын өлтіріп, қолға түседі. Галдан Аблайдан: «Мениң ұлымды өлтірген сен бе?» деп сұрайды. Аблай оған: «Сенің балаңды өлтірген мен емес, – халық, менің қолым халықтың бүйрығын орындаушы ғана», – деп жауап береді.

Онсоң халық аузындағы бір поэмада:

«Өзі тимей, Аблай тигені жок,  
Дұшпандығын көзі көрмей атпады ок.  
Иек асты аңдыған жауы болса,  
Батырларға айтады «көтере соқ» –

дейді.

Осы айтылғандай, Аблай жонғарларға, тағы басқаларға қарсы халық бүйрығын орындаушы болып соғысты, онда да өзі тимеген халыққа, дұшпандығын өз көзімен көрмеген халыққа тимеді.

Сүйтіп, өзінің де, өзгөнің де күшін дұрыс бағалап, соған қарай өзінше саясат ұстасуы, төңіректегі елдермен орынды қарым-қатынас жүргізуі арқасында Аблай қазақ халқының басын құрап, елдігін қайта орнатты. Сондықтан ақын:

«Үш жұз боп, барғаннан соң тойын қылды,  
Жан көрмеген өртүрлі ойын қылды.  
Аблай өзі болып тұрганында

Қай жердегі патша да мойын бүрдь», –

деп Аблайдың Үш жұзді құрап, өз алдына ел еткенін, Аблаймен басқа ел патшаларының санасқанын суреттейді.

## V

Аблайға дейін болсын, Аблайдың тұсында болсын қазақ халқының арман еткені: 1) өз алдына ерікті ел болып, өзін-өзі менгеру, 2) ата-қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етіп, шаруашылығын шалқыту, 3) бір ауызды, ынтымақты болып, отанын, елдігін қорғау еді.

Аблай өзінің ақылдылығы арқасында халықтың осы арманын,

мұң-тілегін жақсы ұқты. Сондықтан ол әлгі айтқан төніректегі күшті елдермен қарым-қатынас жөндеу, шет ел басқыншыларына қарсы қорғануды қүшейту үстіне, бір жағынан, халықтың өзара ауыз бірлігін, ынтымағын нығайту, халық арасында тәртіп, заң, әділдік орнату жөнінде, екінші жағынан, халықты отырықшы ету, оның шаруашылығын өркендетіп, тұрмысын ондау жөнінде шаралар қолданып, біраз жұмыстар істейді. Бұл жөнде мынадай мәліметтер бар:

Левшин жазады: «1762-1764 жылдар арасында қазақ даласында айырбас сауда орындары көбейді. Бұрын айырбас сауда тек Орынбордаған жүргізілетін болса, енді Тройцкіде, Семейде, Қызылжарда жүргізілетін болды. Мұның соңғысы Аблайдың орыс үкіметінен сұрауы бойынша ашылды. Осы кезде Аблай орыс үкіметінен қазақ даласына 10 шақты үй егінші шаруа жіберініз, олар қазақтарға егін салуды үйрететін болсын деп өтінеді. Бұған Екатерина, егер сенімді аманат жіберілсе, ондай шаруалар жіберіледі деп жауап жазады» дейді (әлгі кітабы, 242-беттер).

Аблай жонғарларға қолға түскенде жонғардың ханы Галдан Аблайды өлім жазасына бұйырмак болады, сүйтіп Аблайдан не арманың бар деп сұрайды, Аблай оған өзінің ұш арманы бар екенин, оның бірі қазақ халқын отырықшы ел ете алмай кеткенін, оны отырықшы ел етемін деп, басын енді құрағанда, өзінің мынадай күйге ұшырағанын айтады. Бұл әңгіме әлгі ел аузындағы поэмада былай айтылады:

«...Қазақты отырықшы ел қыла алмадым,  
Ел қылып, өзімді өзім сынға алмадым,  
Ел қылып, басын қосып келгенімде –  
Бұйрығы осылай болды бір алланың», –

дейді.

Онан соң тағы да сол ел аузындағы поэмада айтады:

«Аблай барда үрлік, зорлік, сөз жойылған,  
Билерге жеті жарға ат қойылған.  
Өзі білген әделетін аяған жоқ,  
Өзі өлгенше тайған жоқ сөзі орнынан», –

дейді.

Міне, бұл Аблайдың халық арманын жақсы аңғарғанын, халықты ерікті, бір ауызды, бақытты ету жолында қызмет істегенін толық дәлелдейді.

VI

Аблай тек ақылды, әділ, ел ағасы емес, сонымен қатар ол батыр, абзal қолбасшы да. Бұл оның жорықтарынан, соғыс-жорықтардағы қылыштарынан айқын көрінеді.

Шоқан айтады: Аблайдың әрбір жорығының өзінше аты болады екен. Мысалы ол бір жорығын «Шанды шабуыл» деп, екінші бір жорығын «Қап қағылған соғыс» деп, енді бір жорығын «Жаяу жорық» деп атапты; Аблайдың әр жорығы туралы өлең, жыр, күй шығарылған екен, олар қазақ-қырғыз арасында әлі бар, – деп жазады.

Мұның үстіне, қазақ арасында Аблай асқан асу деген мәтел, аныз әнгіме бар. Тегі бұл да Аблайдың бір жорығы – асу асып соғысқан жорығы болу керек.

Бізде жазба тарих, материал жоқ. Сондықтан Аблайдың тағы қандай жорықтары болғанын, жалпы Аблай жорықтарының маңызын, тактикалық мән-жайын білу қиын. Дегенмен, атына қарағанда, ел аузындағы аныз әнгімелерге қарағанда Аблайдың Шығыста, Орта Азияда өзінен бұрын болған әйгілі қолбасшылардың – мысалы Шыңғыстың, Темірдің соғыс тактикасын түгел, шебер қолданғаны көрінеді.

Мысалы Аблайдың әлгі «Шанды шабуыл» деген жорығын алсақ, бұл аз қол аттандырып, бірақ аттың құрығына бұта, бұтақты ағаш байлап, көп шаң шығарып, жер қайысқан қол келеді екен деген пікір туғызып, жаудың үрейін ұшырып, берекесін қашырып жеңген жорық болуы керек. Егер олай болса, бұл тактиканы Шыңғыстың, Темірдің қолбасшылары да қолданған екен.

Аблайдың жорықтары бір жағынан оның өзінің абзal қолбасшы екенін көрсетсе, екінші жағынан қазақ халқының сол кездегі батырлығын, төзімділігін, ел-отаны үшін, бостандық, намыс үшін бет бүрмай соғысатынын көрсетеді.

Мысалы, Аблайдың әлгі «Қап қағылған соғыс» деген жорығын алсақ, онда қазақ халқы жонғарлармен қыян-кескі соғысады; соғыс көпке дейін созылады; қаптың түбі қағылып, халықтың азық-түлігі әбден таусылады; жеті күн бойы нәр татпай, аш соғысады, осылай етіп, ақыры жеңіп шығады.

Онан соң Аблай жаужүрек батыр болады. Ол ханмын деп қарап тұрмай, үнемі, жорық, шабуылды өзі бастайды, жауга жалғыз өзі «Аблайлап» шабады, батырлық, абзалдық үлгісін көрсетеді. Үнемі жауын жеңіп шығады. Сондықтан жырау:

«Іқпалы жүрген ер еді,  
Алтынды қылыш будырған.  
Аблайлатып ат қойып,  
Дұшпанды көрсө, құтырған»...  
«Арманың бар ма, хан ием,  
Мертебелі төбеге,  
Жауынды жеңіп жыйылдың.  
Жеті күн кіріп ұрысқа,  
Өлімге басты байладың...»—

дейді.

Осы жауды көрсө арқасы қозына, жаужүрек, батырлық қылықтарына қарап, қара халық Аблайды «әруақты» адам, оны соғыста әруақ қолдайды деп біледі; кейін жауға соғысқа аттанған адамына Аблайдың әруағы қолдасын деп бата беретін болды. Асылында Аблайдың әруағы әлгі айтқан – оның абзал қолбасшылығы, өзінің, қазақ халқының ерлігі, батырлығы еді.

## VII

Бұқар жырау Аблай туралы бір өлеңінде айтады:

«Ханның жақсы болмағы  
Карапшының елдігі,  
Карапшы, халқы сыйласа  
Алтыннан болар белдігі», – дейді.

Басқа сөзбен айтқанда, Аблайдың Аблай болуына оның жеке басының өзгешелігімен (ақылды, батыр, абзал қолбасшы болуымен, халықтың арманын аңғаруымен) қатар қазақ халқының ерлігі, өз алдына ерікті ел болуы үшін, ел-отаны үшін шет ел жаулап алушыларына қарсы жан аяマイ күресуі себеп болды.

Қазақ халқының шет ел басқаншыларынан бұған дейін (сөз болып отырған дәуірге дейін) көрген азабы, өсіресе 1723 жылы көрген азабы: ата қонысынан, мал-мұлқінен, ағайын-туысынан, ата баладан, ана қыздан айрылғаны әлі есінде еді, сонда:

«Қарататудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді,  
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,  
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Мына заман қай заман, – қысқан заман.  
Басымыздан бақ-дәulet үшқан заман.

Шұбырганда ізіңнен шаң борайды,  
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман, – бағы заман,  
Баяғыдай болар ма тағы заман.  
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын.

Қабыргама қара жер батты, құдай,  
Мұнша қысым қылдың ғой қатты, құдай.  
Жаяу жүрсем, табаным ауырады,  
Тым болмаса бермедің атты құдай.

Мына заман қай заман, қай-қай заман,  
Үл айрылған атадан дай-дай заман.  
Бауырынан айрылған жаман екен,  
Күн бар ма екен көрісер есен-аман», –

деп, еніреген көз жасы әлі кепкен жоқ еді; осынша құйзелткен, осынша еніреткен ата жауы жонғардан қазақ халқының кегі әлі қайтқан жоқ еді.

Сондықтан қазақ халқы ел-отанын, елдігін төсін төсеп, бар күшін салып қорғады, шет ел басқыншыларына қарсы, әсіресе жонғарларға қарсы, жан аямай күресті, бұл күресте алуан-алуан ерлік, төзімділік, тапқырлық көрсетті, арасынан талаі-талаі батырлар, қолбасшылар шығарды. Аблай сол көп батырдың бірі, батыр халықтың, батырлардың қолбасшысы.

Қазақ халқының шет ел басшыларына қарсы Аблай бастаған жорықтарында – отан соғыстарында үнемі оның қасында, ақыл-айла жағынан дәл Аблайдай болмаса да батырлығы жағынан Аблайдан артық болмаса кем емес, ығай мен сығай батырлар болды. Бұл жөнде Бұқар жырау:

«Галданменен ұрысып,  
Жеті күндей сүрісіп,  
Сонда жолдас адамдар:  
Қаракерей Қабанбай,  
Канжығалы Бөгембай,  
Шақшакұлы Жәнібек...» –

деп, бірсыныра батырдың атын атайды.

Оқушыға мәлім, қазақ халқының ауыз әдебиетінде бұл батырлардың әрқайсысының дерлік батырлығын, қаһармандығын суреттейтін бірнеше дастан, толып жатқан аныз әңгіме бар. Соларда, мысалы, Қабанбай туралы мынадай әңгіме айтады:

Қабанбайдың шын аты Ізбасар еken. Ол түсі сүйк, айбары күшті, ержүрек, топ бұзар батыр еken. Соңдықтан халық оны Қабанбай деп атап кетіptі. Мұның үстіне Қабанбай батырлардың ең кексесі, шашы, сақал, мұрты ағарған ақсақал еken. Сонысына қарамай ол жауға жалғыз дара шабады еken. Соңдықтан халық Қабанбайды Дарабоз деп те атапты.

«Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады» дегендей, Аблай әруағы бар, жау көрсе арқасы қозады, жауды жапырады деген атаққа қазақ халқының ерлігімен, Қабанбай, Бөгембай сияқты батырлардың көмегімен ие болды.

### VIII

Біз Аблайдың ерлігі мен қазақ халқының Аблай тұсындағы ерлігін бүгін социалистік сәнді отанымызға жалмауыз фашистер шабуыл жасап, ел басына күн туғанда әдейі еске түсіріп отырмыз.

Ер – ел, отан үшін, ата-баба мекен еткен, өзіміз туып-өскен жер үшін, ата-ана, апа-қарындас, аға-іні, қатын-бала үшін, солардың бақыты, бостандығы, намысы үшін. Ердің аты еgestе, ел-отан үшін күресте шығады. Адамға талант туыста, батырлық күресте пайда болады. Ер қазақтың ұлы, қызы:

– Ленин – Сталин партиясы төңірегіне, ұлы Сталин төңірегіне берік топтан: Советтер Одағының барлық халықтарымен тығыз иін тіресіп, қолды берік ұстас.

– Данышпан көсеміміз Сталин жолдастың атымен отандық ұлы соғысқа тегіс белсеніп қатынас. Соғыс майданында болсын, еңбек майданында болсын батырлық, ерлік, төзімділік, қайраттылық, әбжілдік, қырағылық көрсет, данқты істер істе.

– Ата-бабаның жауынгерлік дәстүрін мықты ұста: отан үшін жан аямай қимылда, анаңдай ардақты социалистік отанынды жаудан қорға. Жауды ешуақытта да аяма, «жауды аяған жааралы болады» деген ата-бабаң, соны ұмытпа. Жауды күл-талқан қылыш жой.

Отан қорғау ісіне, майданға, даңқты, ержүрек Қызыл Армия мен Қызыл Флотқа:

«Фалым болсаң – біліммен,  
Ақын болсаң жырыңмен,

Шешен болсаң тіліңмен,  
Әнші болсаң әніңмен,  
Малышы болсаң малыңмен,  
Дихан болсаң дәніңмен,  
Үдемелі, өндіріс,  
Жаңа табыс табумен  
Еңбек етіп арыңмен» – жәрдем бер.  
Бүгінгі ардақты міндет осы.

**20.11.41 ж.**

---

---

## ТҰЛҒА

---

**АСА КӨРНЕКТИ ТУРКОЛОГ А.З.ВАЛИДИ ТОҒАННЫҢ**

**ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ**

**125 YEARS OF THE GREAT TURKOLOGIST Z.V.TOGAN**

**Тұранның тұрпатты тарихшысы**

**Prominent historian of Turan**

Тұп тамыры бір түрік халықтары XX ғасыр басына дейін тамырлас тұыстықты ұмытпай, бір-біріне бауыр ретінде жанашырылған араласып тіршілік еткені тарихтан мәлім.

Кейде XX ғасыр басында ұлы тұлғалар қазақтан ғана шыққандай етіп сөйлейтініміз бар. Ұлттың сую. Ұлттық ментальділік. Сүйіспеншілік. XX ғасыр басында қазақ халқынан ұлтшыл, түрікшіл ұлы тұлғалардың көп шыққаны да рас. Және олардың бір қазақ емес, жалпытүріктік өреде құрескені, солай тұлғалануы да тарихи шындық. И.Гаспринский ұсынған жалпытүріктік ортақ тілге дән қоймай, қазақтың төл әліпбійін жасаған, оны қазақ, қырғыз тәң пайдаланған бір Ахмет Байтұрсынұлының өзі не тұрады, төнір-ау?!

Солайы-солай!

Солай екен деп қырғыз, өзбек, өзіrbайжан, түркмен, татар, башқұрт, өзге де туыс түрік ұлт-ұлыстарынан небір қоғам қайраткері, қалам қайраткерлері, небір ұлттық өре – ұлтшылдықтан (алдымен ұлтшылдық. Қ.Е.) бас алып жалпытүріктік өреде алышқан, арпалысқан тарихи тұлғалар бар. Солардың бірісі – аймұйізденіп көрінер ірісі – Ахмет Зәки Уәлиди Тоған!

Зиялды отбасынан шыққан Ахмет Зәки башқұрт халқының тәуелсіздігі үшін қалай құресті десеңізші?! Біздің Міржақып Дулатұлы секілді атты әскер ұстаған да А.З.Уәлиди. Башқұртқа деген бауырмалдықты өзге де түрік ұлт-ұлыстарына ұластырып, үлкен Түркістан үшін басмашыларды бастап Қызыл большевиктерге қарсы құрескен де - А.З.Уәлиди!

Коммунизм теоретиктері һәм практиктері – В.И.Ленин, И.В.Сталинмен Башқұрт һәм Түркістан тәуелсіздігі (федерация) үшін бауырласып сөйлесіп келіскең де, түрік халықтарының досы емес, қасы екенін, тырнағын ішіне бүккен аң екенін білген соң – кетіскең де, кетісіп күллі басмашыларды Қызыл гвардияға қарсы көтерген де Ахмет Зәки Уәлиди!

## **Тұранның тұрпатты тарихшысы.**

---

Әрекеті жеңіліс тапқан соң Ауғанстан, Иран, Үндістан арқылы бауырлас Түркиеге ығысып барып қоныс тепкен Ахмет Зәки Қызыл империяның енді бой бермесін білген соң біржолата ғылымға ден қояды. Түрік халықтары тарихын тап А.З.Уәлиди Тоғандай тарихы, этнографиясы, тілі, деректануы тұрғысынан кешенді (комплексті) зерттеген түріктанушы әл-әзір жоқ.


Өмірінің аяғында А.З.Уәлиди Тоған мемуарға ден қояды. Ол Түрікстанның тұрпатты тарихшысы аталып, ұлылық тұғырында жасады. Түрікстанның тұрпаты бөлек тарихшысы болып өтті өмірден!

Башқұрт бауырлардың ғана емес, күллі түрік дүниесінің ұлы ғалымы, қайраткер, қаламгер А.З.В.Тоғанның «Естеліктер» аталатын екі томдық кітабын тәржімалап, желілеп ұсынып отыруды хош көрдік.

**Бас редактор  
Құлбек Ергөбек**

ЕСТЕЛІКТЕР

Заки Валиди ТОҒАН



Бұл естеліктердің жазылуы менің сүйекті жұбайымның көмегінің арқасында мүмкін болғандықтан, осынау жұмысымды Тоған Үнгәр Назмияға бағыштаймын.

Алғы сөз

Бұл естеліктерді жазуға негіз болған деректер мен материалдар 1923 жылдың басында Түркістаннан Иран сарапына аттанардың алдында Ресейдің шекарасынан Бұқарарадағы Қабул елшісі және Мұхамметабатқа жол алған көпестер тарашынан әкетілген-ді. Сол жылы бірқатар құнды құжаттарды менің жерлесім Усман Тоқымбет Финляндияға алып шығып кеткен. Кезінде өзім жазған және шифрланған түрдегі басқалай қағаздар мен құжаттар түрлі жолдармен әкетілді. Оларды 1943 жылы сол баяндалған оқигаларды көзімен көрген, сонымен бірге Германияда тұтқында болған менің жерлестеріммен бірге оқыған едік. Берлинде мен олардан, айрықша көптеген мәліметтерді алып қанықтыйм. Оларды Түркияға Берлиндегі біздің аса көрнекті елшіміз марқұм Саффетт Арықан-бей жеткізген-ді. 1957 жылы американдық Стамфорд қаласындағы «Гуверлік әскери кітапханада» сакталған, өз кезінде А.Ф.Керенский тарашынан жинақталған орыс газеттерінің жиынтығымен<sup>\*</sup> кеңінен танысуға қол жеткіздім. Бұл жұмыстың жазылып, орындалуына Керенскийдің өзі және тегі поляк, осынау кітапхананың менгерушісі болған проф. В.С.Свороковский қол ұшын берді. Беркли Университетінен келген Ричард Перс мырза тарашынан мұқият жинақталған түркістандық газеттердің микрофильмдерін пайдалануыма мүмкіндік туды. Мұнда Перс мырзаның

\* Мәтінде «комплекты газет» деп берілген сөз тіркесінің қазақшасын газеттердің жиынтығы деп алуға болады.

маған жәрдемі көп тиді, сондықтан оған зор ілгипатымды және ризапшылығымды білдіремін.

Оқигаларды ете дәлдікпен бейнелеу және сөйлету үшін сол жылдардағы жағдаяттар мен оқигаларды көзімен көріп, тікелей қатысушылары болған жандар осынау еңбекпен таныстырылған еді: Әбделқадыр Иван, Кожағұлы Усман, Фабдулла Таймас; олардың моджахеттері\* – Шермұхаммад – бек және қыргыздар жолбасшысы Барыс Хаджи.

Кітаптың бірінші нұсқасы 1924 жылы-ақ Берлинде жазылып біткен еді. Бірақ ол кезде кітапты шығара алмадық, сондықтан көп кешіктіріліп жарық көрді. Одан кейін бір жерлесімнің көмегімен басылымды шығару жүзеге асырылды. Кезінде ол лицейді бітіріп, капитал қорын жинақтау ісінде табыстарға қолы жеткен жан болатынды. Сондай-ақ ұлттық баспасөзге бүйрекі бұрылыш тұратын, сондықтан оны демеп жіберуге мүмкіндігі ғана емес, зор ықыласы да болған, алайда бұл алғы сөзде ол өзінің атының аталуын қаламады.

Менің «Естеліктерімнің» жазылуына шығыс түріктер диалектілерінің өсері көп тиді, сондықтан оларды түрік тілі ережелері шегінде редакциялауды және барлық техникалық жағынан орындауды біздің жазушы және ақыннымыз Орхан Шаик Гүйдай мойнына алды. Олардың екеуіне де айрықша алғысымды айтамын.

Мәтінде бірнеше фотосурет көрсетілгенімен, оларды баспаға дер кезінде дайындал бере алмадық, сондықтан оқырмандардың ғафу етуін өтінеміз.

18 ақпан 1967 жыл.

### **ЕСЕЙГЕН ШАҚ<sup>\*\*</sup>**

**Менің отбасым.** Өмірімнің алғашқы шағында ғасырымыздың басында Орал мен Орта Азияда өрістеген ұлы саяси процестерге<sup>\*\*\*</sup> қатысатындығымды, түрік халықтарының қалың бұқарасын қамтыған азаттық жолындағы күресін басқаратындығымды (бұл кітапта сөз нақ осы жөнінде өрбитін болады), халықаралық аренада өз сөзімді айта алғындығымды ешбір болжай алмаған едім.

\* Моджадед немесе муджтахид (парсы сезінен алынған – муджтехид) – манызды мәселелер бойынша дербес шешімдер қабылдауға құқығы бар дін ілімінің маманы – ғалым (әсіресе, дін хадистерінің білгірі).

\*\* Есейген шақ, орысшасы – отрочество. Бұл сөзді бозбала жігіт немесе балдәурен деп те аударуга болады.

\*\*\* Қазақша баламасы «ұдерістер».

Мал өсіру, аздал егін егу, орман шаруашылығымен айналысу, бір жағынан таулар және ормандармен, ал екінші жағынан кең даламен қоршалған онтүстік Орал баурайында орналасқан ауылдағы башқұрттар мен татарлар арасында орта шаруадай өмір сұру – міне, менін өмірден алатын үлесім осы еді. Құрдастарым сияқты мен де осы күнге дейін сол өлкелерде тұрып жатқан және кеңес колхоздарында жұмыс істейтін қарапайым да сыпайы ауылдастарымның бірі болар едім.

Сонымен бірге таулы жер мен жайлаулардағы біздің жұмыны тұрмысымыз, өсіресе әлі күнге дейін халықтың жады мен жаңынан орын алған, баурап әкететін тарихи аңыздар, олардың жаңғырық сарқыны балалық сана-сезіміме соншалықты терең сінірлігендіктен, ақырында азаттық күрес барысында менің ең төтенше және батыл қадам жасауыма қозғау салды, исламтану және түркологиялық ізденістерімнің қазіргісі мен келешектегі бағыты жөнінде ең батыл жоспар-жобалар жасауыма серпін берді. Бұдан менің тағдырым әлі де халық жаңынан өшпеген, оның тарихи естеліктерінің жалғасы және нәтижесі ретінде қабылдануы тиіс екендігі өз-өзінен түсінікті болса керек. Мұны өзімнің оқырмандарымның санасына жеткізуім үшін, менің егер тіпті соншалықты қызықты және маңызды болып көрінбесе де, кейбір жергілікті ерекшеліктерге тоқталып өткім келеді.

Біздің ауылдың байырғы тұрғындары бұрындары 30-40 түтіннен аспайтын башқұрттың екі руы – Суклы-Кайлы мен Үнгуттан шыққандар еді. Өткен ғасырдың ортасында біздің арамызға келіп қоныс аударғандар татарлар, мишарлар және мұсылман чуваштар еді, олар енді ауыл тұрғындарының көшілігін құрайтын болды.

Біздің халықтың тайпалық айырмашылықтарымен жақынырақ таныстыру үшін мен басқа түрік тілдерінде әдетте айтылатын «з» және «ч» дыбыстары башқұрттарда «з» және «ч» деп өуезделетінін және мұнысымен басқалардан біршама ажыралып тұратынын атап өтпекшімін. Олар төрт топқа бөлінеді:

- 1) таулық башқұрттар (Бурзян, Усерган, Тамъян)
- 2) далалық башқұрттар (Юрматтар, Күзей, Гайна, Иректі, Йанай, Танып).

Башқұрт руының бұл екі тобының христиан жыл санаудын бастап Оралда тұрып келгендейі дәлелденген жайт. Таулық башқұрттар, әдетте «с» орнына «h», ал далалықтар – «ç» деп айтады. Бірақ Башкортостанның батысы мен солтүстік-батысында тұратын далалық башқұрттардың көшілігі татарланып кеткен.

3) башқұрттардың үшінші тобын шығыстан келген тұрлі-тұрлі руладың бөліктері және оларға кейінгі ғасырлар бедерінде қосылған бөліктері құрайды: Қыпшақ, Қаңды, Суун<sup>\*</sup>, Кайлы, Катай, Байлар (немесе Байат), Керей (Керейет), Сураш, Ноғай, Қырғыз, Меркіт және т.б. Таулы башқұрттар арасында тұратындар башқұрт тілінде таза сөйлейді; олардың батыс бөлігінде қоныс тепкендерге татар тілінің ықпалы басым. Руладың бұл үш тобы соңғы жүзжылдықтар бойы бүкіл башқұрт ордасын құрады және Ресейге бірдей көлемде ясақ<sup>\*\*</sup> төлеген.

4) төртінші топ орыстар жерлерін тартып алғаннан соң Башкортостанға Еділ бойы Бұлғариясынан, Қазаннан қашып барған татарлардан (басқаша айтқанда, «тептәр», яғни «дәптерге жазылған» дегенді білдіреді), бұлярлардан (бұлғар), мишарлардан және мұсылман чуваштарынан құралады. Қазан хандығының батысынан келген бұл қашқындарды орыстар «қуылған башқұрттар», яғни байырғы башқұрттардың өз жерлеріне қабылдап алған «жана башқұрттары» деп атады.

Жоғарыда сөз болған төрт топтың алғашқы үшеуі жартылай көшпелі тұрмыс кешірген, ру-руларға бөлініп, өздерінің кең-байтақ жерлерінде, жайылымдарында және қоныстарында мекендерген, ал төртінші топты дәстүрлі руға бөлінушілікті ұмытып, азыз ертегі-дастандарын да, бағзы әдет-ғұрыптарын да есінде сақтамай, ежелден ауылда тұрып, диқаншылықпен айналысқандар құрайды.

Менің Суклыкайлық туыс-тұқымдастарым башқұрттардың үшінші тобына жатады. Тарих ғылымымен 55 жыл бойы айналысып жүрген жанмын, әйтсе де өз руымның тарихын бәрінен де азырақ білемін. Агидельге барып құятын Зиган өзенінің шағын саласында орналасқан біздің ауылдың Суклыкай мен Үнгут сияқты негізгі руладының саны 1850 жылы бар-жоғы 12 үй еді деп отыратын қариялар. Олардың Күзен және Бақы бабаларымыздың төбелі жерлерінде және Якуптың батпақты жерлеріне салынған үйлері болатын-ды. Халықтың көпшілігі құрбан болған XVIII ғасырдағы көтерілістерден соң башқұрт жері қаңырап қалды. Патша үкіметі батыс Башкортостаннан халықтан тартып алынған жерлерге, кейінректе 1860 жылы, менің әкемнің дәл туылған жылы, біздерде «минзелиндік мишарлар» деп аталатын шаруаларды көшірді. Шамасы, XVII ғасырда

\* Үйсін

\*\* Ясақ – бұл малдардан жүзден бір көлемінде алынатын салық. Бұл салық отырықшы тұрғындардан да жиналатын болған және әр жүз бас малдан 70 теңге алынған.

Зиганның басқа салаларында орналасқан Армет, Утяк және Тугай сияқты кішігірім башқұрт ауылдары да бар болатын. Сәлім Үмбетбаевтың «Ядкар»<sup>\*</sup> еңбегінде жазылғанындей, Утяк пен Түкін деревняларын (жұрттары) «Кесе табын» (Кіші табын) руына жататындар мекендереген. «Армет» атауы кей-кейде «Арбет» деп те жазылады. Бұдан мағлұм болды: ол бір кездері Батыс Сібірдегі «түмендік» татарлардан ажыrap, осы жерге келіп қоныстанған. Ал «Ханғы» руының тегі маған мұлде белгісіз және оның патша әкімшілігі тарарапынан тартып алынған жерлері батыс Башкортостаннан айдалған шаруаларға бөліп берілген-тін. Олардың жерлері Күшік Сұлтан, Мұрат Сұлтан, Сұлтангерейдің басшылық етуімен орыс басқыншыларына қарсы соғысқаны үшін тартып алынды. Аса құрметті басшы болған Күшік Сұлтанның жетекшілік етуімен біздің тұқымдастар Тобыл өзенінің шығысындағы Ерқаралай деген жерлерде және Ирендік тауларының сілемдерінде, сондай-ақ Шұбаркөл маңында көшіп жүрген, ал көктемде күн жылышысымен Ақбиік тауының жайылымдарына көтерілетін-ді. Қариялардың айтуынша, олар сол көсемнің бастауымен Камалек өзенінен өтіп, Кубаньга шейін барып, сол жерде орыс басқыншыларына қарсы құрес жүргізген. Бұл соғыстарға біздің көршілеріміз – катайлықтар да қатысқан, дегенмен «арлықтар» деп аталатын басқа бір көршілеріміз Күшік сұлтанды мойындамаған. Осы қүнге дейін бұл «арлықтармен» біздің туыстық байланыстарымыз болмаған, келін де түсірmedік, қыздарымызды да оларға тұрмысқа үзатпаған едік. Араздасып қалған күндерде олар бір заманда құрметті Күшік Сұлтанымыз болғандықтан, бізді «жучки»<sup>\*\*</sup> деп мазақтайды, ал «күшік» сезін «щенок» деп аударуға болады. Ал біздер болсақ, оларды «жыланды жұтып қойған Арлықтар» деп атайдынбыз. Біздің басқа көршілеріміз шығыс Оралдағы Құзей, Исмағұл, Ноғай атты деревняларда, сондай-ақ Юрмат ұлысындағы Мокас деревнясында да тұрды. Құзей мен Ноғай ауылдары атам заманнан бері біздің деревняның шығысында Зиган өзені бойындағы «Құзей жұрты» деп аталатын жерде тұрған. Олар Оралға, Ирендікке жақын жерлеге барып қоныстанды, ал біздікілер өз жерінде қалып кете берді. Алайда біздің арамызда туыстық байланыстар сақталып, құда тұсу және екі жақтан келіндер түсіру дәстүрі үзілмеген еді.

---

\* Әйелдер мен ер адамдардың есімі және естелік немесе нысанана-белгі.

\*\* Иттиң лақап атауы, ақтөс сияқты.

Ақбейек (немесе Ақбиік) қонысының шығысында Бетер өзені ағып жатыр. Бұл сөзді шамамен «Бітсін» деп алу керек сияқты. Темясовага апаратын жол бұл өзеннің бірнеше жерінен кесіп өтеді. 150 жыл бұрын осынау бұралаңы көп жол бойында екі қалыңдықтың жүк арбасы кездесіп, олардың бірі Күзеевоға қарай жүрсе, екіншісі, керісінше қалыңдықты Күзеводан кері жаққа қарай алғып жүріп кеткен. «Тұркүн» (төркін) деп аталатын ата-анасының үйінен әкетілген қалыңдық өзеннің толып жатқан өткелдерінен өтетін, шаршатын ұзақ жол жүріп, өз үйінен алыстаған сайын мұнға батқан сол қалыңдық қарсы жақтан келе жатқан қалыңдықпен жолыққан сөтте оған: «Бітсінші деп» айтыңызшы деп қос тармақты шумағын арнаған екенміс. Ал туған үйінен алыстап Қүзейден келе жатып бойын сағыныш сезімі билеген қалыңдық ақыры көрінбейтін бұл өткелдердің бітпегенін жан-тәнімен қалап, былайша тіл қатқан екен: «Бетер»<sup>\*</sup> өткелдері бітіп, менің жүргімде мұнды алау ұшқындаса, Зиган сулары оларды өшіре алар ма екен? – осылайша олар бірауыздан сезімдерін білдіріп, көз жасын төгіпті. Мен 14 жасымда-ақ бұл Қүзей мен Ноғай деп аталатын ирендіктердің деревняларында тұратын әпкелерім және баяғыдан араласып жүрген отбасылық тамыр-таныстарымызға жегжаттап барып жүріп, Едіге (Мұрат және Идуқай) туралы дастанды және басқалай ескі аңыздарды жазып алғып жүрдім. Ол дастан Түркияда да белгілі фой. Мениң ең алғашқы жарияланымдарымның бірі осынау эпосқа бағышталып, 1911 жылы бірнеше мақала болып жарияланды.

Көбінесе қоктемде біздің табындар жылқышының айдауынсыз өздері-ақ Ақбиік қонысына қарай бет алатындығын бұл деревнялар тұрғындары әңгімелеп отыратын және құзейлік бір үйір жылқы жаздың ыстық күндері сол Альпы жайылымдарына қарай тоқтаусыз ағылатын-ды. Осылардың баршасын маған шын көnlімен әңгіме отын тұтата отырып, өткен ғасырлардың тынысы мен хош иісін сақтаған бұрынғы заман әндерін әуелетіп салар еді. Сол өлеңдерде мына бір сөздер қайталанатын:

Күдайдың өзі бізге Ақбиік тауларын сыйлаған,  
Оның сілемдерінде ақ киіз үйлерімізben көшіп-қонып жүру  
үшін.

Шүйгін шабындықтарда ойнақтап жүрген құлыштар,  
Ескен самал жеммен жарыса шапқан...

\* Бетер.

Бұл жайлаулар бізден 100 шақырымдай қашықтықта жатыр. Біздің ата-бабаларымыз бір-бірінен өте алыс қашықтықта орналасқан жазғы жайлаулар мен қыстаулар арасында көшіп жүретін. Бірінен соң бірі бүрк ете түсетін, үздіксіз болып тұратын соғыстарда көптеген ер азаматтарымыз опат болып кеткен. Олардың кейбіреулерінің қабірлері ғана белгілі. Біреуі туралы айтатын-ды: «Ол Кубаньда яғни солтүстік Кавказда қайтыс болып кетті». Басқалары «Түмен» мен «Мансилге» кетіп, сол жақта шығыс Оралдағы Шұбаркөл көлінің маңында қайтыс болған деп жататын. Қариялардан әкемнің кіші інісі Қали молда –және унгут руынан шыққан Хисам-ага ежелгі эпостар мен аңыздарды өте жақсы білген. Бұл әпсаналарда Алтын Орда (Едіге, Исаиоғлы Амет және т.б.) заманының өлең-жырлары көрінісін тапқан. Бұл дастандардың үлкен білгірі ретінде алыс замандардағы біздің ата-бабаларымыздың бірі – Аллаберді ногай есімді кісіні ұдайы еске алып отыратын. Оның қонысы біздің деревнядан үш шақырым жердегі Қала-бұлақ үстіртінде, оның «Аллаберді қабірі» деп аталатын жерленген жері де жүрттың есінде сақталған еді.

Біздің адамдарымыздың арасында сұнғақ бойлылар көп еді. Әкем Аллабердінің зиратын ашқанда, бұл адамның түрі мен бойы шынында да айбынды екені білінді. Оның қасында тот басқан қылышы жатты.

Аллаберді мен Чағдаш – ногай бейлері болатын. Бұрнақ есімді бейді де естерінде сақтаған екен. Ақ бие жерінен оншалықты алыс емес Нұғұш өзенінің бойындағы қоныс та сонықі деседі. Басқа ногай бейлері Кубаньға қоныс аударған кезде Бұрнақ пен Аллаберді осында қалған.

Стерлитамакта, мұсылман діни қауымының арасында «ноғайлардың ұрпақтары» деп аталатын молдалар да бар еді. Олар ногай мурзаларынан<sup>\*</sup> шыққан. Осынау молда бабаларымыздың бірі Аллаберді қабірінің жаңында жерленген еді. Олар менің ата-бабаларымың сюзерендері<sup>\*\*</sup> болып есептелінетін. Бұл молдалар кей-кейде біздің үйде қонақта болып кететін. Руханилар ортасында жүрсе де олар медовуханы<sup>\*\*\*</sup> ішуден кет өрі емес еді. Генеологиялық тегі жағынан «Күзен ұлдарының» кейінгі 5-ші үрпағына жататын біздің бабамыз Иштуған бізден біраз жердегі Камалек өзенінің бойында орыстарға қарсы соғысып, қайтыс болған (менің Тоған атты тегім осы

\* Мырза деген магынаны береді.

\*\* Орта гасырлардағы Батыс Еуропадагы ірі феодал.

\*\*\* Бал сусыны.

бабамыздың атынан алғанған). Ауылымыздың маңында «Орыс өлген», «Орыс қырылған» деген жер атаулары сақталынып қалған. Бұл жерлер жыртылған кезде көптеген қару-жарақ қалдықтары табылды.

Біздің рудың тарихын бейнелеген барлық азыз-әңгімелер менің рухани қалыптасуыма қатты әсер етті. Зады, менің ата-бабаларым тіпті басқа көрші башқұрт тайпалардан өзінің батылдығымен айқын ажыралып тұратын және әрекетшіл жауынгер қауымдастығынан еді. Біздің қара шаңырағымыз Зиган өзенінде тұр, сонымен бірге Ақбиік қонысымен шығыс Башкортостандағы Ирендік маңындағы жерлер менің бабаларымның «вотчинасы»<sup>\*</sup> болып есептелінген және олар осынау аралықта аралас-қуралас көшіп жүрген. Ал, хандар, бейлер мен мурзалардың заманында Мансил мен батыс Сібір, Тобылдың маңындағы Еркар-аға, батыс Башкортостандағы Камалек пен солтустік Кавказдағы Кубань арасындағы байтақ кеңістікте өрістеген барлық маңызды әскери-саяси оқиғаларға белсене қатысқан; орыстарға да, қалмақтарға да қарсы соғысқан. Біздің ауылдан оншалықты қашық емес жердегі кішкентай ауылда тұрған қалмақтар біздің ата-бабаларымызбен бірге басқа буддист-қалмақтарға қарсы күресіп, өздері қазір отырган жерінде қалып бізben бірге өмір сүруде. Бірақ қарияларымыз Құшік Сұлтанның, Бұрнақ-бей, Аллаберді және Құзенбей сияқты ата-бабаларымыздың кімдер болғанын жөнді білмеген. Кейінректе, 1912 жылы Уфада жүргенімде «Башқұрт жерлерін межелей белгілеу бойынша түзілген комиссияның» мұрагаттарын қарастырып және батыс Сібір тарихына бағышталған орыстың ғылыми әдебиетін оқи отырып, мен «Құшік Сұлтан» XVII ғасырда өмір сүрген Абылай Сұлтанның ұлы, ал оның өз кезегінде атақты Көшім ханың немересі екенін, ал біздің ата-бабаларымыздың Құшік Сұлтан әскерлерінің құрамында болғандығын, бұл ханзадамен және оның туыстары Әбуға және Қанзафар Сұлтанмен бірге орыстарға қарсы соғысып, бұл ханзадалар әскерінің бөлігі болғандығын және олардың осынау байтақ кеңістікте бөлектеніп өмір сүргендігін анықтадым. Құшік Сұлтанның 1663 жылы түрік тілінде бір башқұрт бейіне берген фармандарының<sup>\*\*</sup> бірі Башкортостан ғылымдар Академиясы тарапынан 1943 жылы жарияланған-тын («Башқұрт АССР тарихына қатысты материалдар»). Біздің ата-бабаларымыздың бұл ханзаданың қозғалысына қатысқандығы шежіреде де айтылған. Бұл шежірені мен

<sup>\*</sup> Жер иелігі

<sup>\*\*</sup> Бүйрек.

Аскарово деревнясында тұратын Хидият-сопы атты кісінің үйінен көрдім. Мокас деревнясының «ногай юрматтары» және жоғарыда есімдері тілге алынған Бұрнақ пен Аллабердінің қазіргі уақыттағы ұрпақтарының шежіресін Башкортостан ғылымдар Академиясы 1960 жылы баспадан шығарды («Башқұрттар шежірелерінің» жинағы). Орыс деректерінде орыстарға қарсы 1664 жылы болған соғыста Күшік Сұлтан өскерлерінің құрамында 6400-дей ногай өскерінің болғандығы<sup>\*</sup> айтылады және башқұрттар «егер Күшік хан өзінің патшалығын құрғысы келсе, біз оның дербестігі үшін құресер едік деген-міс»<sup>\*\*</sup>. Көтерлістер басшыларының бірі Сұлтан Мұрат – Күшік Сұлтанның ұлы. Ол Қырым мен Стамбулда болып, түрік Сұлтанымен кездескен, ақырында Дағыстандағы соғыс барысында орыстар оны тұтқындалап, дарға асқан. Басқа бір басшының аты – Сұлтан Керей. Ол да Күшік Сұлтанның жақын туысы еді, орыстардан қашып Қарасақал және Шуна атын жамылдып жүрген. Біздің ауыл Күзеннің атымен аталады. Бұл бабамыздың қай кезде өмір сүргендігі белгісіз, тек ауыл маңындағы бір таудың аты да Күзен. 1956 жылы Башқұрт АССР ғылымдар Академиясы башқұрт және орыс тілдерінде 1757 жылы Телтим аймағы тарапынан Юрмат руының Стерли өзенінің сағасындағы жерлерін Сейттік (Қарғалылық) татарларға сатқандығы жөніндегі құжаттың фотографиялық нұсқасы берілген енбекті жариялады («Материалы по истории Башкирской АССР» атты сериялық кітапта). Бұл құжатқа қол қойған 42 біздің арасында Айдақ пен Чурактың да қолдары тұр. Біздің жерге деген құқықтарымызды растайтын және деревня тұрғындарының шыққан тегін анықтайтын құжаттар біздің отбасымыздың қағаздарының арасында сақтаулы.

Біздің ата-бабаларымыздың басшыларының есімдері – Сұлтанмұрат, Бақтыгерей, Сұлтангерей – ең сонғы уақытқа дейін халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, олардың аттары жаңа тұған нәрестелерге қойылатын әдет құшінде болатын. Біздің негізгі руымыз Суклы-Кай, сондай-ақ біздерге жақын руладар Санаклы-Кай, Юрактау-Кай, Таулы-Кай Кай атты немесе Кайлы руының құрамына кіреді. Осы жерге келгенге дейін бұл ру шығыс Оралдағы Ирен бойында тұрған деседі. Көшпелі тұрмыс кешірген Кай руының көппілігі батыс Башкортостанда тұрады. Исети Ялан-катаи және бізге жақын Урман-

---

\* Акты исторические, IV, 331 (ссылка З. Валиди).

\*\* Дополнения к актам историческим, IV, 284 (ссылка З.Валиди).

### **3.В.Тоган. Естеліктер.**

катаиде өмір сүрген көшпелілердің хандар заманында әскери топтар құрғандығы XVII ғасырдың тарихи деректерінен белгілі және Катай сілемдері және Кай-қалашығы сияқты атаулардан көрінеді. Біздің ауылдағы Унгут руы да көшпелі түрмис кешірген. Бұл ру Шыңғысхан заманында-ақ «Ақ-татар» деген атпен белгілі болған. Мен Кай, Катай рулары қарақытайлар кезінде башқұрттарға, ал Табын және Унгут рулары монғолдар заманында башқұрттарға келіп қосылған деп ойлаймын.

Шыңғыстық Шибан ұлдарының негізгі тірекі катайлардың көшпелі тайпалары еді және сондықтан Мәуараннахрды жауап алғаннан соң оларды «Катай хандары» деп атаған. Мұны XVI ғасырда өмір сүрген неміс елшісі Герберштейн де растайды. Менің әкемнің батыс Башкортостан ауылдарының жағдайынан хабары аз еді. Оның шығыстық башқұрттармен тікелей байланыста болатын. Мұны атабабаларымыздың Көшім ханның және оның ұрпақтарының орыстарға қарсы күресіне қатысқандығымен түсіндіруге болады. Он төрт жасқа толғанымда әкемнің қалауымен мені Жайық өзенінің жағасында жасаған Танғауыр руына жататын башқұрт Якшимбет Хажымахмұттың қызымен атастырып қойған екен.

Мәтінді аударған – Ә.Сайран

## МАЗМУНЫ, CONTENTS

### ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРИ

Бекжан О. <i>Bekzhan O.</i>	Араб жазулы екі жазба ескерткіштің оқылымы Reading of two sites written in arabic
Ас Н. <i>As Kh.</i>	Kül Tigin yaziti'nda geçen fiillerin Kazak türkçesindeki izleri The following verbs in Kultegin monuments in the Kazakh language

### ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Өмірбаев Е. <i>Umirbayev E.</i>	Исследование письменных памятников времён правления казахского ханства The study of written records since the reign of the Kazakh Khanate
------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

### ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Идельбаев М. Х. <i>Idelbayev M.Kh.</i>	Степной философ Асан Кайты и Мифтахетдин Акмулла Steppe Philosopher Asan Kaigy and Miftakhetdin Akmulla
Соегов М. <i>Soegov M.</i>	Гурт/бёри/мёджең ‘волк’ и его образ в древней и современной языковой картине мира Gurt/böri/möjek ‘a wolf’ and its image in an ancient and modern language picture of the world
Көлбаева М. <i>Kolbayeva M.</i>	Айтыш өнөрүнүн жекелик жана жалпылык белгилери Designation of individuality and generality in art aitys
Отениязов П.Ж. <i>Oteniyazov P.Zh.</i>	К вопросу сбора, издания и исследования каракалпакских народных сказок Karakalpak folk tales for the collection, publications and studies

### ТАРИХ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ

Қожа М. Жандарбек З. <i>Kozha M.</i> <i>Zhandarbek Z.</i>	Шынғысхан мен қазақ хандары туралы жаңа қолжазба New Manuscript about Chingiskhan and Kazakh Khans
Салғараұлы К. <i>Salgarauly K.</i>	Тегін білу - тектілік Knowledge of the ancestry of the nobility
Ергөбек Ш. <i>Ergobek Sh.</i>	Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіндегі саяси-қызықтық ойлар Political and legal thought in the infancy of the Kazakh Khanate

## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

Жолдасбаев С.	Археологиялық зерттеу кезінде кездесетін этникалық деректер
<i>Zholdasbayev S.</i>	Ethnic sources found during archaeological investigations
Бахтыбаев М.	Сырдарияның орта ағысындағы археологиялық ескерткіштерінде 1895-1905 ж. аралығында жүргізілген зерттеулер
Bakhtibayev M.	Study of archaeological monuments of the middle reaches of the syrdarya between 1895-1905 years

## ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАҢЫМ

Абушарип С.	Выживание в качестве нации и формирование патриотизма возможны под эгидой национального государства
<i>Abusharip S.</i>	A survival as nation and forming of patriotism are possible under the aegis the national state

## ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН

Navdar M.	Kadim Dinler ve Türklerin Kadim İnançları Hakkında Genel Değerlendirme
<i>Navdar M.</i>	Ancient religions and turks ancient beliefs about overview

## МЕРЕЙТОЙ

Өмірбаев Е.	Көрнекті түркітанушы, ұлагатты ұстаз – 75 жаста (Әжібай Керімұлы)
<i>Umirbayev E.</i>	Prominent scientist turkologist mentor 75 years (Azhibai Kerimuly)

## МИРАС

Кенжебаев Б.	Ханды арапалаған қараша The commoners protected Khan
<i>Kenzhebayev B.</i>	Аблай (Қазақ халқының ерлік тарихынан) Abylai (From the heroic history of the Kazakh people)

## ТҮЛІГА

3.B. Тоған Z.V.Togan	Аса көрнекті түрколог А.З.Валиди Тоғанның тұғанына 125 жыл 125 years of the great Turkologist Z.V.Togan Тұранның тұрпatty тарихшысы Prominent historian of Turan Естеліктер: Түркістан азаттығы үшін күрес тарихынан Memoirs: From the history of the struggle for the liberation of Turkestan
-------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

## БАЙЛАНЫС

Түркология ғылыми-зерттеу институты

Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: [turkologi@mail.ru](mailto:turkologi@mail.ru)

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы

Тәуекешан даңғылы № 7

Телефон: 8 (72533) 3-21-17

Факс: 8 (72533) 3-31-63

Журналдың электрондық нұсқасын [turkology.iktu.kz](http://turkology.iktu.kz) сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы оффсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.